


Ә. С. АҚАШЕВА
К. Ж. ДҮЙСЕБАЕВА

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ




ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

Ә. С. Ақашева
К. Ж. Дүйсебаева

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу-әдістемелік құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2013



*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
география және табиғатты пайдалану факультетінің
Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

география ғылымдарының докторы, профессор **О.Б. Мазбаев**
география ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Достай**
география ғылымдарының кандидаты, профессор **А.Т. Темірбеков**

*Авторлар ұжымы
пікір жазғандарға үлкен ризашылығын білдіреді*

Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж.

А 97 Географияны оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы.
– Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 175 б.

ISBN 978–601–04–0035–1

Оқу құралында география ғылымдарының дамуы мен қалыптасуы, Қазақстандағы географияны оқыту әдістемесінің қазіргі таңдағы деңгейі, география курсының білім тұжырымдамасы мен стандарты, география пәнін оқытудағы жаңа технологиялық, инновациялық әдістер, сыныптан тыс, сонымен бірге өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру туралы да жазылған. Оқу құралы жоғары және орта арнаулы оқу орындарының «050609-География» және «050116-География» мамандықтарының студенттері мен мектеп оқытушыларына арналған.

**ӘОЖ 91 (076.5)
КБЖ 26.8**

© Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж., 2013

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

ISBN 978–601–04–0035–1

КІРІСПЕ

«География» *гректің* «geo» – жер, «grafo» – сызамын, жазамын деген сөзінен шыққан. «География» жаратылыстану және қоғамдық пәндер цикліне жататын жалғыз ғылым. Физикалық география жер және оның қабықтарының жаратылысын, табиғи объектілерін зерттеп, жаратылыстану ғылымына, ал әлеуметтік-экономикалық география қоғамдық нысандар мен құбылыстарды қарастырып, қоғамдық пәндер цикліне енгізіледі.

«География» – ерте кезден-ақ дамыған ғылымдардың бірі. Оған дәлеліміз – ежелгі заманда тастар мен папирус қағаздарға сызылған карталар мен таңбалар. Алғашқы қауымда адамдар жабайы аңдарды аулайтын және өсімдіктерді теретін орындарды белгілеп отырды. Ал ғылыми тұрғыда география Аристотель, Платон, Гиппарх, Эротосфен, Птолемей, т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Жердің пішіні мен жаратылысы жөнінде қаншама пікірлер мен көзқарастар пайда болды.

Ерте дәуірде біршама жетістіктерге жеткен география ғылымы орта ғасырларда кереғарлықтың шырмауында қалып, тоқырауға ұшырады. Тек Ұлы географиялық ашылулар заманында қайтадан өрлеу жолына түсті. Х. Колумб, В. Гама, А. Веспуччи, Г. Гудзон, А. Тасман және орыс саяхатшыларының зерттеулері осының айғағы.

Қазақстанда да география ғылымдарының өзіндік даму жолы болды. Әсіресе араб, қытай жазбалары мен деректері, бертін келе Ресей ғалымдарының: Л.С. Берг, П.П. Семенов Тянь-Шаньский, Д.Л. Арманд, А.Г. Исаченко, т.б. еңбектерін атауға болады. Ш.Ш. Уәлиханов пен Қ.И. Сәтпаевтың зерттеулерін ерекше айтып өтуіміз керек.

Егемендік алғаннан кейін Қазақстан географиясында тың

серпін пайда болды. Осыған дейін аз көлемде оқытылып келген «Қазақстанның физикалық және әлеуметтік-экономикалық географиясы» 8-9 сыныпта 68 сағатпен жүргізілді. Пәнді оқытуға қосымша көптеген оқу-әдістемелік және көмекші құралдар пайда болды. Ә. Бірмағамбетов, Қ. Карпеков, Ә. Бейсенова, Ұ. Есназарова, А. Темірбеков, Е. Ахметов, Ш. Кәрібаева, К. Қаймулдинова, Н. Кәрменова, К. Мамырова, Б. Асубаев, Т. Увалиев, т.б. ғалым-педагогтар мен жаңашыл-әдіскерлердің бірнеше еңбектері жарық көрді.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында «География» мамандықтары бойынша қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының аздығы байқалып отыр. Көбісі орыс тілінде, интернеттен алынатын мәліметтер де осы тілде. Сондықтан біз студенттерге көмегі тисін деп осы оқу құралын жарыққа шығарып отырмыз.

1. ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1.1. География ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар мен педагогтар

1951 жылы мектеп институтының негізінде құрылған педагогикалық зерттеу институтының құрамында география секторы 1955 жылдан бастап зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Алғашқы жылдары сектордың ғылыми әдіскерлері тек қана Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын мектепте оқытудың мазмұны мен әдістемелерін жетілдіру жұмыстарымен айналысты. Институтта география секторының құрылуына үлес қосқан ғалымдар және сол кезде шыққан Қазақ ССР-нің физикалық география және экономикалық географиялары оқулықтары мен әдістемелерінің алғашқы авторлары М. Өтемағамбетов, П.Д. Устименко, М.Ш. Ярмухамедов, Г. Қоңқашпаев, Ә. Қазақбаев, О.О. Рутковский, Т. Ролник, Ә. Бірмағамбетов, т.б. болды. Сол жылдары М. Ш. Ярмухамедовтың «КСРО-ның экономикалық географиясының кейбір элементтері», М. Өтемағамбетовтің «Қаз ССР-нің физикалық географиясы», Ә. Қазақбаев, Б. Кереевтің «Мектептегі экономикалық география», О.О. Рутковский «Географияны политехникалық тұрғыдан оқыту», т.б. оқу-әдістемелік еңбектері жарық көрді.

Зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған алғашқы кезеңде республика мектептерінде географияны оқу әдістемесін жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөлінді. Институт қызметкерлерінің басшылығымен қазақ тілінде оқулық жазу ісі қолға алынды. 1959 жылы М. Өтемағамбетов, П.Д. Устименко алғаш рет қазақ және орыс тілдерінде «Қазақ ССР-нің физикалық географиясы» (7-сынып), 1960 жылы М.Ш. Ярмухамедов пен Г.

Қоңқашпаев «Қазақ ССР-нің экономикалық географиясы» оқулықтарын жазып, мектептерде оқытыла бастады. Алғашқы жылдары бұл пәндерді оқытуға 8-12 сағат берілді, бұның өзі оқушыларға республикамыздың физикалық және экономикалық географиялық жағдайы жайлы білім беруде үлкен жетістік болды. Ғалым-әдіскерлер географияны оқыту әдістемесін жетілдіру мәселесін қолға алып, республика мұғалімдері алдында дәрістер оқып, қосымша оқу-әдістемелік құралдар жазып, шығара бастады.

1962 жылы мұғалімдерге көмекші құрал ретінде ұстаз-ғалым, география ғылымдарының кандидаты Ә. Бірмағамбетов «Қазақстанның физикалық географиясы» бойынша алғаш рет «Хрестоматия» жазып шығарды.

1972 жылы Алматыда одақтық Педагогика ғылымы академиясының оқытудың мазмұны мен әдістері ғылыми-зерттеу институтының қазақ филиалы ашылды. Филиалдың алдына қойған мақсаты жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша білім мазмұнын жетілдіруге байланысты бағдарлама, оқу-әдістемелік кешендерді ұлттық мектепте оқытуға сәйкестендіру, аталған пәндерді оқытудың өзекті мәселелерін анықтау болды.

1972-1987 жылдар аралығында қоғамтану мен географияны оқыту зертханасы жұмыс істеді, оны педагогика ғылымдарының кандидаты Т. Тұрлығұлов басқарды. Зертхана қызметкерлері «Қазақстанның ұлттық мектептерінде тарих, қоғамтану, география пәндерін оқытудың тиімділігін арттыру» мәселелерін зерттеумен айналысты.

1987-1990 жылдары «Ұлттық (қазақ) мектептерде оқытудың тәрбиенің мазмұны мен әдістерін жетілдіру» мәселесі бойынша ғылыми қызметкерлер К. Тілеубергенова, К. Мамырова, Ш. Кәрібаева, Б. Төлегенова зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде бірнеше ғылыми мақалалар мен мұғалімдерге көмекші құралдар жарық көрді. Мысалы, «Географияны оқытудың әдістемелік нұсқаулары» (К. Тілеубергенова, К. Мамырова).

1991 жылы «Базалық мектеп» зертханасы ашылып, оны педагогика ғылымдарының кандидаты А. Мәженова басқарды. Зертхана қызметкерлері «Қазіргі мектептердегі жаңа потенциалдық

жағдайлар негізінде оқу процесін қамтамасыз етуді жетілдіру» тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарымен айналысты. Географ-ізденуші ғалымдар (К. Мамырова, Ш. Кәрібаева) «Қазақ мектептеріндегі географиялық білім мазмұнының республикалық компонентін анықтау» мәселесі бойынша зерттеу жұмысын жүргізді.

1992 жылы ақпан айында қазақ филиалы Б. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтымен қосылып, география тобының ғылыми қызметкерлері қазіргі мектепті ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мәселелерімен айналысты. Нәтижесінде «Қазақстан Республикасы мектептерінде географиядан білім беру тұжырымдамасы» (Е. Ахмедов, т.б.) және «Географияны оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулар» (Е. Ахмедов, І. Ысмайылова, К. Мамырова, Ш. Кәрібаева) дайындалды.

1993-1998 жылдар аралығында химия, биология, географияны оқыту зертханасы жұмыс жасады. Зертхананы педагогика ғылымдарының кандидаты К. Сарманова басқарды. Сол кездегі географияны оқыту әдістемесімен шұғылданған ғылыми қызметкерлер К. Мамырова, Ш. Кәрібаева, Р. Төлегенова, Г. Түсіпбекова, Г. Әлібековалар География пәнінің мазмұны мен оқыту әдістерін жаңартудың ғылыми-әдістемелік негіздері тақырыбы төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, географиялық білім мазмұнын, құрылымын және көлемін айқындады. Нәтижесінде 1998 жылы географиядан білім беру стандарты жасалды (К. Мамырова, Ш. Кәрібаева). Осы жылдар аралығында ізденуші ғалымдар К. Тілеубергенова «Қазақстан географиясын оқыту үдерісінде өздік жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемелік жолдары», Р. Төлегенова «Физикалық географияны оқыту үдерісінде оқушылардың экологиялық білімдерін дамыту жолдары» тақырыптары бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғап, географияны оқыту әдістемесінде өз үлестерін қосты.

1998-1999 жылдар аралығында химия, биология, географияны оқыту зертханасына педагогика ғылымдарының докторы, профессор И.Н. Нұғыманов басшылық жасады. Ізденуші әдіскер-ғалымдар К. Мамырова мен Ш. Кәрібаевалар «Географияны оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңартудың ғылыми-

әдістемелік негіздері» және «Қазіргі мектептегі оқу үдерісін оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету» тақырыбы төңірегінде зерттеу жұмыстарын жалғастырды.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде: а) географиядан білім берудің базалық мазмұнының ғылыми-әдіснамалық негіздемесі; ә) географиядан білім беру стандарты; б) география пәні бойынша 5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламалары; в) жаңа буын оқулықтарының авторлық тұжырымдамалары жарық көрді.

Қоғамның білім беру жүйесінің алдына қойып отырған әлеуметтік тапсырысына сай, 1998 жылы қараша айында ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі «Жалпы білім беретін орта мектептердің жаңа буын оқулықтары мен әдістемелік кешендерін жасау конкурсын» жариялады. Осыған орай, Ы. Алтынсарин атындағы қазақтың Білім академиясының орта және кәсіптік білім беру институтына республикамыздың жоғары оқу орындарының, колледждердің, мектептердің ғалым-оқытушыларының мектеп географиясының жеке курстары бойынша жазған оқулық қолжазбалары ашық конкурсқа жіберілді. Конкурс қорытындысы бойынша негізгі мектепке арналған география пәні бойынша төл оқулықтарды жазатын авторлар тобы белгіленді. Олар: Ә. Бірмағамбетов, К. Мамырова («Физикалық география. Бастапқы курс») Ә. Бейсенова, С. Әбілмәжінова, К. Қаймулдинова («Материктер мен мұхиттар географиясы»), К. Карпеков, Ә. Бейсенова («Қазақстанның физикалық географиясы»), Е. Ахмедов, Ш. Кәрібаева, Н. Кәрменова, Б. Асубаев («Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы»).

2000 жылы география пәнін оқытудың әдістемесі бойынша «Негізгі орта мектепте географияны оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдірудің дидактикалық және әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу тақырыбына б.ғ.к., доцент К. Иманқұлова жетекшілік етті. Зерттеудің нәтижесінде географияның жаратылыстану пәндерінде алатын орны, соған сәйкес оны оқытудың мақсаты, міндеттері және мазмұны анықталды. Осы жылдан бастап жаңа буын оқулықтары («Физикалық география. Бастапқы курс», «Материктер мен мұхиттар географиясы», «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы») «Атамұра» және

«Мектеп» баспаларынан жарық көріп, республикамыздағы арнайы мектептерден кезең бойынша байқаудан өткізіле бастады.

2002 жылы мектептегі географиялық білім мазмұнын берудің жаңа тәсілдерін сараптаудың нәтижесінде мазмұны, құрылымы жөнінен ерекшеленетін ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті географиядан білім стандарты жарық көрді (авторлар Ә. Бейсенова, Ш. Кәрібаева, т.б.) және төл оқулық «Физикалық география. Бастапқы курс» б-сынып (авторлар Ә. Бірмағамбетов, К. Мамырова), осы сыныпқа арналған әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық материалдар, оқушыларға арналған жұмыс дәптері мектепке енгізілді.

Сонымен қатар мұғалімдерге көмекші құрал ретінде ұстазғалым, п.ғ.д., профессор Ұ.Ә. Есназарова «Қазақстанның физикалық географиясы» пәнін оқыту әдістемесі, «Жаратылыстану» оқулығы мен жұмыс дәптерін және «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәні бойынша жұмыс дәптері мен тест сұрақтарын жазып шығарды.

2. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТЕКСЕРУ ЖОЛДАРЫ

2.1. Географиялық білім беру түрлері

География сабақтарында білім түрлерін берудің жан-жақты жолдары бар. Мысалы, сабақта қай тақырыпқа болмасын ғылыми-теориялық әдебиеттер, оқу-әдістемелік құралдар, көрнекіліктер, бейне таспалар пайдалануға болады. Қазір жаратылыстану, география пәнін жүйелі оқыту әрбір мұғалімнің алдына үлкен жауапкершілік жүктеуде. Пәнді жүйелі оқытуда білімнің бірнеше түрі қамтылды. Атап айтқанда, геологиялық, геоморфологиялық, климатологиялық, картографиялық, топонимикалық, номенклатуралық, тарихи, экономикалық және экологиялық білімдер.

Геологиялық-геоморфологиялық білім беру арқылы оқушылар жер қыртысының тұрақты және оның даму барысында үздіксіз өзгеріп отыратыны жөнінде көптеген деректерден теориялық ұғым алады. Бұл деректер өсімдіктер мен жануарлардың ұзақ уақыт табиғи жолмен дамығанын қуаттайды. Сондықтан жердің пайда болуымен ондағы тіршіліктің дамуы жөніндегі ғылыми-геологиялық көзқарастар табиғаттың барлық құбылыстарын материалистік тұрғыдан түсіндіруде ерекше орын алады.

Геологиялық білім халық шаруашылығының түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Осы білімнің арқасында түрлі кендердің, мұнайдың, көмірдің, темірдің тағы басқа да пайдалы қазбалардың қоры ашылып отыр. Тек геологиялық білімге сүйену негізінде әртүрлі инженерлік ғимараттарды (үйлерді, көпірлерді, жолдарды, платиналарды, туннельдерді, қорғаныс тораптарын) барынша берік етіп, қаржыны, еңбекті, уақытты барынша аз жұмсай отырып тұрғызуға болады. Өндіргіш күштердің

дамуы, төңіректегі әлем жөнінде адамзаттың ғылыми тануының тереңдеуі барысында геология да дами түсті.

Ал мектеп оқушыларына геологиялық-геоморфологиялық білім географияның физикалық курсына 5-сыныптан бастап беріледі. 5-сынып оқулығы «Жаратылыстану» пәнінде жерді ғаламшар ретінде қарастырып, ондағы табиғи құрам бөліктерімен (ауа, су, тау жыныстары, өсімдіктер және жануарлар дүниесімен) танысады. Мұнда оқушылар 2 бағытта, біріншіден, заттар мен денелердің сыртқы құрамын оқиды, екіншіден, тәжірибе жүргізіп, оның нәтижесін бақылайды.

Оқулықтағы «Жер – Күн жүйесінің ғаламшары» тақырыбында, бірінші бағытта дайын оқу материалын оқиды, Жер туралы, оның сыртқы пішіні, құрылысы жайлы теориялық білім алады. Ал «Тау жыныстары» тақырыбында екінші бағытта оқытылады. Мектептегі «Пайдалы қазбалар мен минералдар» жинақтамасымен оқушылар тәжірибе жасауда танысады. Жинақтама жасау үшін оқушыларды өздері тұратын жергілікті жерге танымжорыққа, яғни тастар жинатқан жөн. Сонда заттарға сипаттама беру арқылы оқушылардың тау жыныстарын көзбен көріп, танып, ойлау қабілеті дамиды. Осындай оқыту жұмыстары оқушылар үшін өте қолайлы және теориялық білімді терең меңгертуге, есте сақтауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің берген тәжірибелі білім сапасы оқушылардың өзіндік танымдылық деңгейін дамыта түседі. Мұны игерген оқушылар тәжірибеде нәтижеге дұрыс көз жеткізе отырып, тапсырманы жүйелі түрде орындайды. Оқу материалдарының мазмұнын жақсы меңгеріп, жауап бергенде толық, дәлелдей отырып жеткізуге тырысады. Олардың сөйлеу қабілеті дамиды. Сондықтан оқушылар физикалық географиядағы алғашқы геологиялық-геоморфологиялық терминдерді жақсы сақтауы үшін сабақта әдістемелік жұмыс дәптерін, кескін карта, картаның түрлерін, сызбаларды кеңінен пайдаланған жөн. Сол сияқты төменгі сыныпта оларға ойын топтық жарыс ұйымдастыру арқылы оқушылардың қызығуын арттыру қажет. Өлкетану үйірмелеріне қатыстырып, танымжорық сабақтарын өткізу қажет.

Климатологиялық білім физикалық география курсына жер бетінің климатын оқығанда беріледі. Жер бетінің климатын,

оның ерекшеліктерін, факторларын анықтайтын ғылым климатология деп аталады. Орта мектептерде климатологиялық білім оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты беріледі. Ауа райы құбылыстарымен күнделікті өмірде кеңінен кездесеміз. Сондықтан ауа райы, климатының ерекшелігін, олардағы болып тұратын құбылыстар мен өзгерістерді білу адам баласына өте қажет-ақ. Ал бұл қажеттілікті климатологиялық білім беру арқылы жүзеге асырамыз.

Картографиялық білім оқушылар картамен жұмыс істеу кезінде беріледі. География курсы оқығанда тақырыпқа сай көрнекіліктің бірі – тақырыптық карталар мен глобус. Әрбір географиялық картаның өзіндік маңызы бар. Біреулері өндіріс орындары үшін қажет болса, енді біреулері экспедициялар, саяхаттар үшін қажет. Картографияның дамуы физикалық және экономикалық географиямен тығыз байланысты. Картаны ғылыми зерттеулерде, халық шаруашылығында, әскери жұмыстарда, орта мектептерде, арнаулы жоғары оқу орындарда кең пайдаланады. Мектепте карта тек көрнекілік құрал ретінде қолданылады. Географиялық картаның адам өмірінде алатын орны ерекше.

Картографияның дамуына дүниежүзі ғалымдары өз үлестерін қоса білді. Атап айтқанда, Гиппарх, Птолемей, М. Бехайм, Г. Меркатор, С.У. Ремезов, И. Кирилов, М.В. Ломоносов, С.Н. Красовский, М.Д. Соловьев, Н.Н. Баранский, П.П. Семенов Тянь-Шаньский, Н.Н. Северцов, Ш.Ш. Уәлиханов, Л.С. Берг, Қ.И. Сәтпаев, т.б.

Номенклатуралық білім. Оқушыны картамен жұмыс істегенде географиялық атауларды меңгеріп отырса, номенклатуралық білімі қалыптасады.

Егер оқушы өзінің оқыған географиялық атауларының шығу тегі мен танысып, тоқталып, мән беретін болса, *топонимикалық білімі* бекітіледі. Мыңдаған жылдар ішінде, қалыптасқан географиялық атаудың бірін топонимика деген. Бұл ғылымның айтылуы, өзінің дамуы, өмір сүру формасы және өз заңдылықтары болады. География сабақтарына қандай талап қойылса, топонимикалық білім беруде де осыны ескерген жөн болады. Себебі мұғалім топонимикалық білімді теория жүзінде жеткізеді. Топонимикалық атау кездейсоқ болмайды.

Қазақстанның жер-су аттары әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған. Филология ғылымдарының кандидаты А. Әбдірахманов Қазақстан жеріндегі атауларды мынадай топқа бөледі.

Алтай дәуіріндегі атаулары: Қапшағай, Сайрам.

Көне түркі дәуіріндегі атаулар: Алматы, Аякөз.

Көне қазақ тіліндегі атаулар: Қарағанды.

Жаңа қазақ тіліндегі атаулар: Алатау.

Басқа елден енген атаулар:

Моңғол тілінен – Зайсан, Кеген. Угор тілінен – Мұғалжар.

Орыс тілінен – Гурьев, Кереку, Целиноград, т.б.

Тарихи білім – мұғалімдердің оқушыларға беретін білім түрінің бірі. Бұл білімге Қазақстан территориясында жүргізілген тарихи-географиялық зерттеулер, тарихи, археологиялық, этнографиялық және басқа пайымдауларды өрбітіп, нақтылау негіз болады. Мектеп оқушыларына тарихи білім беруде аса көрнекті ғалымдардың карталары, сызбанұсқалары, еңбектері туралы мағлұмат беріп, осыған қосымша шығармашылық ізденіс ретінде жазу, суреттемелер жинау арқылы қызығушылық туғызуға болады.

Экологиялық білім – оқушыларды өз Отанын сүюге, табиғатын қорғауға, қазба байлықтарды тиімді пайдалануға, ауа, су, топырақты ластаудан қорғауға үйретеді. Бұл қазір бүкіл әлем алдында тұрған үлкен мәселе болып отыр.

2.2. Теориялық және эмпирикалық білім түрлері

Теориялық және эмпирикалық білім. Мектепте оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалім мектеп географиясының ғылыми-әдістемелік мазмұнын түсінумен қатар жеке курстардың да мазмұны мен идеяларын білуі тиіс.

Жалпы, мектеп географиясы мазмұны мынадай құрамдас бөліктерден тұрады: білім, іскерліктер мен дағдылар және шығармашылық іс-әрекеттер тәжірибесі. Осылардың ішінде оқу бағдарламасында білім мен іскерліктер нақты қарастырылған. Бағдарламада және оқулықтарда география мазмұнының құрамдас бөліктері қалай көрініс тапқан? Көптеген педагог ғалымдардың көзқарасы бойынша географияның (физика, биология, тарих және т.б. пәндермен қоса) негізгі оқу мазмұны ғылыми пәндік

білім болып табылатын оқу пәндері тобына жатады. Ал шетел тілдері, сызу, дене тәрбиесі сияқты кейбір пәндерде іс-әрекеттер тәсілдері немесе іскерліктер мен дағдылар негізгі орында тұрады.

Географиялық білім теориялық және эмпирикалық болып бөлінеді. Теориялық білім құбылыстар мен заттардың мәнін ашады, олардың ішкі байланыстары мен қатынастарын көрсетеді. Ол ұғымдардан, заңдылықтардан тұжырымдамалардан және себеп-салдар байланыстарынан тұрады. Эмпирикалық білім құбылыстар мен нысандардың сыртқы ерекшеліктерін ашады. Бұлар фактілер мен сипаттамалар, атаулардан құралады.

Географиялық білімді игеру ерекшеліктері мен олардың оқулықта баяндалу тәсілдері де әртүрлі (сызбада көрсетілген).

Бүгінгі күнде мектеп географиясы мазмұнын дамытудағы алда тұрған мәселенің бірі – бұл теориялық білімдер мен эмпирикалық білімдердің арақатынасын анықтау.

Оқу мазмұнында эмпирикалыққа қарағанда теориялық білім үлесі көп болса, онда мазмұнның ғылыми деңгейі де жоғары болады. Сондықтан теориялық білім іргелі (фундаменталды) білім болып саналады. Осыған орай, білім беру үдерісінде оқушыларды осы іргелі білімді алуға бағыттауымыз қажет. Өйткені фактілер мен жеке ұғымдар, анықтамалар және құбылыстардың сыртқы көріністерін сипаттау заңдылықтарды, жалпы ұғымдарды түсініп, олардың себеп-салдар байланыстарын ашу үшін қажетті білім болып табылады. Сондықтан да тек эмпирикалық біліммен ғана шектелу география мазмұнын толық меңгеруге жатпайды.

Орта мектептегі оқу үдерісі оқушылардың негізгі мазмұнды қабылдаған бағдарламаларға сай меңгеруіне бағытталады. Сондықтан мұғалімдердің оқу материалдары мазмұнын таңдау кезінде оқу үдерісін бағдарламадағы «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» бөлімінде келтірілген білім мен іскерліктерді негізге ала отырып, жүргізгені дұрыс. География бағдарламасы геологиялық-геоморфологиялық, гидрологиялық, климатологиялық, табиғат кешендері, дүниежүзінің саяси картасы, халқы мен табиғат қоры, салааралық кешендер, экономикалық аудандар және т.б. курстан-курсқа дамытылып отыратын бірнеше білім топтарынан тұрады. 2003 жылы шыққан Жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныбына арналған

бағдарламада білім компоненттері: атауларды, географиялық қабық компоненттерін және т.б. атай немесе көрсете алуы, жер бедерінің негізгі пішіндерінің таралуын, әрбір материктерге тән өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін және т.б. сипаттай алуы: «Табиғат кешені», «географиялық қабық», «табиғат белдемі» ұғымдарының мағынасын, жеке аймақтар мен елдердегі дәстүрлі шаруашылық түрлерін және т.б. ұғымдар мен заңдылықтарды, себеп-салдар байланыстарын оқушылар түсіндіре алуы тиіс деген талаптар қойылады.

Оқулықтарда осы талаптар қалай жүзеге асырылады? Сызбада көрсетілгендей, оқулықтың негізгі мәтіні түсіндірме, ақпараттық-сипаттама және нұсқаулы мәтіндер түрінде беріледі. Түсіндірме мәтінде ұғымдар мен заңдылықтардың себеп-салдардың көмегімен шындық болмысты нақты құбылыстардың мәнін ашуға мүмкіндік туады. Сондықтан жаңа буын оқулықтарында географиялық білімнің негізін қалайтын түсіндірме мәтіндердің көп болуы қажет.

Ақпараттық-сипаттама мәтіндер қарастырылатын құбылыстар мен нысандардың сыртқы көрінісін сипаттайтын мәтіндерден тұрады. Бұларға қойылатын негізгі талаптар – келтірілген дәйектердің дәлдігі, ұсынылатын мәліметтердің оқушылардың қабылдауына және есте сақтауына лайық мөлшерде болуы.

География мазмұнының екінші бір құрамдас бөлігі – іскерліктер мен дағдылар. Бағдарламада оқушылардың анықтай немесе өлшей алуы тиіс, яғни іскерліктеріне қойылатын талаптар тізбесімен, сонымен бірге іс-әрекеттер тәсілін қалыптастыратын сарамандық жұмыстар арқылы көрініс тапқан. Іскерліктер мен дағдылардың рөлі географияны оқыту үдерісінде жылдан-жылға артып келеді. Оның себебі соңғы кездерде білім беруде қойылатын талаптардың бірі – оқушыларды өз бетінше білім алуға дайындау.

Ал оқулықтарда нұсқаулы мәтіндер оқушылардың белгілі бір білім алуға қажетті іс-әрекеттер тізбесін (нысандардың географиялық орнын анықтау, климаттық карта негізінде аумақтың климатына сипаттама беру, ауданның экономикалық-географиялық жағдайына сипаттама беруге арналған жоспарлар мен нұсқаулар) көрсетеді.

Осы бағдарламалар мен оқулықтарда көрсетілген география мазмұны компоненттерін мұғалім оқушыларға меңгерту барысында сабақ жоспарында, сабақтың әдістері мен оқытуды ұйымдастыру пішіндерін таңдау да қарастырғаны маңызды.

2.3. Оқушылардың білім сапасын арттыру

Қазіргі таңда жас жеткіншектерге сапалы білім беру жолдарының бірі сабақтарда жергілікті материалдарды пайдалану, әсіресе ауыл мектептері жағдайында әр пәнге, әр салаға қажет.

Мектептегі басқа пәндер тәрізді география сабақтарында жергілікті жердің материалдарын пайдалану, яғни ауыл экономикасын, жер-су атауларын, климатын, топырағын, өсімдігі мен жануарын, шаруашылығын оқытудың пайдасы үлкен.

Оқушы білімінің сапасын арттыру оның көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыру, дамыту үшін сабақтарда жергілікті жердің материалдарын, оның ішінде зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сабақта тиімді қолдана білу қажет. Себебі ауылда өсіп, табиғатпен, қоршаған ортамен етене жақын болған жас жеткіншек манайындағы заттар, жануар, өсімдік, жер бедерін, ондағы құбылыстарды көре өсті, ол туралы өзіндік білім жинақтайды. Осы білімді мектепте ғылыммен ұштастыра білсе, алынған білім оқушының есінде мәңгі қалары анық. Сондықтан осы мақсатқа жету үшін сабақты ұйымдастыруда мынадай ұстанымдарға сүйенеміз:

1. Оқушыға айтылған материалдар түсінікті және жеңіл болуы керек. Егер түсініксіз болса қарапайым түрде түсіндіру.

2. Сабақты сарамандық жұмыстармен байланыстыра өткізу.

Сабақта нақты материалдарды пайдалану, оқушының білімді игеруіне, білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Сабақты ғылыми негізде оқыту.

Мектеп жанындағы географиялық алаңда ауа райына бақылау жүргізіледі. Осы бақылау нәтижелерінен қорытынды шығарып оны күнделікті сабақтарда пайдаланудың пайдасы үлкен. Себебі оқушыға сапалы білім беруде тақырып материалының мазмұнын меңгеру жеткілікті болмайды. Сондықтан білім сапасын арттыру, оны еске сақтау үшін оқушыға түрлі тапсырмалар орындауды қажет етеді. Ол үшін география сабақтарында ауа райын

бақылаудың нәтижелері қолданылады. Мысалы, 8-сыныпта «Маңғыстаудың климат құрушы факторлары» тақырыбындағы сабақта оқушыларға Маңғыстау климатын құрушы жағдайлар туралы ғылыми түсінік беру (білімділік), өз елінің климатын түсіндіре отырып, өз жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу (тәрбиелік), әртүрлі білім көздерімен жұмыс жасауға үйрету (дамытушылық) мақсатын қойды. Осы тақырыпта Маңғыстау облысына арктикалық, қоңыржай, тропиктік ауа массаларының әсері, олардың қасиеттері туралы айтылған. Тақырып бойынша алған білімдерін пайдалана отырып, оқушы білімін толықтыру үшін «Ауа райын бақылау» нәтижелерінің қорытындысын пайдаланады. Егер бір жылда 365 күн болса, онда 1/3-де батыс, яғни қоңыржай ауа массасы және 1/3-де шығыс, яғни арктикалық ауа массалары басым, ал жаз айларында тропиктік ауа массаларының оңтүстік-шығыс жақтан соғатынын оқушылар өздері есептеп, өздерінің алған теориялық білімін тәжірибе жүзінде дәлелдеп шықты.

2.4. Оқушылардың білімін бағалау және тексеру

Оның негізгі мақсаты – оқушы іс-әрекетінің қорытындысын шығару және келесі сабаққа дайындығын анықтау. Оқу үдерісінің құрылымына сай тексеру үшке бөлінеді: күнделікті, тарауды қорытындылау, курсты толығымен қайталау.

Мұғалім тексеру сұрақтары мен тапсырмаларын құрауда оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері мен түрлерін ескере отырып, жеке оқушыларға, топқа арналған сұрақ-тапсырмалармен қатар жаппай (фронтальный) тексеру жолдарын іздестіреді.

Егер де оқушы жауабы теориялық жағынан дұрыс, термин атауларына толық жауабы бар, карта, дәптерлерінде сарамандық жұмыстар дұрыс орындалған, заңдылықтарды аша білсе, өздігінен қорытынды жасай алатын қабілет көрсетсе, жоғары бағаға ие болады. Егер де оқушы тірек-конспектіні, географиялық дәптерді, кескін картаны, атласты пайдалана білсе, онда ол оқушы білім деңгейінің дұрыстығын көрсетеді.

Оқушы өз білімін жазбаша түрде де көрсете алады. Үй тапсырмаларын орындауға ерекше назар аударған жөн, берілген тапсырманы тексеріп отырмаған жағдайда оқушының үй жұмысын мұқият орындап отыру ережесі бұзылады.

Берілген тапсырма өз уақытында тексеріліп, бағалануға тиісті. География оқулығының ірі тарауларын түсінген, түсінбегенін анықтауда оқулықтағы қорытынды сұрақтар мен тапсырмалардың маңызы зор.

Мысалы, оқушының «План және карта» бойынша карта сызбамен жұмыс істеуі масштаб, азимут, шартты белгілерді, картаны оқу, сызу қабілетін бағалауға мүмкіншілік береді. Ұқыптылыққа үйретеді. Оқушылардың жергілікті жердегі сарамандық жұмыстарын дұрыс орындауға алғы шарттар жасайды.

Білімді тексеру жүйесі. Білімді ауызша тексеру

Білімді тексерудің басты мақсаты – өткен материалды оқушылардың қалай игергенін тексеру. Яғни олардың білім деңгейлерін, іскерлігі мен дағдысын тексеру, сонымен қатар бұл тексерулер оқушылардың іскерлігі мен дағдысын жетілдіруге және қалыптастыруға көмек береді.

Тексерудің басты нысаны – бұл географиялық карта мен материалды білу, географиялық көріністердің байланыс себебін түсіну, практикада алған білімін қолдана білу және өз бетінше білімін жетілдіру. Мұғалім оқушылардың географиялық терминдер мен атауларды дұрыс айтуларын, географиялық нысандарға түсініктеме беруін, орналасқан аймақтарды картадан дұрыс көрсетуін және ауызша түсінік беруін тексерулері керек.

Бұл тексерулер оқушылардың картамен жұмыс істеулеріндегі дағдысы мен іскерлігінің деңгейлерін және жинақтаған білім қорларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тексерулер жүйелі және жоспарлы болады. Оны бағдарламаның барлық тақырыптары бойынша жүргізу керек. Негізінен, сабақта мұғалім өтіліп жатқан және алдыңғы өткен сабақтардың оқушыларға әсерін тексеріп отырады.

Білімді тексеру ауызша және жазбаша түрде болады. Әрбір тәсіл екі формада қолданылады. Ауызша индивидуалды тексеру кезінде мұғалім, оқушыларға сұрақ қоя отырып, оларды тақтаға шақырады. Ауызша тексерудің бұл формасы оқушылардың әрқайсысын жан-жақты білуге жағдай жасайды.

Оқушылардың білімін, білігін және дағдысын тексеру – оқыту үдерісінің ең маңызды бөлімінің бірі. Білім, білік, дағдыны

тексерудің басты мақсаты – оқушының үлгерімін үнемі қадағалау. Жүйелі түрде тексерудің диагностикалық, білім беру және тәрбиелік маңызы өте зор.

Оқушылардың білім дәрежесі оны тексеру әдісімен де тығыз байланысты. Тексеру барысында бағдарлама талаптарында көрсетілген нәтижелер қаншалықты жеткізілгені анықталып, қорытынды нәтижесі дұрыс бағаланады.

Дидактикалық белгілеріне қарай білімді тексеру күнделікті, алдын ала, қорытындылау деп бөлінеді. Әдістеме бойынша ауызша, жазбаша, эксперименттік (сарамандық) деп бөлуге болады.

Тексеру жүйесі белгілі мақсатқа жету үшін жоғарыда аталған түрлердің барлығын қолдануды қажет етеді. Мысалы, алдын ала тексерудің мақсаты – жаңа материалды игеруге қажетті білім, білік, дағды деңгейін анықтау болып табылады. Мұндай тексерудің нәтижесінде мұғалім оқушылар біліміндегі олқылықтарды дер кезінде байқап, анықтап, қосымша сабақ, кеңес ұйымдастыра алады. Алдын ала тексеруге арналған сұрақтар мектеп бағдарламасына сәйкес құрылады.

Күнделікті тексерудің мақсаты – мұғалім күнделікті жұмыс барысында пән бойынша әрбір оқушының білім, білік және дағдысын жекелей тексеру. Мұндай тексерудің нәтижесінде оқушылардың жалпы үлгерімін қадағалауға үлкен мүмкіндік туады. Оқушы білімін күнделікті тексеріп отырмаған мұғалімнің сабақты дұрыс ұйымдастыруы, жалпы жұмысты бағдарлауы да қиындай түседі. Күнделікті тексеру үшін әртүрлі әдіс – жеке және қосымша сұрау, жазбаша бақылау жұмысы, күнделікті бақылау, сарамандық сабақта бақылау, жазбаша үй жұмысын тексеру, үйде жүргізген сарамандық жұмысты және танымжорық қорытындысын тексеру, экрандық құралдарды, қойылымдарды көру нәтижесі бойынша есеп қолданылады.

Алайда жоғарыда аталған әдістер білім, білік және дағдыны тек белгілі бір жағынан тексеруге мүмкіндік береді, сондықтан тексеру барысында түрлі әдісті қолдану қажет.

Мерзімді (периодты) тексеру. Бұл оқушылар білімін күнделікті тексеру нәтижесі ескеріліп жүргізіледі. Ол тоқсан соңында, жарты жылдықтан кейін немесе тақырыпты, тарауды өткен соң белгілі бір мерзім ішінде ұйымдастырылады.

Мұндай тексеруді жоғары сыныптарда сынақ ретінде жүргізу өте қолайлы. Сынақ алу арқылы оқу материалдарын бірнеше бөлікке бөліп, оқушылар білім деңгейін оқыту нәтижесінде қойылатын міндетті талаптарға сай келуін тексереді.

Көбінесе тақырыптық және қорыту сынағы жиі қолданылады. Сынақ нәтижесі екі балды шкала бойынша, яғни «сынақ», «сынақ емес» деп бағаланады. Әрбір оқушы курс бойынша белгіленген барлық сынақты тапсыруға тиіс. Егер оқушы берілген тапсырманың 70-80 пайызын дұрыс орындаса, сынақ жұмысы қабылданып, одан төмен көрсеткіште қайта тапсыру қажеттілігі туады.

Қорытынды тексеру мемлекеттік емтихандарда жүргізіледі. Тексерудің барлық түрін, әдісін, пішінін, қажетті жағдайда, жүйелі түрде дұрыс қолдану оқыту сапасын жоғарылатып, оқушылар үлгеріміндегі жетіспеушілікті дер кезінде ашуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың білімін тексерудің түрлі әдіснамалық астарлары Ю.К. Бабанский, Т.И. Батурина, И.И. Кулибаба, В.П. Беспалько, И.Г. Краснянская, И.А. Раппопорт, В.Л. Рысс, т.б. еңбектерінде қарастырылады. Мысалы, Ю.К. Бабанский оқушылардың білім, білік, іскерлігін тексеру ұстанымы деңгейін оқытуда өзін-өзі тексеру және жан-жақты, жылдам әрі қолайлы тексеруді қамтамасыз ету ұстанымы деңгейіне дейін көтерді. Ол жүйелі тексеруді ұйымдастыру қоғамдық сұраныстан, яки мектеп жұмысы тиімділігінің дәрежесі жайында күнделікті ақпараттың қажеттілігінен туындайды деп атап көрсетеді.

Ұзақ уақыт оқыту үдерісінде білім деңгейін тексеру барысында ауызша сұрау қолданылды. Бұл оқушылардың өз ойларын сөзбен дұрыс жеткізуге, сұрақтарға толық жауап беруге үйретеді. Алайда ауызша тексеру ұзақ уақыт алады және 3-4 оқушының ғана білімі тексеріліп, олардың пәнге қызығуын, таным әрекетін төмендетуі мүмкін. Сондықтан соңғы кезде оқушылардың білімін тексерудің жолдары мен әдістері, оны өлшеу құралдары көбейіп, сынақтан өткізілуде.

Әр пән бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар бұрынғы бағдарламаларда болады. Бірақ ол талаптар білім мазмұнының жалпыға бірдей бір деңгеймен ғана анықталатындықтан, оқу үдерісін оқушылардың жеке бас

ерекшеліктерін (қабілетіндегі, икемділігіндегі, жалпы дамуындағы, т.б.) ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді.

Жана оқу бағдарламалары жобасында бастауыш білім мазмұны оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар түрінде екі деңгеймен беріледі:

1. Оқу материалының мектеп ұсынатын базалық (инварианттық) деңгейі.

2. Оқушылар дайындығының ең аз (минималды) қажетті деңгейі (міндетті деңгей).

Оқушылардың меңгерген білім мен біліктерінің міндетті деңгейіндегі талаптарға қаншалықты сай екендігін арнайы тапсырмалар арқылы бақылап, тексеруге болады. Тапсырмалар міндетті деңгейіндегі талаптардың мазмұнын толық қамтитындықтан, олардың орындалу нәтижесі пәнінен алған оқушы білімі мен біліктердің объективті жағдайын көрсетеді. Бұл тапсырмалар нәтижесінде мұғалім өзін бақылауды жүзеге асыра алады. Оқушы білімі мен біліктеріндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жоспарын белгілейді.

Оқушылардың білімі мен білігін тексерудің түрлі пішіндерінің ішінде соңғы кезде басты орынды тест бойынша тексеру алып жүр. Оқыту саласында тесті қолдану білімді тексеру әдісін жетілдіруге қосылып отырған үлкен үлес болып есептеледі.

Тест – *ағылшын сөзі (test), аударғанда «байқау», «бақылау», «зерттеу»* деген мағына білдіреді. Педагогикада тестті пайдалану 130 жылдан астам уақытты қамтиды. Ең алдымен, педагогикалық тестіні 1864 жылы ағылшын Джордж Фишер құрастырып, оны Гринвич госпиталіндегі мектепте пайдаланған. Кейбір мамандар білімді тест түрінде тексеруді америкалық психолог педагогы С. Пресси мен оның қызметкерлері шығарған деп есептейді.

Білім деңгейін тест арқылы тексерумен айналысып жүрген ғалым-педагогтар, тест – оқушылардың өз-өзін тексеруіне мүмкіндік ашатын есеп берудің оқыту әдісі деп есептейді. Сондықтан бұл әдіс – сабақ үдерістерін бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, білімді тексеру, бекіту, қайталау, сол сияқты жүйелеу құралы. Тест әдісінің тағы бір ұтымды жағы оқушылардың білімін тексеруде уақыт үнемдейді, өздері осы үдеріске тікелей

араласатындықтан, қызығып, белсенділіктерін арттырады. Педагогикалық тест әдісі оқушылардың білімін тексеруде объективтік құрал ретінде тек шет елдерде ғана емес, біздің мемлекетте де кеңінен қалыптасуына ықпал еткен жөн.

Оқушының игерген білім, білік, дағдыларын тексеру мен бағалаудың бірнеше пішіні бар; оған бақылап-бағалаудың бес балдық жүйесінің пішіндері мен түрлері жатады.

Баға – оқушы білімінің басты көрсеткіші. Бағалау дегеніміз – өлшем. Өлшемді дұрыс қолдану – шәкірт білімін әділ анықтайтын қазылық жол. Бағалау 5 балдық жүйемен де, ұстаздың ауызша мазмұнымен де жүзеге асырылады.

Баға жазба жұмыстарынан, ауызша жауаптарға, түрлі тексеру жұмыстарына, дәптер тазалығына, каллиграфия көркемділігіне қойылады. Бағалау оқушының оқу-тәрбие алу үдерісінің деңгейін көрсетеді. Бағалауға 2 нысан қатысады, мұғалім – бағалаушы, оқушы – бағаланушы. Бағалаушы, бағаланушының білімін сандық балмен бағалайды.

3. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНІҢ САБАҚТАРЫ

3.1. Сабақ жүйесінің даму тарихы

Қоғамның даму тарихында жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу әрбір үстем таптың мақсатына бағындырылып отырды. Қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысуымен оқыту мен тәрбиенің мақсаты мен мазмұны да өзгерді. Мұнымен бірге оқытудың ұйымдастыру түрлері де жаңарды.

Көне Афин елінде жекелеп оқыту жүйесі пайдаланылған. Мұғалім жеке оқушының орындаған жаттығу жұмыстарын тексретін, мәтіні оқытып тыңдайтын, қалай оқу керек екенін көрсететін, үй тапсырмаларын орындау амалдарын түсіндіретін, музыкалық құралдармен пайдалануды үйрететін. Дене шынықтыру тәрбиесінен жарыс және бәсеке жұмыстарын ұйымдастыратын және жеке не бірнеше оқушымен әңгіме жүргізу әдістерін де қолданатын.

Орта ғасырда оқу ісін дін қызметкерлері шіркеуде ұйымдастырды. Мұғалім оқушылардың азғана тобына оқу материалының мазмұнын қысқаша баяндайтын немесе кітаптан оқып беретін. Ал оқушылар материалдың мазмұнын түсінбей, тек шіркеулік уағыздарды жаттайтын. Күнделікті өтетін сабақты қашан бастап, қай уақытта аяқтайтын мерзімі көрсетілмейтін, ол мұғалімнің өз еркінде болатын. Сөйтіп, оқу ісінде белгілі бір жүйелілік болмады. Оны ұйымдастыруда оқушылардың жас ерекшеліктері мен зейінділігі ескерілмеді.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ еліндегі молдалардың балаларды оқытуы да осы орта ғасырлық оқу жүйесіне өте ұқсас еді. Әр жастағы балалар молданың алдында жүгініп отырып, әр кітаптан оқитын. Кітаптары – мұқтасар, құран, әптиек деп аталатын діни әдебиеттер болатын. Бұл кітаптар араб әрпімен араб

тілінде жазылған еді. Оқыған мәтіндерінің мазмұнын шәкірттер де, молданың өзі де түсінбейтін.

Еуропа мен Ресейдегі жоғары дәрежелі мектептерде лекция оқылды, диспуттар жүргізілді. Бұлардың өзі шіркеу догматтарының уағыздарына сүйенген, өмір тәжірибелерінен аулақ схоластика болды.

Кейін сауда мен өнеркәсіптің дамуына байланысты ғылым алға басты. Сондықтан да мектепте оқытудың сапасы жақсарды. Осыған орай чех халқының белгілі педагогы Я.А. Коменский мектептерде оқыту жұмысын ұйымдастырудың ең негізгі түрі сынып-сабақ жүйесін ұсынды.

Я.А. Коменский мұндай пікірді ұсыну үшін алдыңғы қатардағы педагогикалық тәжірибелерді зерттеді. Әсіресе Ресей мектептерінен көптеген педагогикалық тәлім-тәжірибелер алды. Сөйтіп, ол оқу ісін жүйелі түрде ұйымдастыру үшін, оқушыларды сыныптарға лайықтап топтастыру қажет деп тапты. Топтастырылған оқушылардың жасы мен білімі біркелкі болуын талап етті. Күнбе-күн әр пәннен өтетін сабақтың тұрақты оқу кестесі жасалсын, жеке пәндердің оқу материалдары сабаққа жіктелсін және олардың өзіндік дидактикалық мақсаты болсын деді.

Я.А. Коменский сабақ үстінде мұғалімнің материалдық мазмұнын түсіндіруін талап етті. Сөйтіп, ұстаздың сабақтағы белсенділік рөлін көтерді. Ол сабақта оқушылардың тапсырманы орындауларын бақылап, оған басшылық ететін болсын және материалдың мазмұнын түсіндіруге өте қолайлы әңгіме әдісін қолдансын деді. Оның оқу ісін мұндай жүйемен ұйымдастыру туралы пікірі қоғам талабына сай келді.

Сынып. Сабақ жүйесі бойынша кластағы оқушылар саны 50-60 баламен шектелді. Бұдан былай жүйелі білім алу талабы кең етек алды. Оқуға балаларды көбірек тарту мақсаты көзделді.

Алайда Я.А. Коменский ұсынған дидактикалық бағалы пікірлер бірден жүзеге асты деуге болмайды. Бұл кезде мұғалімнің материалдың мазмұнын сыныпта түсіндіруіне уақыт аз бөлінді. Көп уақыт шәкірттерден сұрауға кетті.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Англияда Белль-Ланкестер оқу жүйесі тарады. Бұның негізін салушылар

дін қызметкері – А. Белль және мұғалім Д. Ланкестер еді. Белль-Ланкестер оқу жүйесі бойынша бір оқу залында 600-ден астам оқушы оқыды. Жасы кіші оқушыларды мұғалімнің жәрдемшісі ретінде жақсы оқитын жоғары сыныптағы ересек оқушылар оқытты. Ал ұстаздар ересек оқушылардың жүргізген оқу ісін оқу залында жүріп бақылады.

Ересек оқушылардың жүргізген жұмысынан нәтиже шықпады. Өйткені олардың білім көлемі өте төмен болды. Енді мұндай оқу жүйесі ұзақ өріс ала алмады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында немістің метафизикалық көзқарастағы педагогы И.Ф. Гербарт сынып-сабақ жүйесін қайта құру мәселесімен шұғылданды. Ол сабақтың негізгі төрт кезеңін көрсетті:

1. Мұғалімнің оқу материалын мазмұндау кезеңі.
2. Жаңа материалды өткен материалмен байланыстыру кезеңі.
3. Сабақты жаттығу әдісімен жүргізу кезеңі.
4. Қысқаша қорытынды жасау кезеңі.

И.Ф. Гербарттың және оны жақтаушылардың айтуы бойынша, сабақ бір ізділікпен құрылды, материал жүйелі баяндалды және материалдардың өзара байланысы болды.

Бірақ бұл жүйеде сабақты шығармашылық жолмен құру болмады. Оқу ісін ұйымдастыруда өзгермейтін бір-ақ сызбаны ұстады. Мұның өзі оқу ісін ұйымдастыруда формализмді туғызды және ұстаздың сабақты шығармашылық жолмен құруына нұқсан келтірді.

Неміс мектептерінде оқу ісін демократиялық жолмен дамытуда неміс халқының атақты педагогы А. Дистервег бағалы пікірлер ұсынды. Ол оқытудың үдетпелі жолын ұсынып, білімнің дер кезінде берілуін қолдап, оқушының белсенділігін көтере отырып, оқу үдерісін жақсарту қажет деп тапты. Неміс мұғалімдеріне арнап жазған басшылық құралында сабақ үстінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуды талап етті. Ол өзінің мұғалімдік еңбегіне сүйене отырып, сабақ үстінде балалардың ойлау белсенділігін көтеру арқылы олардың білім сапасын арттыру туралы тәжірибелер жасады.

Оқу ісін жүйелі ұйымдастырудың бағалы жолдарын зерттеуде орыс халқының ұлы педагогы К.Д. Ушинский көп еңбек сіңірді.

Ол И.Ф. Гербарттың консервативтік көзқарасына қарсы күрес жүргізді. К.Д. Ушинский оқушыларды біліммен қаруландырумен қатар оларды жан-жақты дамыту амалдарын қарастырды. Оқу ісін жақсартудың ең негізгі шарты мұғалімнің өзінің педагогикалық шеберлігін арттыра білуде деп түсінді. Сабақ үстінде оқушыларды оқыта білуді үйрену қажет екендігін талап етті. Олардың сабаққа енжар қараушылығын жою жақтарымен шұғылданды және материалдың мазмұнын өздігінен шеше білу жолын іздестірді. Мұғалім материалды баяндаумен қатар, оны оқушылардың үй тапсырмасымен және өткен материалдарды тұтастай үдерістермен байланыстыра білу шараларын көздеді.

Оқушыларға шамасы келмейтін тым ауыр материалдарды оқыту олардың ақыл-ой белсенділігінің дамуына өте зиянды деп есептеді. Материалдың оқушылардың шамасына лайық болуына үлкен мән берді. К.Д. Ушинский өз заманындағы озат педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, оқу ісін ұйымдастыру үшін аса қажетті дидактикалық және психологиялық ұстанымдарды ұсынды.

Кең байтақ Ресейдің мұндай прогрестік педагогикалық идеялары басқа да ұлт аймақтарына тарады, оның ішінде қазақ сахарасына да келіп жетті.

Қазақ даласында Ресейдің прогрестік педагогикалық идеясын жалғастырушылардың бірі Ы. Алтынсарин болды. Ол К.Д. Ушинскийдің, И.И. Паульсонның педагогикалық көзқарастарын зерттеді.

Сабақты өткізу жолдары

Жаңа сабақты түсіндіруде әртүрлі тәсілдерді пайдаланумен қатар көрнекі материалдарды молынан пайдалану жолдарын қарастыру – мұғалімнің міндеті.

Әңгіме, баяндау, тек түсіндіру арқылы географияны оқыту онша ойдағыдай нәтиже бермейді. Оқушылардың оқу материалын оқып-үйрену кезінде таным белсенділігі жоғары болатын сабақтар білім мен біліктілікті сапалы түрде меңгеруді қамтамасыз ете алады. Оқу үдерісін жандандыру түрлі әдісті таңдай білуге, қолда бар көрнекілікке, құрал-жабдыққа, т.б. көптеген себептерге байланысты.

Жаңа сабақты түсіндіру мұғалімнің қойған сұрақтарына тікелей қатысты. Күрделі сұрақтарға жауап беруі оқушылардың географиялық білім деңгейіне байланысты, қойылған сұрақтарға да қатысты.

Түсіндіру, қалыптастыру жолында дәптерге жазу, тақтаны пайдалану, оқулық бетіндегі анықтамаларды, қосымшаны пайдалану жолдарын іздестіру қажет.

Қайталау сабақтарының болашағы зор. Қайталау жаңа сабақты бекітуде, жаңа танымдар мен түсініктерде қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

3.2. География пәніндегі сабақтардың түрлері

География пәнін өтуде қазіргі кезде сабақтардың бірнеше түрі қолданылады. Әр сабақтың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері бар. Бір сабақтар жаңа сабақтар өтуде, екіншілері үй тапсырмасын сұрауда, үшіншілері сабақты қайталау мен қорытындылауда қолданылады. Біз төменде осындай сабақтардың әртүрлі үлгілерін ұсынып отырмыз.

Сарамандық және зертханалық сабақтар

Оқушылардың іскерлік дағдыларын қалыптастыру бағытында зертханалық және сарамандық жұмыстардың маңызы зор. Сарамандық жұмыстардың дидактикалық қызметі қазіргі таңда күннен-күнге өсіп келеді. Сарамандық жұмыстар оқушылардың теориялық және сарамандық біліміне бақылау қызметін ғана атқармайды, сонымен қатар олардың ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін, өз бетінше жұмыс істеу дағдысының дамуына жағдай жасайды. Оқуды еңбекпен ұштастыру оқушыларға өндіріс орындарының әлеуметтік тәжірибелерін игеруге, қоғам байлығын өндіруге, араласуына, мамандық таңдауына мүмкіндік береді. География сабағының әр тақырыптарында сарамандық және зертханалық сабақтар өтуге болады. Мысалы, Қазақстанның жер бедері, геологиялық құрылымы, тектоникасы, климаты, ішкі суы, пайдалы қазбалары, аумақтық аудандары, т.б. тақырыбының барлығында карта және кескін картамен жұмыс жасататын сарамандық жұмыстар орындалса, 6-сыныптағы «Жергілікті жер планын сызу» тақырыбында топографиялық жұмыстар орындалды.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға арналған сабақтар (көбінесе дәстүрлі емес сабақтар).

1. Сот сабағы.
2. Конференция сабағы.
3. Баспасөз-конференция сабағы.
4. Инновация сабағы.
5. Топпен жұмыс сабағы.
6. Кіріктірілме сабақ.
7. Мәслихат сабағы, т.б.

Оқушылардың сабаққа белсене қатысып, сабақта еркін сөйлеп, өзара сұрақтар қойып, өз пікірлерін айтып, өз ойларын кеңейтуге мүмкіндік беретін сабақтар оқушылардың өз бетімен даярлануына, ізденуіне мол мүмкіндік жасап, нашар оқитын оқушыларға талпыныс тудырады. Оларды еңбекқорлыққа, ізденімпаздыққа, әртістік шеберлікке баулиды. Мысалы, қазіргі таңда географияда экологиялық мәселелер көп айтылады. Қазақстандағы Арал Каспий, Балқаш көлдерінің, Семей, Байқоңыр, Сарышаған аймақтарының экологиялық жағдайлары туралы оқушылардан құралған әртүрлі маман иелерін сомдап, баспасөз-конференция, конференция сабақтарын өтуге болады. Оқушылар мамандар кейпіне ену үшін көп ізденеді, оқиды, тіпті, шеберліктерін шыңдайды.

Жаңа технология мен инновациялық әдістер

«Білім берудегі жаңа технология» АҚШ-та 40-жылдары пайда болды. Алғашқы кезде жаңа техникалық құрал-жабдықтарды (инженерлік ақыл-ойдың жетістіктерін) оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мағынасында қолданылып жүрді. Кейінірек «Оқыту технологиясы» дегеніміз – ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде оқыту қызметін оңайландыру мағынасына ие болды.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» оқытушының практикалық қызметінде іске асады. Қазір дүниежүзінде оқытудың тиімді жолдары мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру жүріп жатыр. Солардың бірі үздіксіз географиялық білім беру, оның алдына қойған негізгі мақсаты:

Біріншіден, адамдардың өмірінің әртүрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасау.

Екіншіден, адамдардың өз бетінше білім жинақтауға шығармашылықпен қызмет етіп, тез өзгергіш өмірге бейімделуіне жағдай жасау.

Үшіншіден, оқушылардың жаңалықтарды тез қабылдауын қалыптастыру. Жаңалықтарды өмірде қолдана білуге үйрету.

Жалпы білім беру жүйесіне енгізілген жаңалыққа оқушылардың білімін тексеруде:

- топпен жұмыс істеуді ұйымдастыру;
- оқушының өзін-өзі тексеруі;
- оқушылардың бірін-бірін тексеруі;
- оқытудың модельді жүйесі;
- дарынды балалармен жұмыс істеудің жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану жатады.

Оқушылардың білімін тексеруде: сынақ, тест, рейтинг жүйелері қолданылады.

Соңғы жылдары көптеген мектептерде оқытудың жаңа пішіні – блокпен сабақ беру іске асырылуда. Блок түрінде оқытқанда оқытудың арнайы міндеті, тәрбиелеу және дара тұлға тәрбиелеу бірден іске асады.

Оқу материалын блокпен немесе модульмен беру көптеген географиялық, экологиялық, экономикалық мәселелерді біртұтас беруге мүмкіндік туғызады.

Блок (модуль) ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

География сабағына қажетті көрнекілік, жананы тану ретінде де, ой немесе әңгімені елестету үшін де, аңғарымдылығын дамыту үшін де, материалды есте сақтау үшін де қолданылады. Көрнекілік құралдар оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде қолданылады: жаңа білімді хабарлаған кезде, кейде мұғалім жаңа білімді хабарлауы, орнына (мысалы, кинофильмді көрсету, тәжірибе жасау); білімді орнықтыру және іскерлікпен дағдыны қалыптастыру кезінде үйге берілген тапсырмаларды орындаған кезде сызбаларды сызу, кестелерді жасау, суреттемелерді орындау және т.б.; меңгеруді бақылаған кезде (мысалы, карта, кесте бойынша айтып беру, аспаптар құрылысын түсіндіру). Көрнекілік оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып пайдаланылады.

Қазіргі заманғы жаңа технологиялық әдістер негізіне тоқтала кетсек, соның бірі – кейстік технология бойынша сабақ өтудің үлгісі.

Кейстік технология

Кейс – бірыңғай ақпаратты кешен, ол 3 бөлімнен тұрады.

1. Кейсті талдауға қажетті қосалқы ақпараттар.
2. Нақты ситуацияны сипаттау.
3. Кейске кіретін тапсырмалар.

Кейстің түрлері

Баспалық	Мультимедиялы	Бейнелік
Мәтін, сурет, диаграмма	Виртуалды әдіс, кешенді графикалық	Көркем фильм, клип

1. Кітапханалық.
2. Көпшілік.
3. Сыныпаралық.
4. Кабинеттік.

Кейс мазмұны бойынша тұрпаттарға бөлінеді:

1. Бағалау мен талдауға үйрету.
2. Мәселелерді шешу мен шешім қабылдауға үйрету.
3. Мәселелерді шешу. Тұжырымды иллюстрацияға үйрету.

Кейс құрамындағы материалды ұйымдастыру тәсілі бойынша ерекшеленеді:

1. Құрылымдамалық.
2. Кішігірім сұлбалық.
3. Жалпыламалық.
4. Алғашқылық.

Жан-жақты оқу нақтылық ахуал кейстегі қарастыратын шешімдерді оқытушылармен студенттер үшін тиімді білім беру тәжірибесіне айналдыруға көмектеседі.

Оқу нақтылық ахуалы нені білдіреді:

1. Қызықты оқиғаны айта отырып, басты кейіпкердің рөліне ену.
2. Цитаталарды ендіру.
3. Оқырман үшін мәнді болу.
4. Педагогикалық құндылық.
5. Шиеленіс тудырып, оның шешімдерін табуға талпындыру.
6. Әртүрлі ауданды мақсатына қолдану икемділігі.
7. Мәселелерді шешуге көмектеседі.

8. Жан-жақты қолдану.

9. Әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ынталандыру.

10. Қоғамдағы маңызды өзгерістерді жүргізуге жағдай жасау.

11. Оқытудың жалпы және пәнаралық функциясын орындау.

Кейс әдісі негізінде оқытудың пішіндік пікірсайысын қолдануға болады.

1. Студент – студент рөлдік ойын;
2. Оқытушы студент болжаулау, гипотетикалық;
3. Оқытушы – студенттің қарсы сұрағы;
4. Оқытушы – студенттің өзін анықтауы;
5. Студент – студент емес.
6. Оқытушы – аудиториямен байланыс.

«Оқу нақтылық ситуациясын талдауға» оқытушы «белсенді» немесе «енжарлық» рөлдерді атқаруы мүмкін.

Кейде ол «талдауға» басшылық жасаса, кейде пікірсайыс қорытындылаумен шектеледі.

Оқытушы дәлелдеудің қызықты желісін көргенде, оны қолдап немесе пікірталас алаңынан өзгелерді де алып шығып басымдылық болмауын талап етеді. Оқытушы бірге-бір деп аталатын нағыз «қызығушылықпен сұрау» тудыруы мүмкін. Студенттің айтар ойы, ұстанымы мен ұсынысы көптеген сұрақтардың арасында тексерілуі мүмкін, ол студенттің бекіткен логикасы тыңғылықты талдауға алынады.

Кейс әдісі бойынша педагогикалық қызмет кейспен жұмыс барысындағы оқытушы іс-әрекетінің стратегияларын үшке бөлеміз.

Оқытушы атқаратын жағдайын шешудегі қосымша сұрақтар немесе ақпараттар түрінде	Нақты жағдайдағы оқытушының өз жауабы	Студент мәселе бойынша жұмыс істеп шешімін таппаса оқытушы араласады
Сілтеме негіздері		

Кейстік технологияның әдістері:

Кейстік (оқу-нақтылық ситуация) әдіс сабағының жоспары:

1. Студенттің ахуал мәтінімен жеке танысуы.
2. Оқытушының кіріспе сөзі, кейс бойынша негізгі сұрақтардың қойылуы.
3. Студенттерді шағын топтарға бөледі (4 баладан).

4. Студенттің шағын топтағы жұмысы, спикерді таңдау.
5. Әрбір шағын топта «шешімді» жариялау, түрлі сұрақтар, пікірсайыс.
6. Оқушының ситуацияны талдауы, тұжырымдамасы.

Кейс келесі кезендерге бөлінеді:

1-кезең. Кейсті құрудағы мақсатты анықтау, мысалы, кәсіпорынның ішкі қатынастарын тиімді оқыту. Бұл үшін танымал кәсіпорынның кейісін жасауға болады. Студенттердің әртүрлі коммуникация түрлерін игеруге арналған сұрақтар мен тапсырмаларды әзірлеу.

2-кезең. Нақты ситуациялық немесе фирманың сәйкес мақсаттарын идентификациялау.

3-кезең. Кейс үшін ақпараттар көздерін іздеу бойынша алдын ала жұмыс жүргізу. Статистикалық мәліметтер, газет-журналдағы жарияланған мақалалар, басылымдар каталогы. Интернетті негізгі көздер бойынша іздестіруді пайдалануға болады.

4-кезең. Кейс үшін әртүрлі көздерді пайдаланып, деректер мен ақпаратты жинау.

5-кезең. Кейске алынған 7 вариантты ұғынуы дайын. Бұл кезеңге макет дайындау, материалдарды үйлестіру, таныстыру түрлерін анықтау жатады.

6-кезең. Егер ақпаратты белгілі бір фирманың деректері туралы айтылса, кейсте жариялауға рұқсат алу керек.

7-кезең. Іске асыру алдында эксперименттің бағасын алып және мүмкіндігінше кең ауданын тарта отырып, кейсті талқылау. Мұндай бағалау қорытындылау кезінде кейске қажетті өзгертулер мен толықтыруларды ендіру мүмкіндігіне ие болады.

8-кезең. Кейсті пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындау. Кейсті таныстыру және пікірсайыстарды жүргізуші үшін сұрақтар мен тапсырмаларды әзірлеу.

Кейс әдісі бойынша оқу қызметі

Кейсті талдау ерекшеліктері

Басты мәселені анықтау	Жұмыс әдісін таңдау (түсіндірмелі, математикалық әдіс)	Қажетті ақпаратты іріктеу

1. «Кейстің» басты мәселесін анықтау және шешу үшін ұсынылған қай ақпарат маңызды екенін түсіну.

2. «Кейстің» конмәтіндік ахуалына кіріп және оның басты іс-әрекет етуші адамдарын анықтап талдау үшін талап етілген фактілер мен түсініктерді іріктеу, мәселелерді шешуде қандай қиыншылықтар тууы мүмкін екенін түсіну қажет.

Талдауға тиімді әрекеттер			
Кейстің басты мәселелерін анықтау	Талдауға әрекетті таңдау	Кейс жинау тақырыбын анықтау	Пайдаланудың таңдау түрін анықтау

Кейстерді талдаудың ерекше түрлері			
Жан-жақты (толық) талдау	Бастапқы талдау	Жүгіртпе талдау	Интегралды талдау

Кейс әдісінің құрылымы мен түрлері:

1. Жағдайдың сәйкестілігін.
2. Шығындар сценарийі.
3. Пайданы анықтау мен талдау.
4. Тәуекелге бару.
5. Шарттық талдау.
6. Кейсті құжаттау.
7. Кейсті сипаттау.
8. Аралық есептер.

Сабақтың тақырыбы: Қазақстанның пайдалы қазбалары

1. Қазақстанның пайдалы қазбалары туралы түсінік.
2. Қазақстанның пайдалы қазбаларының орналасу ерекшеліктері.
3. Пайдалы қазбалардың түрлері және оны өңдеу жолдары.

Сабақтың мақсаты: Қазақстанның пайдалы қазбаларының орналасу заңдылықтары туралы білімдерін қалыптастыруды дамыту. Қазақстанның қазба байлықтарының дүниежүзінде алатын орнын көрсету. Қазақстанның қазба байлықтарын кен орындарымен таныстырып, олардың ерекшеліктерін түсіндіру. Оқушыға пайдалы қазбалардың сарқылатындығы жөнінде айту. Сондықтан да оларды тиімді әрі кешенді пайдалану және қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы экологиялық білім мен тәрбие беру.

Сабақтың әдісі: кейстік технология.

Сабақ типі: кабинеттік.

Көрнекті құралдар: Қазақстанның пайдалы қазбалары, геологиялық, тектоникалық және физикалық карталары. Тау жыныстары мен минералдар коллекциясы.

Тәрбиенің түрі: эстетикалық-экологиялық тәрбие. Ғылыми және дене тәрбиесін қалыптастыру.

Пән аралық байланысы: ең алдымен, тарихпен тығыз байланысты. Тарихсыз елестету мүмкін емес, химия арқылы олардың құрамын, жаралу үдерістерін анықтау. Математика арқылы олардың жер астында қанша қоры бар екенін, оларды өндіру көлемін анықтау.

Пән ішілік байланыс: геологиямен тығыз байланысты, картография, физикалық география, т.б. салалармен байланысты.

Сабақтың барысы: Қазақстанның қазбаларының дүниежүзінде алатын орны жайлы баяндау. Қазақстанның жер қыртысында 90-нан астам қазба байлық кездеседі. Республика аумағында пайдалы қазбаларды іздестіру XVII ғасырдан бастау алған.

Біздің елімізде 6 мыңға жуық пайдалы қазба кен орны ашылған. Кен орындары жанатын, кен және кен емес болып үшке бөлінеді. Осы үш топқа қандай пайдалы қазбалар мен кен орындары жататынын олардың ерекшеліктерін атап өту қажет. Аталған пайдалы қазбаларды картадан кен орындарын көрсетіп отырамыз.

Ұйымдастыру кезеңі (2-3 минут).

Сәлемдесу, жоқтарды белгілеу, назарын аудару.

Сабақ жоспарын хабарлау.

Үй жұмысын тексеру және әрекетін негіздеу.

Проблемалық сұрақ. 1. Біз Қазақстанның пайдалы қазбаларын тиімді пайдаланып жатырмыз ба?

Біз Қазақстанның пайдалы қазбаларының әр түрін әр қалай пайдаланудамыз. Біздің жерімізде Менделеевтің кестесіндегі барлық элементтер кездеседі. Соның барлығын біз өндіріп жатқанымыз жоқ. Тек өзімізде бар технологияға сәйкес пайдалы қазбаларды ғана өндіреміз.

Оның өзін өндіргенде тек негізгі өнімін ғана алып, қалғанын тастаймыз. Соның нәтижесінде елдің кен өндіретін жерлерінде қалдықтар жиналып, табиғатқа өз әсерін тигізуде. Сөз соңында

айтарым қазіргі таңда пайдалы қазбаларды өз дәрежесінде пайдаланып жатқанымыз шамалы. Келешекте үнемді пайдаланамыз деген үміттеміз.

2. Мына пайдалы қазбалардың қай жерде шығатынын анықтау үшін «Адастыру» ойынын қолданамыз.

1	Мұнай-газ	Саяк, Жезқазған, Қоңырат
2.	Көмір	Қаратау, Жанатас, Ақтөбе
3.	Темір	Өзен, Теңіз, Құмкөл
4.	Марганец	Жетіқара, Арқарлы, Ақсу
5.	Мыс	Соколов-Сарыбай, Қашар
6.	Алтын	Атасу, Жезді
7.	Фосфорит	Қарағанды, Екібастұз, Майкүбі
8.	Полиметалл	Ащысай, Мырғалымсай, Байжансай

3. Сыныпты екі топқа бөліп «Оңтүстік өңірдің пайдалы қазбаларын өндірудің экологияға әсері» деген тақырыпта пікір-сайыс ұйымдастырып, экологиялық тәрбиесін қалыптастыру.

Әрбір топ өздеріне сәйкес атын, эмблемасын қояды.

I топтың аты «Экология», екіншісі «Таза ауа» болып бөлінеді.

I топ, негізінен, өндірістің зиянды жақтарын зардабын, табиғатқа әсерін, халық өміріне зиянды жақтарын айтады. Ал II топ кен өндіру кезінде қазіргі таңда табиғатқа зиян келтірмейтін құрылғылардың орналасқанын, қалдықсыз өнім шығаратын зауыттардың бар екенін айтады. Соған орай атқарылып жатқан іс-шаралар аз еместігін көрсетеді.

4. Картаны қолдана отырып, әрбір жеке оқушыны шығарып, Қазақстанның пайдалы қазбаларының әр түрін картадан көрсете білу арқылы картамен жұмыс іскерлігін арттыру (дұрыс жауапқа 3 балл).

1. Оқушыны шығарып картадан Қазақстанның мұнай шығаратын аймағын көрсету.

2. Оқушыны шығарып, көмір өндіретін аймақтарды көрсете отырып, олардың ерекшелігін атап өту.

3. Оқушыны шығарып, картадан түсті металл өңдейтін аймақтарды көрсету.

4. Оқушы картаны қолдана отырып, Қазақстанның пайдалы қазбаларының орналасу ерекшеліктерін көрсетеді. Сабақ

соңында оқушылардың сабаққа қатысуы және сұрақтарға жауап беруіне байланысты бағалаймыз. Жалпы, сабақта Қазақстанның пайдалы қазбалары туралы жан-жақты қарастырып, нақты заңдылықтарымен түсіндіріп өттік. Сабақ барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы байқалып тұрды.

Қайталау-қорытындылау сабақтары

Негізінен, 1-курстың бір тарауы немесе бөлімі аяқталғанда, тоқсан соңында және жыл соңында өтіледі. Бұл сабақтардың мақсаты – оқушылардың білімін жинақтау, жүйелеу, қорытындылау. Ерекшелігі оқушы тақырыпты теория жүзінде білумен қатар оны атлас картадан көрсетіп, кескін картамен де жұмыс жасайды, кейбір географиялық есептерді шығарып, арасында жұмбақ, сөзтізбе шешеді, сызба, график профильді талдап, ауызша салыстырып, сипаттама беруге үйренеді. Сабақты ұйымдастырудың ұтымдылығы оқушыларды түрлі іскерліктерге баулиды. Мысалы, б-сыныпта «Гидросфера» тарауын қорытындылағанда оқушылар өзен, көл, теңіз, шығанақ, бұғаз, мұхит, мұздық, жер асты сулары, тоң туралы алған білімдерін қайталап, картамен жұмыс жасайды.

Ойын сабақтары

1. Интеллектуалды шоу сабағы.
2. Ойын сабақтары.
3. Айтыс сабақ.
4. Саяхат сабақ.
5. Жұлдызды сағат сабағы.
6. Сайыс сабағы.

Оқушылардың алған білімдерін одан әрі толықтыруға, түсініктерін тереңдетуге, ойлау қабілетін арттыруға, ұшқыр ойлануына, мүмкіндік береді. Қазір сабақтарда әртүрлі ойындар қолданылады. Мысалы, «Жұлдызды сағат» ойынында оқушылар қойылған сұрақтарға әрі қысқа, әрі жылдам жауап беруге дағдыланса, «Саяхат» сабақтарда карта арқылы әртүрлі жерлерге саяхат жасайды. Интеллектуалды шоу сабақтарында қазақтың ұлттық ойындары көп қолданылады. Мысалы, «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Жорға», «Алтын сақа», т.б. Бұл ойындар арқылы оқушыларды ұлттық сипатта тәрбиелесек, екінші жағынан ұлттық нәрмен сусындағамыз.

Табиғаттағы сабақтар

1. Экскурсия сабағы.
2. Экспедиция сабағы.

Оқушыларда сарамандық дағдыны дамытуда және зерттелетін табиғат туралы жөніндегі түсініктерді қалыптастыруға зор мүмкіндігі бар. Оқушылардың теориялық білімдерін іс-тәжірибемен ұштастыратын, табиғатқа, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелейтін сабақтар.

Жұмбақтар

1. Жылт-жылт еткен,
Жылғадан өткен. (су)
2. Ұйықтайды ұлы түнде, күндіз қызы.
Жүргенде білінбейді басқан ізі. (Күн мен Ай)
3. Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады. (Күн)
4. Үй үстінде ұсақ тас,
Алайын десем табылмас. (Жұлдыз)
5. Қаласы бар – үйі жоқ,
Даласы бар – шөбі жоқ.
Мұхиты бар – суы жоқ,
Орманы бар – нуы жоқ.
Шындары да теп-тегіс,
Құмдары да теп-тегіс.
Кең жазықтан әртүрлі
Керегінді көресің.
Бар әлемді табасың,
Өзің таң боп қаласың. (Географиялық карта)
6. Жер бетінің кескінін,
Түрлі-түспен көрсеткен.
Болса да өзі құрметті,
Тиіпті орын ең шеттен. (Шартты белгілер)
7. Қатар тұрған қос табақ,
Түрлі-түсті зер табақ.
Мән беріп оған қарасақ,
Аларсың одан көп сабақ. (Жарты шарлардың физикалық картасы)
8. Үш әріптен құралған елдер тобы,
Бәрін қоссақ болады он бес өзі.
Өзіндік тілдері мен әдет-ғұрпы
Айта ғой тапқыр болсаң келді кезі. (ТМД елдері)
9. Ерекше кескіні бар қызық карта,
Бет-аузы айқыш-ұйқыш сызық карта.

- Үңіліп бет-аузына қарай берсең,
Өзіне қызықтырар карта тарта. **(Жескін карта)**
10. Бір нәрсе бетінде жоқ, ой менен қыр,
Өзінің кіндігінен айналып жүр.
Өзіне назар салып қарасаңыз,
Келбеті жер жүзінің көрініп тұр. **(Глобус)**
11. Жер көрдім қаласы бар,
Үйлері жоқ мекендейтін.
Көл көрдім, өзен көрдім,
Сулары жоқ тереңдейтін. **(Карта)**
12. Әдемі түнде мен жүрсем жүреді бірге. **(Ай)**
13. Жұрттың бәрі соны сүйеді,
Бірақ қарағысы келмейді. **(Күн)**
14. Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,
Қыста жақсаң жаның рақат табады. **(Ағаш)**
15. Үлкен-үлкен түйені
Тастапты адам шөггеріп.
Өркеші бұлтқа тиеді,
Бауыры жатыр көгеріп. **(Тау)**

4. ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕР

4.1. Оқытудың теориялық әдістері

«Әдіс» деген сөз гректің «methodos» деген сөзінен шыққан. Ал бұл сөз орысша аудармасында, зерттеу жолы, тәсілі деген мағынаны береді. Ғылымда және күнделікті тұрмыста әдіс деген сөз зерттеу жолы, әдісі, тәсілі деген мағынада, тіпті, іс-әрекеттің сипатын көрсету мағынасында да қолданылады.

Бұл сөз әдістемелік әдебиетте де кең түрде және әрқилы қолданылады. Мысалы, кейбір авторлар «әдіс» деген сөздің мәнін мұғалімнің оқушыларды қандай да болса бір фактіні танып білуге үйрететін логикалық жолы (догматикалық, иллюстрациялық, эвристикалық, зерттеу әдістері) деп түсінеді. Басқа авторлар «әдіс» деген сөздің мәнін материалдарды орналастыру әдісі (аналитикалық, концентрлі, т.б.) деп ұғады. Ал үшінші біреулер әдіс дегеннің мағынасын материалды өтудің формалары (зертханалық, экскурсиялық, еңбектік, т.б.) деп түсінеді. Өзінің жұмыс үдерісінде пайдаланатын мұғалімнің кейбір жеке тәсілдерін немесе әдістерін де (графикалық әдіс, салғастыру әдісі, т.б.) «әдіс» деген сөзбен атау жиі кездеседі. Мұның бәрі тұтас алғанда бізді «әдіс» деген терминді абайлап қолдануға мәжбүр етеді. Біз оны әңгіме кейбір жеке әдістер мен тәсілдер туралы болғанда емес, жұмыс жолы туралы болғанда ғана пайдаланатын боламыз.

Мектепте географияны оқыту әдістерінің әртүрлілігі

Біз мектепте география сабағына қатысып отырмыз делік. Мұғалім «Жаңбыр суы тасқындарының әрекеті» деген тақырыпты түсіндіруде. Мұғалім жаңбыр суынан тасқынның қалай пайда болатынын, бұл тасқындар беткеймен қалай ағатынын және сол

беткейде жыраның немесе сайдың қалайша пайда болатынын балаларға түсінікті, ұғымды тілмен айтып отыр. Мұғалім беткей неғұрлым қия болса, тасқын судың одан төмен қарай соғұрлым қатты ағатынын, ал тасқын күшеюінен оның топырақты шайып кету әрекетінің артатындығын, т.б. атап айтуда. Сөзінің ақырында мұғалім қысқаша қорытындылар жасайды. Ал балалар оларды өздерінің дәптерлеріне жазып алады. Бұл қорытындылар мынадай:

1. Беткей неғұрлым қия болса, су соғұрлым жылдам ағады.
2. Тасқын ағысы неғұрлым жылдам болса, беткейдің шайылуы да соғұрлым күшті.
3. Тасқын суы неғұрлым көп болса, топырақтың шайылуы да соғұрлым күшті болады.

Енді біз басқа мектепте болып, дәл осы тақырып оқылып жатқан кезге тап боламыз. Бірақ бұл мектепте тақырыпты мұғалім сыныпта емес, тыста түсіндіріп жатыр. Ол екі ағаш науа алып, олардың біреуін сәл қисайтып, екіншісін оған қарағанда әлдеқайда көбірек қисайтып қойды. Бұдан кейін мұғалім бірдей екі қаңылтыр шәйнек алып, олардан жаңағы екі науаға су құяды. Балалар оны қоршай орналасып, өңкей науамен судың әлдеқайда тез аққанын көріп тұр. Бұдан кейін мұғалім бірінші науаға ірі құм себеді және қайтадан су құяды. Балалар су баяу аққанда құмның мүлде дерлік шайылмайтынын тағы да өз көздерімен көреді. Мұғалім науаның бір шетін еңкейте түседі. Бұл жағдайда ағынның шапшаңдығы артты және су құмды тезірек шайды. Енді мұғалім науаға екі шәйнектің екеуінен бірдей су құйды. Оқушылар судың көбеюіне байланысты құмның шайылуының кенет артқанын көрді. Бұл тәжірибелерден кейін мұғалім біз жоғарыда атап өткен қорытындыларымызды – беткей неғұрлым қия болса, су соғұрлым жылдам ағады, т.с.с. қорытындыларды жасайды. Бір тақырыпты түсіндірудің осы екі тәсілін салыстырайық.

Бірінші жағдайда мұғалім құбылыстар туралы баяндайды, қорытындылар жасайды және осы қорытындыларды жазып алуды өтінеді. Оқушылар мұғалімнің айтқанын түсініп және есте сақтап қалуға тиіс. Бұл жерде біз білімді **әңгімелеу** арқылы ауызша үйрету тәсілін көріп отырмыз. Бұл тәсілдің құндылығы, мұғалімнің қысқа уақыттың ішінде көптеген фактіні хабарлағанында және мұғалімді бірден 40-45 оқушының тыңдағанында. Мұндағы кемшілік –

мұғалімді бұған дейін жаңбыр тасқындарын және олардың әртүрлі беткейдегі әрекетін көргендер ғана түсінеді. Басқа оқушылар бұл аталған фактілер мен жасалған қорытындыларды түсіне алмауы да мүмкін. Оқушылардың барлығы бұл фактілерді ешбір сын көзімен қарамастан қабылдады. Мұндай жағдайда оқушылар мұғалім хабарлағанның бәрін селқос қабылдайды. Әдістемелік кейбір оқулықтарда мұндай әдіс (немесе түсіндіру жолы) **догматикалық** (хабарлау) әдіс деп аталады.

Екінші тәсілге тоқталайық: Бұл тәсілдің фактілерді әлдеқайда терең ұғуға мүмкіндік беретіндігі әркімге айқын. Бұл тәсіл қолданылғанда фактілер зор ынтамен қабылданады, оңай ұғынылады және ұзақ есте сақталады. Бірақ екінші тәсілді орындау қиынырақ. Мұғалім бұл тақырыпты алдын ала әзірлеуге уақыт пен құралды көп жұмсауға тиіс. Оқушылар көп болған жағдайда бұл тәжірибені барлығына бірден көрсету мүмкін емес. Егер біз оқушылардың білімін ғана еске алсақ, онда екінші тәсілдің артықшылығы сөзсіз. Бұл арада мынаны айта кетелік, тәжірибе, сурет немесе қандай да бір басқа көрнекі құрал көрсетуге негізделген мұндай әдіс **иллюстрациялық** әдіс деп аталады. Иллюстрациялық әдіс догматикалық әдістен едәуір өзге. Оның өзіне тән ерекшелігі – нақты материалдың қатыстырылуында.

Өзімізді тағы да мектепте екенбіз делік, тағы да өзімізге жақсы таныс жаңағы тақырып оқытылып жатыр. Бұл жолы мұғалім балаларды мектептен алып шығып жуықта ғана жаңбыр суының тасқыны қазып кеткен жыраға бастап келді. Балалар жыра шетіне жақындай бергенде, мұғалім оларға мынадай тапсырмалар берді:

1. Жыраны мұқият қарап шығындар және судың өте көп шайып кеткен жерлерін атаңдар.
2. Сол жерлерді қарандар және оларды судың неліктен күшті шайып кеткенін анықтаңдар.
3. Жыраның жазықтыққа ұласатын жерін қарандар, бұл жерде судың не себепті арна қазбағанын айтыңдар, т.б.

Балалар жыраны мұқият қарайды, оның түбіндегі құм мен тасты байқауда, әлдене туралы таласуда, ақыры, судың биік жерден төмен қарай құлаған және терең апан қазған жерін табады. «Тасқын осы араны өте күшті шайған», – деп ұйғарады бала-

лар. «Неліктен олай дейсіңдер?» – деп сұрайды мұғалім. «Бұл нағыз қия жер, су мына арадан құлай аққан, мына жерді апан етіп қазып кеткен», т.б. Нақ осылайша балалар жұмыс істей береді, нәтижесінде олар да біздің бірінші жағдайда атаған қорытындыларымызды жасайды. Мұғалім бұл жолы да балалардан осы қорытындыларды дәптерлеріне жаздырады.

Осы үшінші әдісті алғашқы екеуімен салыстырайық. Тақырып соның өзі, бірақ жұмысты орындау жолдарында және ол жұмыстың сипатында қаншалықты зор айырмашылық бар. Мұнда, үшінші жағдайда, мұғалім әзір түсініктерді хабарламайды. Ол балалардың алдына міндеттер қояды және оларды балалардың өздеріне шештіреді. Бұл жағдайда біз өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізудің элементтерін кездестіріп отырмыз. Мұндай әдісті көптеген әдіскерлер зерттеу әдісі деп атайды. Егер біз терең білім беруге ұмтылсақ, егер біз балалардың белсенділігін, талапкерлігін және жігер еркін жетілдіргіміз келсе, онда ең соңғы әдісті қолдану ең жақсы нәтиже береді. Сонымен қатар жұмыстың мұндай жолы әлдеқайда көп уақытты, жақсы жабдықты және жақсы даярлығы бар мұғалім болуын талап етеді. Әртүрлі елдерге географиялық сипаттама бергенде, **салыстыру** немесе **салғастыру** әдісін кеңінен қолдануға тура келеді. Алайда қандай әдісті қолдануға тура келсе де, мұғалімнің пайдаланатын әдістері мен тәсілдері алуан түрлі болуы мүмкін. Мысалы, ауызша түрде білім бергенде мұғалім жай әңгімелей, хрестоматиялардан үзінді оқи, бүкіл сыныпқа сұрақ берсе, жауап ала, тиісті қорытындылар шығара алады. Өзінің баяндағанын немесе әңгімелегенін оқушыларға көзбе-көз көрсету үшін мұғалім неше түрлі көрнекі құралдар, қабырғаға ілінетін картиналарды, диапозитивтерді, киноны, коллекцияларды, модельдерді, сынып тақтасына салынған суреттерді, чертеждарды, т.б. қолдана алады. Соңында біз жұрттың бәріне белгілі фактіні – географияны географиялық картасыз оқытуға болмайтынын айтуға тиістіміз. Ал картамен ойдағыдай жұмыс істеудің барлық ерекшеліктерін жақсы білуге тиіспіз. Географиядан сабақ беруде қолданылатын әдістер, әдістер мен тәсілдер туралы осы айтылғандардың бәрінен мынау анық болды: бұл әдістер мен тәсілдердің түрі өте көп және біз олардың ең бастыларымен жақсы танысуымыз керек.

Оқыту әдістерін, әдістері мен тәсілдерін таңдап алу

Таңдап алудың ең бірінші және шешуші кезеңі, әрине, тақырып болып табылады. Бірақ қандай болса да әдістерді пайдалану едәуір дәрежеде басқа да жағдайларға байланысты болады. Әрбір сынып үшін көлемі әбден анықталған бағдарлама бар. Оны өтуге белгілі уақыт бөлінген. Бағдарламаны орындау үшін «берілген» уақытты үнемдеп жұмсау – оқытушылық жұмыста өте қажет шарт. Қандай да болса тақырыпты өтуге уақытты «керегімізше» жұмсауға құқымыз жоқ. Сондықтан оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау кезінде мұғалім, ең алдымен, берілген уақытта үлгеру қажеттілігін ескертеді. Әрбір мұғалім жақсы жолға қойылған сарамандық жұмыстарды орындай отырып, мүмкін болғанша, көбірек тақырыпты өтуге ұмтылады. Бірақ бұл тақырыптарға берілген уақыт жеткіліксіз. Сондықтан мұғалім асықпай мұқият ойластырғаннан кейін ғана қай кезде сарамандық жұмыс қолдану маңыздырақ, ал қай кезде анағұрлым «оңай» тәсілдермен қанағаттануға болатындығын шешеді. Мысалы, 5-сыныптың физикалық географиясының бағдарламасында «Картаға түсіру», «Ендік пен бойлық», «Белдеулік уақыт», т.б. тақырыптар бар. Мұндай тақырыптарды сарамандық сабақсыз түсіндіруге болмайды. Мұғалімнің нақ осындай тақырыптарды сарамандық жұмысты қолдана отырып өтуіне, ал «Желдің әрекеті», «Судың әрекеті», т.б. сияқты тақырыптарды әлдеқайда жеңіл әдістермен өтуіне тура келеді. Жұмыс жоспарын одан әрі анықтау кезінде мұғалім тағы да бірнеше сағат артық уақытты экскурсиялар өткізуге және зерттеу жұмыс элементтерін қолдануға бөле алады. Әдістерді таңдап алуда сыныптағы оқушылар санының үлкен маңызы бар. Сыныпта 20-30 оқушысы бар жерлерде сарамандық жұмысты оңай жолға қоюға болады. Ал сыныпта 40-45 оқушысы бар мектепте бұл қиынға соғады. Әдістерді таңдап алуда сыныптағы жабдықтың да едәуір маңызы бар. Глобус пен картадан басқа ештеңе жоқ жерде тәжірибелер мен практикалық жұмысты жолға қою қиын. Бірақ көп жағдайда **шешуші** болып табылатын тағы да бір фактор бар. Бұл фактор – мұғалім. Өз ісін білетін және ұнатқан мұғалім біздің осы айтқан қиыншылықтарымыздың көпшілігін жеңе алады. Тіпті, уақыттың аз болуының және сыныптың нашар жабдықталуының өзінде де

ол көптеген, тіпті, көп нәрсе істей алады. Міне, нақ осы арада жас мұғалімге әдістеме көмекке келуге және оның мектепте ойдағыдай жұмыс істеуіне қажет құрал болуына тиіс.

Географияны оқыту әдістері. Географияны оқытудың жүйелілік әдісі

Дидактиканың оқыту әдісінде мұғалім оқушыларда білім, іскерлік, дағды сияқты қасиеттердің пайда болуын көздейді. Мектеп географиясының басқа пәндер секілді де өзіндік оқыту ерекшеліктері бар. Географияны оқытудың негізгі үш әдісі бар:

1. Білім берудің ауызша және жазбаша түрі. Оған ауызша баяндау, сұхбат, оқулық және статистикалық материалдармен жұмыс істеу жатады.

2. Көрнекі әдіске оқушының өз бетінше бақылау, тәжірибе жүргізуі мен көрнекі құралдар жасауы енеді. Сонымен, бұған карталар және басқа да картографиялық шығармалармен жұмыс істеуді жатқызуға болады.

3. Сарамандық оқытуға оқушылардың іс-әрекеттерін кіргіземіз. География курсындағы ең басты сарамандық жұмыстарға; бұл жергілікті жерді түсіруде жүргізілетін сарамандық жұмыстар, жергілікті жердің жоспарын сызу, белгілі объектіні суретке түсіру, абсолюттік биіктікті анықтау, өзеннің ені мен тереңдігін анықтау, т.б. Географияны оқытуда әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан мұғалім сабақ өтуде бұл әдістерді қажетінше қолданып отырады. Мысалы, сабақ өткенде ауызша баяндау, сұхбат және картамен жұмыс істеу әдістерін бірге қолдануға болады.

Мұғалімнің материалды ауызша баяндауы.

Сабақта ауызша түсіндірудің үш әдісі бар; сұхбат, түсіндіру, лекция. Сұхбат дегеніміз – бұл белгілі бір нәрсені, оқиғаны суреттеу, баяндау. Мысалы, жер сілкінісін, вулканның атқылауын, өзеннің ағысын, қалалардың орналасуын, т.б. суреттеу. Мұғалім сабақты ауызша баяндағанда оқиғаны оқушылардың көз алдына елестете алатындай болуы керек. А. Чеховтың: «Табиғатты суреттеу қысқа әрі сипатты болуы керек», – дегеніндей табиғаттың кішкене бөлшектерін топтастырып, жалпы табиғаттың суретін бейнелеуге болады.

Әсерлі әңгімені дайындау үшін мұғалім әйгілі географиялық

ғылыми әдебиеттерден, очерктерден, саяхатшылардың күнделіктерінен және көркем шығармалардан сабаққа қатысты қажетті материалдарды жинақтайды. Мысалы, мұғалім сабақта ормандар туралы әңгімелемекші. Оқушылар сабақты түсінуі үшін, олар ең бастысы, орманда өсетін өсімдіктерді білуі керек. Оқулықта ол өсімдіктердің атаулары жазылған. Оқушылар әрбір ендіктердегі орман өсімдіктерін салыстырып, мұғалімнің баяндауы бойынша көз алдарына елестете алады.

Баяндау мен түсіндіру – бір-бірімен өте тығыз байланысты әдістер. Тақырыптық карта және әртүрлі оқулықтармен жұмыс жасағанда оқушылармен сұхбат орнатамыз. Мысалы, «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы» курсына Қазақстанның өнеркәсібі туралы төмендегідей жоспармен өтуге болады:

1. Қазақстан өнеркәсібінің дамуы мен қалыптасуы.
2. Қазақстан өнеркәсібінің салалары.
3. Көне және жаңа өнеркәсіп салалары.
4. Өнеркәсіп тораптарының орналасуы, т.б.

Лекция – жоғары сыныптарда қолданылатын әдіс. Лекция материалды бүтіндей түсіндіру мен суреттеуде қолданылады. Лекцияда, ең бастысы, материалдың мазмұны мен мақсатын түсіндіре білу. Орта мектептерде оқушылар лекция сабақтарында мұғалімнің баяндағанын жазып отырады. Лекция жоспары арқылы оқушылар материалдың мазмұнымен танысады. Мұғалім материалды ауызша түсіндіре отырып, кездесетін терминдерді тақтаға жазса, оқушылар оны дәптерлеріне көшіріп отырады. Лекцияны бастамас бұрын сынып тақтасына, алдымен, жаңа сабақтың тақырыбы, содан кейін жоспары жазылады. Кейде мұғалім оқушыларға үй тапсырмасын басқа әдебиеттерден беруіне тура келеді. Оқушылардың есінде қалуы үшін мұғалім оны тақтаға жазады немесе ауызша айту арқылы дәптерге жаздырады. География пәні ғылыми терминдерге өте бай, оқушылар пәнде өте көп жаңа сөздермен танысады. Оқушылар оларды қате айтпауы үшін, мұғалім сөздерді үнемі тақтаға жазып, дұрыс оқылуын қадағалап отырады.

Сұхбат. Сұхбат әдісі арқылы мұғалім оқушыларға сұрақ қоя отырып, олардың білімін, іскерлігін тексереді және жаңа

білімдерін арттырады. Дидактикадан мәлім, сұхбат әдісі оқушылардың бұрын өтілген материалдарын естеріне түсіреді және жаңа материалды жақсы меңгеруіне жәрдем береді. Географияда сұхбат өте керекті әдіс болып табылады. Сұхбат, әсіресе өлкетану, бақылау, оқулық және карталармен жұмыс жасағанда өте қажетті әдістің бірі. Сұхбат әдісіне ең қажетті нәрсе – материал мазмұнына сәйкес, сұрақтарды дұрыс құрастыра білу. Максатына қарай сұхбат 3 түрге бөлінеді: кіріктіру, түсіндіру және жинақтап қорыту.

Кіріктіру сұхбаты – бұл оқушылардың естерінен шыға бастаған материалдарды қайтадан есіне түсіруде және жаңа материалды бастауға қолданылады. Мысалы, 7-сыныптың «Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы» пәнінде мұғалім Африканың климатын түсіндіре отырып, «климат» сөзіне анықтама беруін сұрайды. Сонда оқушылар 6-сыныптағы материалдарды естеріне түсіруіне тура келеді. Мұғалім климат сөзіне анықтама ала отырып, өткен тараулармен жаңа сабақты байланыстырады.

Түсіндіру сұхбаты – бұл сұхбат әдісінің күрделі түрі. Мұнда оқушыларға сұрақтар қойылғанда олардың карта, оқулық, т.б. материалдармен жұмыс жасауларына тура келеді. Мысалы, «Қазақстанның климаты» тақырыбында оқушылар климатты құраушы факторлары дегенде, Қазақстанның географиялық орны, сағаттық белдеуі, климаттық белдеулер, т.б. карталармен жұмыс істей отырып, түсіндіреді.

Қорыту әдісі ірі тарауларды қайталап қорытындылауда қолданылады.

Соңғы уақыттарда жоғары сыныптарда конференция сабақтар өткізіле бастады. Сұхбатқа қарағанда конференцияның артықшылығы – оқушылар дайындығына уақыттың көп жұмсалыуы және алдын ала дайындалатындығы. Көбінесе оқушылар басты тұлға болып, мұғалім бағыт-бағдар ғана беріп отырады.

Мұғалімнің дауыстап оқуы. Ауызша әдістің бірі – мұғалімнің дауыстап оқуы. География сабақтарында көбінесе табиғаттың тылсым құбылыстары, саяхатшылардың күнделіктері, табиғаттың тамаша көріністері, т.б. дауыстап оқытылады. Бұл әдіс оқушы-

лардың зейінін сабаққа аударуда, қызығушылығын арттыруда және ақын-жазушылардың шығармаларымен тереңірек таныстыруда қажет. Егер материалды дұрыстап және мәнді бір үзінді оқылса, бұл өте бай педагогикалық үдеріс. Мұғалім өзіне керек материалды қайдан алуы мүмкін? Бұл мақсатта географиялық хрестоматиялар, география кітаптары, көркем шығармалар, географиялық баяндамалар, саяхатшылардың күнделіктері және т.б. шығарылған. Қазіргі уақытта география курстарына арналған арнайы географиялық хрестоматиялар бар. Бірақ бір хрестоматияның өзі мұғалімге аздық етеді. Материалдарды көркем әдебиеттерден, арнайы географиялық кітаптардан, журнал және газеттерден жинау қажет.

Қазақстандық ақындардың жер-су туралы өлеңдерінен бастап, Асан Қайғы, Қорқыттардың қазақ жері туралы өсиеттерін қолдануға болады. Қазтуған, Махамбет жыраулардың атамекен жайлы өлеңдерін, С. Сейфуллин, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, т.б. табиғат көріністері жайлы жырларын, Ш. Уәлихановтың саяхаттары мен зерттеулерінен үзінділер алуға болады. Сонымен бірге «География және табиғат», «Қазақстан мектебі» журналдары мен «Атамекен» газеттеріне жарияланған материалдарды да қолданудың маңызы зор. География сабақтарында қазіргі кезде экологиялық тақырыптарға арналған материалдар жиі қолданылады.

Материал жинағанда, оның сабақ тақырыбына сәйкес келуі, оқушылардың жас ерекшеліктері, оның ғылыми және педагогикалық құндылығы ескеріліп отырады. Оқуға тандалған үзінділер оқушыларға қызықты және мазмұны пайдалы, тәрбиелік маңызы болуы шарт. Оқушылар жалығып кетпейтіндей әрі қысқа, әрі нұсқа болуы керек. Үзіндіні дайындағанда мұғалім оны алдын ала өңдеп, керекті жерлерін белгілеп, керек емесін алып тастайды. Бұған мысал ретінде әртүрлі үзінділерді аламыз; өлең-жырлар, географиялық мазмұны бар көркем шығармалар, очерктер, т.б.

Мұғалім бір үзіндіні оқығанда, оны түсіндіріп өтуі қажет. Географиялық картадан мәтінде айтылған жерлерді көрсетіп, тіпті, суреттерін көрсетуге де болады. Оқыған нәрсе есте қалуы үшін оқушыларға есіткен материалдары бойынша сұрақтар қойып, оны ауызша айтып беруін талап ету керек. Соңғы кезде

мұғалімдер атақты артистердің, әншілердің әндері мен жырларын үнтаспаға жазып, магнитофон арқылы тыңдатып жүр. Бұл оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады.

4.2. Географияны оқытудағы көрнекілік және сарамандық әдістер

Географиялық бақылау. Географияда бақылау жұмысының маңызы үлкен. Оқушыларда бұл кезде іскерлік пен дағды қалыптасады. Сонымен бірге бақылау табиғат құбылыстары мен шаруашылық сипаттары жөніндегі білімдерін де тереңдетуге көмектеседі. Әдетте географиялық бақылаулар сыныптан тыс уақыттарда өткізіледі. Ондай бақылаулар экскурсия кезінде орындалады. Бақылау көбінесе топтық сипатта жүргізіледі. Топтық бақылауда:

– өзен режимі; құдықтағы судың деңгейі; таудағы топырақ түрлері; Ауылшаруашылық жұмыстары, т.б. анықталады.

Мектеп жанындағы географиялық алаңдарда:

– ауа райын бақылау; күн биіктігін анықтау; күннің шығысы мен батысын белгілеу; поляр жұлдызының орнын анықтау, т.б. бақылаулар жүргізіледі.

Бақылаудың кейбіреулері оқу бағдарламасына енгізіліп, оқушылар оларды кезекпен орындайды. Ал басқалары сыныптан тыс уақытқа жоспарланып, өткізіледі. Бақылауды оқушылар мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайды. Әр бақылаудың өзіндік бағыты мен мақсаты болады. Бақылау үдерісінде жиналған материалдарды өңдеп, сабақтарда пайдалануға болады.

4.3. Географиялық иллюстрация және олармен жұмыс істеу әдістері

Географиялық көрнекі құралдарға: суреттер, көріністер, әртүрлі пейзаждар жатады. География оқулықтарында иллюстрациялық материалдар өте көп беріледі. Көбінесе көркем суреттер тақырып мазмұнына орайластырылып беріледі. Географиялық көркем суреттерге арнайы жасалынған қабырғалық картиналар жатады. Мысалы, 7-сыныптың «Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы» пәнінде 20 сериядан тұратын қабырғалық суреттер жасауға болады, оған:

- саяхатшылар мен зерттеушілердің жүрген саяхаттары;
- әр материктің ашылу тарихы;
- материк бедерлері; өсімдіктері; жануарлары; мұхит ағыстары; вулкандар, т.б.

Сонымен бірге табиғат көріністерін бейнелейтін пейзаждар. Мысалы, «Көкшетау көрінісі», «Қазақстан қорықтары», «Сексен көл», т.б. Мұғалімдер көбінесе қабырғалық суреттерді, альбом, буклет, плакаттарды өздері жасайды.

Көркемдеу әдісі – өте қажетті оқу құралы. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіріп, қажетті көріністі суреттен көрсетеді. Немесе белгілі бір суретті көрсетіп, ол туралы оқушылардан сұрайды. Сөйтіп, сұхбат әдісін орнатады. Кейде мұғалім жаңа сабақты иллюстрациямен бастайды. Мысалы, 6-сыныптың физикалық географиясында тау және жазық жер өзендерін өткенде оқулықта олардың суреттері болады. Сонда оқушылар өзеннің екі түрін бір-бірімен салыстырып көріп, айырмашылықтарын бірден түсінеді. Көркемдеу әдісі сабақтың үстінде және сабақ соңында қолданылады.

Оқушыларға суреттер арқылы өзіндік жұмыс та беріледі. Мысалы, 7-сынып оқушысы оқулықтағы суретке қарап саванның географиялық орны, климаты, өсімдік және жануарлар дүниесі, т.б. айтып береді. Суретте біз баобоб өсімдігін, акацияны, өзен жағасындағы орманды көреміз деп бір оқушы суреттесе, екінші бір оқушы саванның мұғалім қойған сұрағына байланысты сипаттайды. Қысқы саванның аспаны бұлтсыз, жасыл өсімдіктері қурап қалған, баобоб ағаштарының жапырақтары түскен, жануарлар дүниесі аз деп суреттейді. Африканың саваннысындағы өсімдіктерді сипаттағанда суреттер мен кеппешөптерді қолдануға болады.

Сынып қабырғасында ілініп тұрған суреттерді оқушылар жиі көретіндіктен қызықпайтын жағдайлар кездеседі. Ал ашық хаттар, фотосуреттерді, т.б. эпидиаскоп арқылы көрсетуге тура келеді. Сондықтан көрнекіліктерді жиі ауыстырып отыру қажет. Диапозитивтер мен диафильмдерді қолдану да тиімді. Олардың әртүрлі маркалары мен түрлері бар. Мысалы, әрбір материктің диапозитиві болса, материк мемлекеттерінің диафильмдері бар. Вулкандар тақырыбын өткенде диапозитивтер арқылы олардың

құрылысын, атқылауын, орнын, т.б. көрсетсек, жеке «Кракатау», «Фудзияма», «Сопка» диафильмдері арқылы вулкандарға сипаттама бере аламыз.

Диафильмдер диапозитивтерге қарағанда сценарийлері бар кадрлардан тұрады. Диафильм табиғаттың күрделі үдерістерін немесе мазмұнын ашуға көмектеседі. Мысалы, «Зілзала» деген диафильмді көрейік. Бұл диафильм 4 фрагменттен тұрады;

1. Жер сілкірудің адамдарға зияны.
2. Зілзаланың болу себептері.
3. Сейсмограф құралы.
4. Зілзаладан сақтану жолдары.

Диафильмнің мазмұны оқу материалының мазмұнын түгел түсіндіріп береді. Мұғалім картадан диафильмде көрсетілген жерлерді көрсетіп, оқушылармен сұхбат жүргізіп отырады. Диафильм материалдары арқылы елдерді, аудандарды, ауылшаруашылығын көрсетуге болады. Олардың уақыттары 15 минуттан 1 сағатқа дейін болады.

Жергілікті жердегі сарамандық жұмыстар

Географияны оқытуда тәжірибенің рөлі үлкен. Көп жағдайда бұл тәжірибелер физикалық күй мен биологиялық бағытта жасалынады. Табиғатта болатын үдерістер мен оқиғаларды зерттеуде география пәніндегі тәжірибелердің маңызы зор.

Мектеп географиясында кең тараған тәжірибелер:

1. Судың жылдамдығын өлшеу.
2. Судың шаю уақыты мен үдерісін анықтау.
3. Сарқырамалардың пайда болуын білу.
4. Ауа құрамын анықтау.
5. Ауа ылғалдылығын білу, т.б.

Бұл тәжірибелер жалпы физикалық география пәніне қатысты. География курсы бойынша әртүрлі сарамандық жұмыстар өткізіледі. Оқушыларда сарамандық жұмыстарды орындауда білім мен іскерлік пайда болады және қалыптасады. Топографиялық сарамандық жұмыстарға тұсбағар, поляр жұлдызы, жергілікті жердің объектілері арқылы бағыттарды анықтау, арақашықтықты көз мөлшер және рулетканың көмегімен өлшеу, төбелердің абсолюттік биіктігін өлшеу, жергілікті жердің планын сызу,

жергілікті жердің географиялық ендігі мен бойлығын өлшеу, т.б. жатады.

4.4. Карта және басқа да картографиялық шығармалармен жұмыс істеу әдістері

Әрбір географиялық карта картографиялық тордан, белгілі масштабпен сызылған құрлық пен судың кескінінен тұрады. Оқушылар географиялық картамен жұмыс істегенде мыналарды білуі керек: 1) бағдарламаға сәйкес географиялық номенклатура және нақты картографиялық түсініктер; 2) картада бейнеленген объектілер мен құбылыстарды түсіне білу; 3) географиялық объектілерді картадан көрсете білу.

Картаны оқи білу 2-кезеңнен тұрады:

1. Шартты белгілері мен таңбаларды ажырата біліп, сол арқылы объектілер мен құбылыстарды оқу.
2. Карта арқылы түспеген жерлерді анықтай алу. Мысалы, физикалық картада Қызылқұм шөлінің географиялық орнын анықтаса, кейіннен тақырыптық карталар арқылы ландшафт элементтеріне сипаттама береді.

XIX ғасырдың II жартысында орыс әдіскер-педагогы А. Брызгалов: «Оқушы картаға қарап бәрін білуі үшін географиялық шартты белгілер, музыкалық ноталарға ұқсап анық болуы тиіс», – деген екен. Географиялық картаны оқу географиялық ендік пен бойлық, градусық тор, масштаб, кейін территориялар мен географиялық объектілерге сипаттама беруден басталады. Жалпы, географиялық карталарға қарағанда арнайы карталарды оқу қиын. Сондықтан оқушы, алдымен, жалпы картамен, кейін арнайы карталармен танысады. Мысалы, Қазақстан мемлекеті жайында алғаш географиялық орны туралы картадан өтсе, кейін тақырыптық карталар арқылы пайдалы қазбалары, климаты, ішкі сулары, жер бедеріне тоқталады. Экономикалық картасы арқылы шаруашылығы мен халқына, саяси-әкімшілік бөлінулеріне, т.б. сипаттама береді.

Оқулықта және атластарда арнайы карталар сызылады. Мұғалім сабақ кезінде осы карталар бойынша сабақты түсіндіруге тырысады. Арнайы карталардың шартты белгілері өте көп, оқушылар олардың барлығын естерінде қалдыра алмайды. Олар

шартты белгілерді ажыратуы үшін өзіндік жұмыстар беріледі. Мұғалім карта арқылы сұрақтар бере отырып, білімді бекітеді.

Мектеп географиясында карталар түрлі-түсті фонмен беріледі. Әрбір территория түрлі фонмен боялады. Фон әдісі арнайы карталар мен атластарда, мысалы, топырақ түрлері, өсімдіктер, саяси-әкімшілік бөлінулер, табиғат зоналары, т.б. бейнелеулерде жиі қолданылады.

Арнайы карталарда сызықтық әдістермен жолдар, шекара, өзен торлары бейнеленсе, қозғалысты бейнелеу әдістері арқылы желдің, ағыстың бағыттары, соғыстың бағыты және экспорт, импорт өнімдерінің бағыты, т.б. кескінделеді. Ал геометриялық белгілер арқылы пайдалы қазбалар, өнеркәсіп салалары, халық саны, қала пунсондары, т.б. беріледі.

5. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ОРЫНДАЛАТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР

5.1. Өзіндік жұмыс-кәсіби біліктілік көзі

Өзіндік жұмыс дегеніміз – мұғалімнің тапсырмасы оның әдістемелік жетекшілігімен, бірақ қатысынсыз орындалатын оқушылардың жоспарлы жұмыстары. Өзіндік жұмыс тек жеке-леген пәнді меңгеру ғана емес, сонымен қатар оқу, ғылыми, кәсіби іскерлік, өзіндегі жауапкершілікті сезіне білу, дербес жұмыс істеуге үйрену. Сондықтан да өзіндік жұмыс білікті маман дайындаудың негізгі бір тиімді жолы болып табылады. Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үдерісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу мәдениетін көтеруге, шығармашылықпен жұмыс істеуге және ғылыми жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасайды.

Өзіндік жұмыстың тәрбиелік жағы да басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығу, т.б.) қалыптасуына әсер етеді.

Өзіндік жұмысты берерде мұғалім оқушының бастапқы білімі мен іскерлік деңгейіне, материалдың түсініктілігіне, бірізділігіне, пәннің мазмұнын қамтитындай дәрежеде берілуіне үлкен мән береді. Оны орындау барысында мынадай саналылық, бірізділік, жүйелілік ұстанымдары қамтамасыз етілуі тиіс:

– білімнің күрделілігі дамудың жақын аймағына (Л. Выгодский) сәйкестігі;

– пәннің логикалық жүйесі мен игеру деңгейіне қарай тапсырманың бірізді берілуі;

- тапсырманың көлемі оқушының оқу мүмкіндігіне сай болуы;
- әрекет деңгейіне бейімделіп берілуі, т.б.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздігінен білім алу мәселесін С. Архангельский, М. Герунов, С. Зиновьев, П. Пидкасистый, И. Лернер, В. Беспалько, т.б. ғалымдар қарастырды. Ғалымдардың зерттеулерінде студенттердің өзіндік жұмысы келешек маманның шығармашылық ойлауын, ғылымға қызығуын, кәсіби қарым-қатынас қажеттілігін туғызатын оқыту әдісі, таным үдерісі, студенттің өз бетінше жасайтын іс-әрекеті, дербес әрекеттің сипаты және оқушы қабілетінің көріну формасы, оқу үдерісінің негізі, студентті өз бетімен білім алуға дайындаудың жолы ретінде сипатталады.

Жоғары мектептегі өзіндік жұмыс – оқу үдерісінің бір бөлігі, оқытудың әдісі, оқу-танымдық әрекеттің тәсілі, сипаты, бірзділігі, типі, тексеру формасы жоспарланған кешенді, мақсатты оқу әрекеті.

Өзіндік жұмысты басқарудағы мұғалімнің әрекеті:

- жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындау;
- білімі мен тәжірибесін беру;
- әрекетті ұйымдастыру;
- өзіндік жұмысты жоспарлау;
- оқу-әдістемелік нұсқаулар дайындау;
- өзіндік жұмысты тексеру формасын анықтау, т.б.

Өзіндік жұмыстың нәтижелі болуы оны ұйымдастыра білумен тығыз байланысты. Ұйымдастыру жұмысты ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары деп бөлеміз.

Ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралар:

- өзіндік жұмысты жоспарлау, кесте түзу;
- оған кететін уақытты анықтау;
- оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету;
- техникалық құралдар даярлау;
- тексеру формасын, мерзімін анықтау.

Ғылыми-әдістемелік іс-шаралар:

- оқу материалымен жұмыс істеудің жолымен таныстыру;
- қажетті құжаттардың нұсқасын дайындау;
- әдістемелік басшылық жасау;
- нәтижеге талдау жасау, т.б.

Өзіндік жұмыс оқу үдерісімен тығыз байланысты болғандықтан, оны ең алдымен, екіге бөліп қарастыру керек:

1. Дәрісханалық өзіндік жұмыстар;
2. Дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстар.

Дәрісханада орындалатын өзіндік жұмыстарға дәрістік, тәжірибелік және зертханалық сабақтар кіреді.

Дәрісханадан тыс орындалатын өзіндік жұмыстарға дәріс материалдарын толықтыру, семинар сабақтарына дайындалу, реферат жазу, үй тапсырмасын орындау, курс, диплом жұмыстарын жаздыру. Өзіндік жұмыстың өзі дәрісті тыңдау және оны жазу, мәтінмен жұмыс істеу, тезис, конспект жазу, семинар дайындау, үйірмеге қатысу, ғылыми жұмыстармен айналысу сияқты іс-әрекеттерден тұрады.

Географиядан өзіндік жұмыс. Өзіндік жұмыс – бұл мұғалімнің оқушыларға беретін тапсырмасы. Өзіндік жұмыстың негізгі міндеті – бұл оқушылардың өздерінің жаңа білімді игеруі. География курсына оқушылар өзіндік жұмыс арқылы жаңа білім жинақтайды, картаны оқиды және мәліметтерге сараптама береді.

6-сыныптың физикалық географиясы курсына оқушылар негізгі географиялық терминдерді үйренеді. Оқушылар өзіндік жұмыс арқылы терминдік сөздерді жаттайды. Мысалы, оқулықтың суреті арқылы көрсетілген объектілердің, үдерістердің ерекшеліктерін түсінеді.

Оқушылар курс бойынша бірте-бірте жеке объектілерден жоспарлы объектілерге өтеді. Мысалы, алғашқы кезде Анд тауының географиялық орнын анықтаса, уақыт өте келе, оның табиғаты мен құбылыстарына сипаттама береді.

5.2. Оқулықпен жұмыс істеу әдісі

Оқулықты пайдалана білу әдісі мектепте емес, сонымен қатар мектепті бітірген соң да керек. Оқу кезінде де және өздігімен білімін көтеру ісінде де оқулықтарды дұрыс қолдана білу талапкер жастарға көп көмегін тигізеді.

География оқулығы – оқушылардың білімі мен тәрбиесін жетілдіруде басты құралдардың бірі. Оқулық географиядан берілетін білімнің бағдарлама талабына сай көлемін және жүйесін анықтайды, сондықтан ол мұғалімге және оқушыларға

әрдайым оқып-үйрену үшін қажет. Материалдың оқулықта қалай берілгеніне қарай оқушылар игеретін білім деңгейі де күрделене түседі.

Жақсы оқулық балаларға білімді ойдағыдай меңгеруіне көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар пәнге ықыласын тудырады.

География оқулығының басты бір ерекшелігі, мәтіндік құрам бөліктен (компоненттен) басқа карталар, суреттер, фотосуреттер, сызба, кесте, профильдерден тұрады. Осындай құрам бөліктерді қосымша қолданған кезде ғана жұмыс табысты болмақ.

Қазіргі қолданылып жүрген география оқулықтарының тиімді әрі түсінікті болуы олардың әдістемелік құрал-жабдықтары түгелге жуық жаңартылды: әртүрлі тапсырмалардың көлемі өсті (білім негізін байыту, оқылған материалды дәйектеу, өз бетінше білігі мен білімін қолдана білу, т.б. негізделген). Сондай-ақ оқу құралдарының барлығын бірдей пайдалану мүмкіндігі туды. Әрине, мұның барлығы оқушылардың аталмыш пәнді толық игерулеріне көп көмегін тигізеді. Жалпы мектептердегі жұмыс тәжірибесі көп мұғалімдердің география оқулықтарының функциясын толық игергенін және оларға сәйкес әдістемелік оқуды қолдануға ынталы екендіктерін көрсетеді. География оқулықтары сабақта жаңа тақырыпты өткенде көп жәрдемін тигізеді. Әсіресе мәтіндік карталы оқулықтар, санақ материалдары (қолдану кестелері, графиктер) жиі қолданылады. Оқулықтарда сабақ үстінде материалдарды сұрыптауға, оқушыларға қойылған сұрақтардың мәні мен түріне көп көңіл бөлінеді.

Бірақ іс жүзінде әлі де соңғы география оқулықтарындағы білім, тәрбие мүмкіндіктері толығымен қолданылмайды. Кейбір мұғалімдер сабақта оқулықты қолдануда, оларды жаңа тақырыпты білуге пайдалануда, білімді бақылауда ондағы материалдарды жеткіліксіз білуінің салдарынан қиналады. Мұндай оқу үдерісі өте қауіпті, себебі сыныпта балаларды әдейілеп кітаппен жұмыс істетпеуге алып келеді, берілген материалды игеру қиындай түседі, сөйтіп, білім және тәрбие сапасы төмендейді. Бірақ жұмыс басқа оқу құралдарынсыз, керісінше, тек қана оқулықпен шектеледі. Мұғалім тапсырманың оқулыққа тікелей байланысты болуын және оқушылардан оқулықтағы тақырыпты дұрыс қабылдауларын қадағалайды. Осындай оқыту бағыты

ұзақ мерзімге созылып кетсе, онда тиянақты оқып-үйренуге мүмкіндік болмайды, себебі оқушылардың пәнге ынтасы жойылады, олардың білімі үстірт болып шығады, ал ең басты жұмыс амалы – есте сақтау. Осындай бағыттарда оқушылар үй тапсырмасын орындау кезінде белгілі қиындықтарды сезінеді, мысалы, үздіксіз оқулық арқылы қабылдау оқушының көп уақытын алады. География оқулығымен жұмыс істеуді жоспарлаған кезде кейбір мұғалімдер рационалдық жұмысты тандауға мән бермейді. Кейбір түсініктеме оқу қолданған кезде барлық сыныптарда оқушылардың жас қабілеті ескерілмесе, орта және жоғары сыныптардағы оқушылардың сабаққа ықыласы төмендейтіні байқалады. Сондықтан 5-7 сыныптарда сабақ өткенде (бұл әдіске оқушыларды бастауыш сыныптарда үйретсе де) оқушыларға тақырыптық жоспар құруды үйреткеніміз жөн.

Оқулықпен жұмыс істеуді біз осы кезге дейін тақырыппен және тақырып құрам бөліктерімен жұмыс істеу деп түсініп келдік. Ал география оқулығына мұндай көзқарас дұрыс емес. Географиялық тақырыптарды қосымша құралсыз, карталар, иллюстрациялық материалдар, статистикалық анықтамаларсыз түсіну қиынға түседі. Сондықтан география оқулығымен жұмыс істеген кезде оқулықтың әрбір құрам бөліктерін, сонымен қатар бірнеше құрам бөліктердің бірге өтілуіне көңіл бөлінгені жөн.

География оқулығының мазмұны, оның әдістемелік құрал-жабдықтары география сабағын өткізудің арнаулы әдістерін белгілейді: 1-сызбанұсқада оқулықтың әртүрлі құрам бөліктерімен жұмыс істеу көрсетілген: тақырыптық-тақырыппен, сұрақтар және тапсырмалармен, география терминдерімен және ұғымдар туралы сөздіктермен: мәтінен тыс профилімен, статистикалық материалдар (кестелер, диаграмма, графиктер), карталармен, фотосуреттер және суреттермен (сурет түрінде).

Оқулықпен жұмыс істеу әдісінің көп бөлігі 5-6 сыныптардың курсына кіреді, мұнда оқушылар осы әдістермен танысады, олардың өздігінен жұмыс істеуі жоғары 7-9 сыныптарда басталады.

Оқулықты қолдану әдісі. География оқулықтарын кешендік әдіспен оқытуға да болады. Олар негізгі білім беру көзі ретінде әрі сабақты басқа да оқыту түрінде пайдалана береді.

Оқулықпен жұмыс істеу ережелері төмендегідей:

– оқулықпен танысу (оның құрылымы және әдістемелік аппараты); белгілі пәннен және басқа пәндерден дайындық жүргізе отырып, тақырыпты қабылдау әдісі; этаптық оқу әдісі арқылы кітаппен жұмыс істей білу; оқулықтағы әртүрлі құрам бөліктерімен жұмысты үйрену әдісі; әрбіреуімен бөлек және үйлесімді жүргізу. Мысалы: нақтылы мектеп курсы және белгілі тақырыпты көрсету, оқулықпен қай курсты оқытсақ та жұмысты белгілі бір бағытта ұйымдастыру.

5-сыныпта оқушылар бірінші рет география оқулығымен, яғни пәннің арнаулы оқулығымен танысады. Сондықтан оқушыларға оқулықпен жұмыс істеу ерекшелігін жете үйрету өте маңызды. Н.А. Максимовтың «Физикалық география туралы әдістемелік құралында» (5-сынып) 5-сынып оқушыларын география оқулығымен таныстыру, келесі бетінде оқушылар оқулықты қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау берілген. Нұсқауда оқушыларды мынадай әдіспен оқытуға, үйретуге басты көңіл бөлінеді:

- тақырыпты талдау, ондағы басты мәселені көрсету;
- сұрақтармен және тапсырмалармен жұмыс істей білу;
- қосалқы анықтауыш пен (атап айтқанда, географиялық түсінік және термин сөздігімен) жұмыс;
- оқулықтың бірнеше құрам бөліктерімен және оқулықтағы тақырыпқа байланысты атлас картамен жұмыс.

Оқушылардың тақырыпты түсінуі төмендегі әдістерге байланысты:

– географиялық картамен міндетті түрде танысуы 5-сынып оқушылары үшін өте маңызды.

Ол үшін, алдымен, оқушыларды түсініктемелік оқу арқылы таныстырған дұрыс. Бұл әдіс-тақырып оқушылардың барлығына түсінікті болуын көздейді. Олар осы тақырыпта айтылар ойды жете түсінген болуы шарт. Егер кейбір түсініксіз ұғымдар болса, онда термин сөздікті қарап немесе оқытушыдан (сыныпта сабақ үстінде) сұрауға болады.

Осындай жұмыс түрлерін пайдаланған кезде оқушылардың бастауыш мектептен бастап, қалаулы және түсіндірмелік оқуды өз бетімен қолдана алатынын байқаған дұрыс.

5-сыныпта оқушылар бірінші рет географиялық картаны жан-жақты қолдана бастайтындықтан, әр уақытта да ешбір тақырып географиялық картасыз оқытылмайтынын ескертіп отырған дұрыс (бұл орналасқан объектімен байланысты) суреттер, фотоларды қолдану, сонымен қатар статистикалық материалдармен жұмыс істеуді үйрету басты мақсат.

Оқушылардың қабылдау ерекшелігі, олардың көрнекті-бейнелі ойлау қабілеті басым болуы оқулық материалдарын ойдағыдай меңгеруіне байланысты.

Оқулықтың әртүрлі құрам бөліктерімен жұмыс істеу индуктивтікті пайда етеді және ол көбіне ереже, инструкция, жазылған жоспар бойынша ұсынылады.

5-сыныпта география сабағында оқушылар термин сөздіктермен танысады. Бұл жұмыстың жауапты кезеңі. Сондықтан 5-сынып деңгейіндегі жұмыстың бұл түрі аса маңызды. Терминдер сөздігіне аса көңіл бөлу керек, егер таныс емес, жаңа термин кездессе, сөздіктің көмегімен анықтап алуына болады.

5-сынып оқушылары бастауыш физикалық география курсы оқу үдерісінде география оқулығымен жұмыс істеу ерекшеліктерімен қатар оның барлық құрам бөліктерін қолдану қажеттілігін географиялық карталармен байланысты біліп шығады.

6-сыныпта оқулықты пайдалану күрделірек. Бұл берілген курстың мазмұнына байланысты, тақырыптан тыс құрам бөліктер, карталар, профильдер, климаттық диаграммалар көбейе бастайды. 5-сыныпта география оқулығымен жұмыс істеу тәжірибесі 6-сыныпта көп жәрдемін тигізеді.

Алғашқы сабақтан бастап оқушыларды оқулықтың ерекшеліктерімен таныстыру, тапсырмалардың параграфқа дейін және параграфтан кейін өзара айырмашылықтары неде екенін түсіндіру қажет. Параграфқа дейінгі тапсырма, оқушыларға бұрыннан белгілі географиялық білім немесе жұмысты орындауды еске түсіруге көмектеседі, келесі параграфтағы материалды ойдағыдай үйренуге көмегін тигізеді. Параграфтағы тапсырма және иллюстрация оқушылар түсінігіне көп әсер етеді. 5-сынып оқушыларына оқылатын материалдың айырмашылықтарын ұғындырады.

Параграфтан кейінгі берілген тапсырма – қорытынды. Олар

әртүрлі деректерге бағытталған, байланыс себептерін көрсетеді. Көбінесе, тапсырма орындалар кезде тәжірибе жүзінде толықтырылады. Әсіресе карта туралы, суреттер, т.б. оқулықта көрсетілген көптеген иллюстрациялық материалдар оқу үдерісінде басшылыққа алынады. Картасызбанұсқалар, керісінше, қосымша материалдар, оқулықтағы тақырыптар – хабар, жаңалық көзі.

Берілген материалды оқып, есте сақтап қалу үшін, тақырыптың басты мәліметін тауып, астын сызып қою, тақырыптың құрылысын белгілеу немесе жоспар құру өте қажетті екенін мұғалім жете білгені жөн. Бұл тәсілдер 6-сынып оқушыларына физикалық географияның басты курсынан-ақ белгілі. Ал тақырыппен және тақырып картасымен жұмыс істеу тәсілі олар үшін жаңалық. Карта, біріншіден, жердің географиялық қалпын қарастыруға қолданылады. 6-сынып оқушылары оқу жылының соңында тақырыптарды талдау (анализ), яғни мәтіндік керекті мәліметті табу, керекті бөлігін белгілеу, жоспар құру, салыстыруды еркін білуі керек.

Бұл әдіс 6-сынып оқушыларының сурет салу қабілетін жетілдіреді, мәтіндік карталармен, статистикалық материалдармен жұмыс істеуге ықыласын күшейтеді.

8-сыныпта «Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығымен жұмыс басталады. Айтылып өткен әдістемелерде материктер географиясы оқулығымен ортақ нәрселер баршылық. Осыған 8-сынып оқушылары көңіл қойса, олардың оқулықпен жұмыс істеулері әлдеқайда жеңілдейді. Сондай-ақ 6 және 7-сыныптарда оқылған география курсы 8-сыныпта да жалғастырылады әрі берілген курсты түсінуге көмектеседі.

Оқыту барысында оқулықтың басқа да құрам бөліктерімен – мәтіндік карталар, терминдер сөздігі, суреттер және фотолар қоса қолданылады. Сол сияқты, физикалық-географиялық профиль де білімнің қайнар көзі ретінде қосақтала жүреді.

«Рельеф, геология құрылымы және пайдалы қазбалар» тақырыбында оқушылар жаңа этапты өткенде бұрын өткен материалды бекітуге өздігінше талпыныс жасайды, геохронологиялық кесте жер бетінің ерекшелігін түсіндіру үшін қолданылады.

8-сыныптың физикалық география оқулығы 9-сыныптың экономикалық географиясынан әлдеқайда өзгеше, бірақ оқулықтардың оқыту әдістемесі бір-біріне ұқсас.

9-сыныптың оқулығымен жұмыс істегенде көп жағдайда, нұсқауға көңіл бөлген дұрыс. Берілген оқулықта оның ерекшеліктері мен жұмыс істеу ережесі өте жақсы көрсетілген. 9-сынып оқулығымен жұмыс істеуде маңызды бір аспектіні міндетті түрде ұмытпаған дұрыс.

8-сыныптың физикалық география курсынан Қазақстанның экономикалық географиясына көшкенде 9-сынып курсының материалы оқушыларға қиын көрінеді, онда арнайы терминдер жеткілікті, соған оқушыларды бірте-бірте үйрету, түсіндіру керек. Сондықтан оқулықтың маңызы зор, ол – ақпарат көзі.

Оқушыларды экономикалық география оқулығымен шектеп қана қоймай басқа әдебиеттермен жұмыс істеуге үйретіп, оқушылардың сабаққа ынтасын арттырады. Оқушыларды экономикалық терең білімге жетелейді.

Оқулықтың әдістемелік құралдары әртүрлі құрам бөліктерімен толықтырылған (мұнда, көбіне, мәтіндік карталар, кестелер). Бекіту этапында – мәтіндік карталарды және сызбанұсқаларды көбірек қолдану үлкен маңызға ие.

Әрі қарай мәтінді талдау, карталарды, сызбанұсқаларды пайдалану, экономикалық географияның мазмұны. Тақырыппен және сызбанұсқалармен жұмыс істеу 9-сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытады.

Экономикалық география оқулығымен жұмыс істеу статистикалық материалдармен жұмыс істеу болып табылады.

9-сынып оқушылары элементарлы экономикалық есепті шығарып, берілген кестені талдау, жүйелей білу, оларды дәлелдеу жолдарын білгендері жөн. Жұмыстың бұл түрі оқушыларды қызықтырады және сабаққа құлшынысын арттырады.

10-сыныпта оқушылар «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығын оқиды. Оқулықтың сабақта қолданылуы 9-сыныптарға қарағанда оңайырақ болады, себебі 10-сынып оқушыларының дайындықтары көбірек, экономика-географиялық білімді игеруге де, географиялық оқулықпен жұмыс істеуге де дайындықтары жеткілікті. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясын оқу үшін оқушыларға басқа бір жұмыс әрекеттерін пайдаланудың қажеті жоқ, бұрынғы сыныптарда меңгерілген барлық әдістерді іске асырады. Тақырыпты

талдауға, статистикалық материалдарды және мәтіндік карталарды, оқулықтағы әртүрлі құрам бөліктерді қолдануға көңіл бөлу керек.

География – оқушылардың білімін көтеруде ең бір негізгі оқулық. Оқушылардың білім алу барысында басты көңіл аударатын мәселе – олардың географияға қызығуын тудыра білу. Бұл мұғалім шеберлігіне байланысты.

Сабақ – шығармашылық жұмыс, өйткені сабақты түрлендіру арқылы мұғалім оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Осыны басшылыққа алып, оқушылар жаңа оқу материалдарын оқып-үйренген кезде, таным белсенділігін арттыру арқылы сабақта білім мен шеберліктің саналы түрде бөлінуіне үлкен көңіл бөлу керек.

Оқушылардың таным белсенділігін арттырудың бірден-бір жолы – оқулықпен жұмыс. Білім көзі – оқулықта. Оқулықпен жұмыс істеуді дұрыс жолға қою арқылы оқушылардың сабақ барысында және үйде кітаппен жұмыс істей білуін, пәнге қызығуын, өздігінше ізденіп, білімін толықтыруын қамтамасыз етуге болады. Оқулық ғылыми тұрғыдан қанша дұрыс болса да, материалды өз дәрежесінде сапалы меңгерту мұғалімнің әдістемелік шеберлігін, оқушылармен жұмыс істеу тәсілінің тиімділігін қажет етеді. Оқулықпен жұмыс істеу түрлерін өзгерту арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға болатыны күнделікті іс-тәжірибеден айқын байқалуда.

Оқулықпен жұмыс істеудің түрі көп. Оның ең негізгісі – мәтінмен жұмыс. Мәтін бойынша жұмыс бірнеше жолмен іске асады:

1. Түсіндірмелі оқу.
2. Іріктеп оқу.
3. Жоспар жасау.
4. Мәтін мазмұны бойынша кесте, сызбанұсқа, диаграмма жасау, мәтін мазмұны бойынша салыстыру.
5. Мәтін ішіндегі ең негізгісін табу.
6. Түсінігін айту.
7. Түрлі-түсті суреттер бойынша жұмыс түрлері, сызбанұсқаларға талдау жасау.
8. Диаграммалармен жұмыс.
9. Оқулықтағы тапсырмалар мен сұрақтар бойынша жұмыс.

10. Тақырыптың мазмұнын оқып, меңгергеннен кейін қайталап сұрау не тапсырма беру.

11. Тақырыпты алдын ала сұрап не тапсырма беру арқылы оқушыларды жаңа тақырыпты меңгеруге дайындау.

12. Өткен тақырып пен жаңа тақырып мазмұнымен байланыстыру мақсатында тапсырмалар беру не сұрау.

13. Оқулықтағы карталармен жұмыс.

14. Картаны талдап, дәптеріне сол картаны сызу.

15. Карта бойынша әңгіме құрастыру.

16. Сөздік жұмысы.

17. Термин сөздерді дәптерге жазу.

18. Сөздік сұрау.

19. Терминдердің түсіндірме анықтамасын беру.

20. Өтілген тақырыпқа қорытынды жазу.

Оқулықпен жұмыс істеудің бұл тәсілдері оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне және бұрыннан қалыптасқан оқу дағдылары мен оны іс жүзінде қолдана білу шеберліктеріне қарай өзгеріп отырады. Оқулықпен жұмыстың шартты түрде үш дәрежесін алып қарауға болады:

1) танымдық;

2) талдауға негізделген;

3) шығармашылық.

1. Танымдық дәрежеге оқулықтағы маңызды нәрсені бөліп, мағынасына қарай топтастыру жатады:

1) жоспар жасау;

2) конспект жазу;

3) сызбанұсқа түсіру;

4) графиктер сызу;

5) диаграммалар жасау;

6) қорытындыларды тұжырымдау;

7) оқу-ізденіс;

8) оқу-сұрыптау әдістері тән.

2. Талдауға алған ақпаратты бар ақпаратпен салыстыру және оқығанда сын көзбен бағалау кіреді.

3. Шығармашылық дәрежеге материалды қайта құрастыру, өзінің ойларын ұсыну, оларды дәлелдеу және тексерудің әртүрлі жолдарын табу шеберлігі тән.

Оқушы оқулықпен жұмыс істеп, оқу-танымдық міндеттерді шешеді. Теориялық ұғымды меңгеру оқулықтағы материалды дұрыс пайдалана білуге тікелей байланысты.

География оқулықтарының бір ерекшелігі – оқушылардың өздігінен атқаратын жұмыстарын ұйымдастыруға көп мүмкіндік береді. Себебі оқулықта тек теориялық материалдар ғана емес, оған қосымша көрнекі материалдар да (диаграмма, карта, суреттер, т.б.) жеткілікті. Әр тақырыптан кейін берілетін сұрақтар мен тапсырмалар оқушылардың өздігінен жұмыс жүргізуіне өте қолайлы. Оқулықты тиімді пайдалану үшін алдын ала жоспар жасалады. Онда оқушылардың сабақ барысындағы және үйдегі іс-әрекетін нақты басқарудың жобасы белгіленеді. Оқулықпен жұмыс барысында нені оқыту, қандай сұрақтар беру, қандай тапсырмаларды орындату (жазбаша, ауызша, сыныпта, үйде) және осы жұмыстарды орындау барысында қандай қорытындыға келу қажет деген мәселелер қамтылады.

Мысалы, 8-сыныпта «Қазақстанның физикалық географиясында» «Қазақстан климаты» бойынша климат түзуші факторларды өткенде, оқушылар тақырып соңында берілген сұрақтарға жауап береді, жауап кезінде оқулықты және ондағы берілген картаны пайдаланады. Сұрақтар талданған соң, оқушылармен бірлесіп, жоспар жасаймыз. Мысалы:

1. Қазақстан климатының өзіндік ерекшеліктері.
2. Қазақстан климатының түзілуіне әсер ететін факторлар.
3. Күн сәулесі және оның түрлері.
4. Республика территориясына әсер ететін негізгі ауа массаларының типтері.

«Қазақстан өзендерінің жалпы ерекшеліктері» тақырыбын өткенде материалдың мазмұнын меңгерту оқушылардың оқулықпен және географиялық картамен өздігімен жұмыс істеуіне негізделеді.

Мұндағы мақсат – бұрын оқулықпен жұмыс жасауға машықтанған оқушылардың іскерлігін, ізденуін, картамен тақырып мазмұнын байланыстыру қабілеттерін шындай түсу.

Сабақтың мақсатын оқушыларға түсіндіріп, қандай мәселелерге көңіл аудару керек екенін талдап айтқаннан кейін мынадай тапсырма берілді. Бұл тапсырма «Қазақстанның физикалық

географиясында» «Қазақстан өзендерінің жалпы ерекшеліктері» тақырыбы бұрын өтілгендіктен, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне онша қиындық келтірмейді.

1. Оқулықтағы картаны пайдаланып, Қазақстан өзендерінің қандай алаптарға жататынын анықтаңдар.

2. Картадан ірі өзендерді тап.

3. Жер бедері сипатының өзендердің ағу бағытына әсері қандай.

Бұларға жауап беру үшін оқушылар мәтінді оқып, географиялық атлас бойынша өздігінен жұмыс істеп, оқулық мазмұнын картамен байланыстырып, ой қорытады.

Оқулықпен жұмысты тек жаңа сабақ барысында ғана емес, өткенді сұрау, үйге тапсырма беру кезінде де жүйелі ұйымдастыруға болады. Оқулықпен жұмыс істеуге үйрету оқу материалын меңгерумен қатар оқушылардың ақыл-ойы дамуын, ғылымға қызығуын, танымдық дербестігін қалыптастырады, сабаққа белсенділігін арттырады.

5.3. Өзіндік жұмыстың баланы оқыту мен тәрбиелеудегі игі ықпалы

Қазіргі қалыптасқан тарихи-әлеуметтік жағдай, қоғамдық саяси құрылым жан-жақты дамыған, білікті, нарықтық талаптың қатал тезіне шыдамды күрескер азаматтарды тәрбиелеп шығаруды алдыға міндет етіп қойып отыр. Ондай интеллектуалдық деңгейі жоғары, нағыз білімпаз, адамгершілік жағынан мінсіз тәрбиеленген жастарды қайтсек қалыптастырамыз деген сауал баршамызды толғандырып жүргені хақ. Ол үшін, алдымен, шәкірттердің қашан да бар қасиеттерді елеп-ескеруінің мәні зор. Айталық, арғы аталарынан бермен келе жатқан өнерге, білімге бейімділік атадан әкеге, әкеден балаға даритынын жоққа шығаруға болмайды. Бала әке-шешесінің кітапқа, өнерге үйірсектігін, еңбекке төзімділігін көзімен көріп жүріп соларға ұқсауға тырысады. Бай кітапханадан керегін тандап алуға, жоғын іздеп тауып толтыруға әдеттенбек. Демек, бала әке мен шешеден керегін ерте бойға сіңіріп, жоқтың орнын бар етпек, озбақ. Оны шәкірттің өзіндік тұлғасының индивидуалдық кескін-келбетінің қалыптаса бастауы деп түсінген орынды. Мұндай баланың әсершіл, сергек, сезімтал еңбекке төзімді, қайсар, табанды келетіні сөзсіз. Мұғалім, тәрбиеші

мұндай қанында өнердің, білімнің иммунитеті басым, еңбекке төзімді, төңірегіне байыппен қарап, басымдылығын аңғартып тұрған шәкіртіне ерекше, бөлекше бағдарламамен жұмыс істесе ғана оның бойындағы дарынының көзін ашпақ.

Мұғалім баланың қабілетін ескере отырып, ол үшін оқитын кітаптардың тізімін жасауы қажет. Көрнекті орыс педагогі А.Б. Сухомлинскийдің: «Без высокой культуры чтения нет ни школы, ни подлинного умственного труда» деген ойымен есептеспеген ұтылады. 5-8 сыныптарда география оқу сабағында сыныптан тыс оқытылатын шығармалардың тізімі беріледі. Кейде олар сыныпта өтілетін туындылардан мазмұны, көркемдік деңгейі жағынан төмен болады. Ол оқушы талғамын жойып алуға, оқырмандық қызығушылығын әлсіретуге әкелуі әбден мүмкін. Мұндай жағдайда ұстаз өз шәкіртінің талғамын ескеріп, тапсырмаға өзгерту енгізгеннің еш әбестігі жоқ. Ақыл-ой еңбегі оқырмандық мәдениеттің сатылай өсіп отыруына мүдделі. Айталық, Көкшетау, Қарқаралы, Баян, Жетісудың сұлулығына көзін суарып нәр жинаған оқушы М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіровтің «Көкшетау», «Туған жерім – Сасықкөл», «Аққудың айырылуы», «Жетісу суреттерін» оқып ерекше ләззатқа бөленбек. Сыныптан тыс оқуда бұл эстетикалық талғамы жоғары, ақыл-ойының танымдық қызметі күшті балаларға Қ. Аманжоловтың, С. Мәуленовтің, Қ. Мырзалиевтің, К. Салықовтың «Орал», «Байкал», «Құлын», «Түбір», «Аққу», «Циклдерін», «Қызыл кітаптарын» ұсынбасаңыз туған табиғаттың інжу-маржанына деген ыстық махаббатын салқындатып аласыз. Ұлы ақын І. Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» циклі өлеңдерінде жер жәннаты – Жетісу жерінде өсетін өсімдіктердің 375-тен, хайуанаттардың 248-ден аса түрлері беріледі. Жетісудың жеті өзенін санап береді, табиғаттың төрт мезгіліне қатысты бұл өлкенің құбылысы шебер бейнеленген.

Демек, оқушы география сабағында әдебиет, биология пәндерінен алған білімін тағы бір пысықтап байытпақ. Ұлы ақындардың жырларының көркемдігіне сүйсіне отырып энциклопедиялық біліміне қалағанынша қанбақ. Мұғалім ізденгіштігі осындай материалдардың тұсында айшықтана түскені ләзім. Оқушыларға: «Жетісуды неге жер жәннаты» дейміз? Қазақстанның басқа өлкелерінде өсетін өсімдіктер мен хайуанаттар

әлемінен мұнда өзгешелік бар ма? деген тақырыптағы тапсырмаларды үйге беріп өз топшылауларына тізгін ұсынған жөн. Факультативтік сабақтарда осы мәселелер жайында жазған рефераттары мен баяндамаларын тындап талқылаудың білімдік-тәрбиелік рөлі зор.

Әрине, педагогика ғылымы жеке тұлғаның (личность), баланың өзіндік дара қасиеттерін құрметтей, бағалай отырып, оқушылардың жұмыс істеу қабілетін жетілдіруге, дамытуға әбден мүмкіндігін теріске шығармайды. Білімнің инемен құдық қазуымен бірдейлігіне оқушыны мектеп жасынан үйрету керек. Сыныптан тыс мектепаралық конференциялар өткізіп, бір тақырыпты екі не үш оқушыға ұсынып, бірінің пікіріне екіншісі, екіншісіне үшіншісі оппонент ретінде әңгімелерін сабақтаса, мәжіліс соғұрлым қызықты тартыста өтеді. Кешегі оқулықтардағы дайын пікірлерді ғана оқып, сонымен баға алып жүрген оқушының дүниетанымы кеңіп, жаттанды пікірлермен шектеушіліктен саналы түрде безінеді. Сыныпта зерттеу әдісін өлшем еткен ойлы, білімді шәкірттер, белсенділердің қатары өспек.

Сыныпта оқушылардың өзіндік қабілетін арттыру үшін факультативтік сабақтардың бағдарламасын басқаша құрған тиімді. Өйткені қазіргі факультативтік бағдарламасы сыныпта өтетін тақырыптарға қосымша материалдарды қарастыратын деңгейде. Ол шәкірттерді ізденуге итермелейді. Сыныптағы география теориясынан берілетін мәлімет география ғылымы бойынша түсіндірілсе, факультативте параллель орыс, шетел география ғылымында осы мәселе қай еңбектерде қалай қарастырылатыны байыпталса, оқушылардың ой-дүниесі қаншама байып шығар еді. Тек география теориясы ғана емес, көркем шығармаларды алғанда да осы принциптерді қолдану орынды тәрізді.

Жалпы, мектеп оқушыларын өзіндік жұмысқа баулуда, жауапкершілігін арттыруда географиялық апталықтардың жоспарлы түрде өткізіліп отыруының маңызы зор. Ұлы географтар, мысалы, Х. Колумб, А. Веспуччи немесе Қ.И. Сәтпаев, Ш. Уәлиханов, Ә. Бірмағамбетов, Ә. Бейсенова, Ұ. Есназарова, т.б. жаңашыл-педагог ғалымдардың туған айларында бірер аптаны белгілеп, олардың шығармашылығын насихаттауды жүзеге асырудың пайдасы зор. Оқушылар шығармаларын ауызша мазмұндайды, жат-

тайды, талдайды, шығарма жазады, карта сызады, сабақ-диспут, сабақ-концерт өткізіп инсценировка жасайды, көркем сөз оқиды, түрлі ойындар өткізеді, мақала, реферат жазады, баяндама жасайды, кездесу ұйымдастырып, өшпес әсерге бөленеді. Газет шығарып, еркін тақырыпқа шығарма жазады, түрлі карталар сызады. Мұндай сыныптан тыс кезде жүргізілетін жұмыс формалары шәкірттердің өз беттерімен атқаратын істері, ізденістері. Істелетін істердің модификациясы, жүргізу тәсілдері, қай оқулықтарды пайдалану тиімді екендігіне мұғалім кеңес береді, пікірлесе отырып, жол нұсқап, жетекшілік етеді. Білімді, тәжірибелі ұстаз оқушыға ешқашан өз пікірін таңбайды, өздерін тыңдап ой қосады, сенімдерін бекітеді, тілекші болады, арбитр, кеңесі қызметімен шектеледі. Әсіресе төменгі буында оқитын шәкірттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырып атап өтуге негізделген «Алтын күз», «Қыс», «Наурыз» атты кештердің орны бөлек. Өлеңдерді жағтату, мәнерлеп оқу, шығарма конкурсына өткізу, табиғатқа саяхат жасау, газет шығару, т.б. шаралар шәкірттердің шығармашылықпен ізденіп, өз келбетімен көруін талап етеді.

Оқушылардың дүниетанымы, көзқарасы, әдеби білімі, эрудициясы өрісті болу үшін әр сабақ оларды ойландыруға, мол ғылыми мәліметтерге, салыстыруларға толы болғаны абзал.

Сондай-ақ «Республика күні», «Тәуелсіздік күні» қарсаңында «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген», «Тәуелсіздік туралы толғау», «Тәуелсіздіктің негізі берік қалансын десек...» деген тақырыптарға шығарма жаздырып, кештер өткізудің де оқушыларды өз бетінше ізденіп, толғануға, өз бет-бейнелерін танытып, ойлары өсіп, толысуларына септігін тигізбек.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз, азат еліміздің болашағы қазір мектеп қабырғасында өсіп жатыр. Олардың өз беттерімен ізденіп терең білім алуына, дені сау, тұлғалы азамат болып өсуіне, заманына лайық күрескерлік сипаттардан кенде қалмай халқының қалаулы ұлы болуына ұстаздары аз тер төкпейтіні аян. Ол үшін олардың бойына жауапкершілік сезімін ұялатып, білімге бар құштарын сала, ынтасымен беріле оқитындай жұмыстардың формаларын жетілдіре, дамыта түскен жөн.

5.4. «Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясы» пәндерін оқытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру формалары

«Қазақстанның физикалық географиясы» пәні бойынша жүргізілетін өзіндік жұмыстар

Ғылыми педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді оқып, талдау нәтижесі өздік жұмыстардың бірнеше түрі мен жүргізу әдістері бар екендігін және оларды жалпыға орта білім беретін мектептерде оқытылатын Қазақстан географиясы бойынша жүргізуге болатындығын байқатты. Біздің зерттеуімізде өздік жұмыстардың Қазақстан географиясының әртүрлі тақырыбы бойынша анықталған түрлері мен ұйымдастырылу жолдары қарастырылды. Қазақстан физикалық географиясынан 10 тақырып, Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясынан 10 тақырып қамтылды. Бұл параграфта Қазақстан физикалық географиясынан жүргізілген өздік жұмыстар қарастырылды.

Бірінші тақырып. «Қазақстанның географиялық орны мен шекарасы» бойынша оқулықтағы сандық көрсеткішпен жұмыс жасау ұйымдастырылды.

Ол үшін жоғарыда аталған сынып оқушыларына оқулықтың 5-бетінде көрсетілген сандық көрсеткіштерді пайдалана отырып, дөңгелек диаграмма сызу тапсырылды.

Оқулықты Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15000 шаршы шақырымнан астам, оның 12000 шаршы шақырымға жуығы құрлықпен, ал 3000 шаршы шақырымнан астамы Каспий және Арал теңіздері жағалауымен өтеді деп берілген. Енді осы көрсеткіш бойынша диаграмма сызу үшін оқушылар, алдымен, пропорция құрып пайызға айналдырып алады.

$$15000 \text{ км} - 100\%$$

$$12000 \text{ км} - X$$


$$X = \frac{12000 * 100}{15000} = 80\%$$

Шекараның 80% -ы құрлықпен шектеседі

Шекараның 20%-ы сумен шектеседі.

Сөйтіп, осы есептің дөңгелек диаграммасын төмендегідей етіп сызады.

1-тапсырма. Қазақстан шекарасының диаграмма түрінде берілуі.



Сонымен бірге Қазақстанның жер көлеміне байланысты келесі есеп шығаруға болады.

Егер туристер сағатына 3,5 км жылдамдықпен 8 сағат жүрсе, күніне олар 28 км жол жүреді, туристер жаяу солтүстіктен оңтүстікке дейінгі 2000 км, батыстан шығысқа дейінгі 3000 қашықтықты қанша күн жүреді? Бұны сынып оқушылары төмендегідей етіп шығарады: бір күнде 28 км жол жүрсе,

$$A/ 3000 : 28 \text{ км} = 107 \text{ күн.}$$

$$2/ 2000 : 28 \text{ км} = 71 \text{ күн.}$$

Туристер жаяу солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ара қашықтықты 71 күн жүрсе, ал батыстан шығысқа дейінгі аралықты 107 күн жүреді.

Бұл есепті оқушылар шығара отырып, бір жағынан, картамен жұмыс істеуді үйренсе, екінші жағынан, өз республикамыздың ұлан-ғайыр екендігі естерінде жақсы қалады.

Сағаттық белдеулер картасы бойынша мынадай тапсырма беріледі: Ақтөбеде сағат 10-нан 10 минут кеткенде Алматыда, Ресейдің Новосібір қаласында сағат неше болатындығын анықта.

2-тапсырма. Сағаттық белдеулер картасы.

Оқушылар картаны талдай отырып, берілген үш қала бірінен-бірі 1 сағаттық айырым жасайтындығын анықтайды.

Ақтөбеде 10 сағат 10 минут + 1 сағат = 11 сағат 10 минут

Алматыда 2 сағат 10 минут + 1 сағат = 12 сағат 10 минут

Новосібірде 12 сағат 10 минут + 1 сағат = 13 сағат 10 минут.

Сонымен қатар оқушылар осы карта бойынша келесі сұрақтарға жауап дайындайды:

Бірінші сағаттық белдеу қайсы градус меридиан аралығын қамтиды?

Қазақстанда, Эстонияда неше сағаттық белдеу бар?

Сағаттық белдеу географиялық меридиандарға сәйкес келе ме? Сәйкес келмесе не себепті?

Тәулік нешінші сағаттық белдеуден басталады?

Тәуліктік күнді ауыстыру сызығы дегеніміз не? Олар қандай аралдар аралығынан өтеді?

Осылайша, сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар сағаттық белдеулер картасымен жұмыс жасап, естерінде қалатындай тиянақты да толық мағлұмат алады.

«Қазақстанды физикалық-географиялық тұрғыда зерттеу және Қазақстан табиғатының кеңес дәуірінде физикалық тұрғыда зерттелуі» тақырыптарын оқушыларға үйде өз бетімен реферат жаздырып, бірнеше балаға жауап бергіздіру арқылы семинар сабағы етіп өткізген жөн. Ол үшін алдын ала Қазақстан жерін зерттеушілер П.П. Семенов, Н.А. Северцов, Н.В. Мушкетов, Ш. Уәлиханов, Л.С. Берг, Қ.И. Сәтпаев, т.б. ғалымдар туралы 3 қатарда отыратын оқушыларға бөліп беріп, оларға қажетті әдебиеттер тізімі беріледі. Мысалы:

1. Ә.С. Бейсенова «Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы». – Алматы, 1990.

2. Ә.Б. Бірмағамбетов. «Туған өлкені зерттеушілер». – Алматы, 1986.

Сөйтіп, семинар сабағында әр оқушы өздері дайындаған рефераттары мен сызған картасызбалары арқылы ауызша айтып береді. Бір баланың айтпай кеткенін, екінші бала айтып толықтырады. Соңында көп бала бағаланады. Жоғарыда аталған кітаптағы деректерді оқушылар төмендегідей етіп қосуларына болады.

П.П. Семенов Тянь-Шаньский XIX ғасырдың 50-жылдардың басында-ақ Тянь-Шаньды зерттеуді алдын ала мақсат етіп қойған.

П.П. Семенов Тянь-Шаньский Қазақстан территориясын 1856-1857 жылдары зерттеді. Ғалымның Солтүстік және Орталық Тянь-Шаньның құрылымы мен геологиясына жүргізген бақылаулары өте құнды. Ол Тянь-Шань құрылымының тұңғыш сызбасын жасады, 23 тау асуын зерттеді. Алатау шоқыларын Жоңғар және Іле Алатауы деп бөлді. Іле Алатауы туралы жазбаларын П.П. Семенов оның өсімдік өсетін аймақтарын қарастырып баяндаумен аяқтайды. Шу өзені басын Ыстықкөлден алмай-

тынын анықтады. Ол Семей мен Жетісу өлкелеріндегі қазақ далаларына да бақылау жүргізген.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835-1865 жж.) есімі Қазақстан тарихында құрметті орын алады. Шоқан Уәлихановты білімге баулыған Омбыдағы Сібір кадет корпусы сол кездегі ең таңдаулы оқу орындарының бірі болған. Бұнда оқуға түскен Шоқан орыс тілін білмеген, зеректігі арқасында кейін өте тез үйреніп алған.

1855 жылы Уәлиханов генерал Гасфорттың Орталық Қазақстанды, Жетісуды, Тарбағатайды аралаған сапарына қатысады. Өзін ержүрек саяхатшы ретінде даңққа бөлеген Қашқар сапарына Шоқан 1858-1859 жылдары шықты. Бұл мейлінше қауіпті сапар еді. Себебі Қашқария әлі ол кезде еуропалық елдер үшін жабық болатын. Қаныпезер қаталдығымен әйгілі болған Қашқарияны билеп-төстеуші Қожа Уәлихан төре еуропалықтарға сенімсіздік білдіріп, ол жерге аттағанды аяусыз өлтіріп отырды. Мысалы, географ Шлангинвайттың Уәлихан төренің әмірімен басы кесілді. Осындай жағдайға қанық П.П. Семенов Тянь-Шаньский мен Е.П. Ковалевский экспедицияны ұйымдастырған кезде өлкетану туралы ғылыми дерек жинау өте қауіпті болғандықтан, оны сауда керуені деп лақап таратты. Шоқан офицерлік киімін тастап, қырғыз киімін киіп, Әлімбаи деген атпен сапар шегуге тиіс болған.

Ш.Ш. Уәлиханов Қашқарияда 1859 жылы жарғы жылға жуық болады. Сөйтіп, Ш. Уәлиханов Жоңғар Алатауы, Іле өңірін, Жетісу, Тянь-Шань табиғатын ғылыми түрде зерттеп, картаға түсірген. Іле Алатауы жануарларының биіктікте таралу сызбасын алғаш зерттеген де Уәлиханов болды.

Лев Семенов Бергтің (1876-1950 жж.) зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың 50-жылдарына дейін жалғасқан. Л.С. Берг қатысқан экспедиция Солтүстік Қазақстанның ірі 3 көлі – Қызылқак, Сілеті-теңіз, Текенің және осы өңірдің табиғат жағдайын, Іле өзені мен Балқаш көлін толық зерттейді, картаға түсіреді. Бұларға қосымша Ыстықкөл ірі су алаптары деңгейінің соңғы жылдары үздіксіз көтерілуін анықтау арқылы Орта Азия мен Қазақстанның климаты бір беткей құрғап бара жатыр деген теорияны түпкілікті түрде теріске шығарды.

Сонымен бірге Сырдария мен Торғай үстіртін дербес ай-

мақтар ретінде білді. Ғалым «Совет Одағының географиялық зоналары» және «СССР табиғаты» атты еңбектерінде еліміздің табиғатын зоналар бойынша сипаттайды.

Н.А. Северцов (1827-1885 жж.) өзінің ғылыми өмірін Орта Азия мен Қазақстанды зерттеуге бағыштайды. Ол 1857-1858 жылдары Сырдарияның төменгі ағысына жүргізген зерттеуінің нәтижесінде Орынбордан Қазанға дейінгі және Арал теңізінің оңтүстік-шығысын бойлай жүретін жолды түсірген үш географиялық карта жасайды.

1860-1862 жылдары Орал бассейніне жүргізген зерттеуі бойынша «Орал суларындағы қызыл балықтың тіршілік жағдайы», «Орал төңірегіндегі өлкенің аңдары» атты кітабы олардың жан-жақты зерттелгенін көрсетеді.

1864 жылы Сырдария мен Шу аралығына зерттеу жүргізген.

1865-1868 жылдар аралығында Амударияның төменгі ағысына, 1877-1878 жылдары Памирге, 1879 жылы Жетісуға зерттеулер жүргізген.

И.В. Мушкетов (1850-1902 жж.) – сейсмологияның негізін қалаушы, геоморфология ғылымын құрушылардың бірі. И.В. Мушкетов 1874 жылы алғашқы жұмысын Қаратау тауларын және Тянь-Шаньның солтүстік шеті мен Жоңғар Алатауына үлкен саяхат жасады. Ол Әулиеата қаласының маңын, Александр жотасын, Сусамыр өзенінің алабын, Боам шатқалын, Ыстықкөлді тексерді, Ілені, Күнгей, Теріскей Алатауын бірнеше рет кып өтті.

1878-1880 жылдары Түркістанға сапар шегіп, Ферғана алқаптары мен жоталарын, Жетісуды, Алтай тауының батыс бөлігін зерттеуді аяқтады. Зеравшан өзенінің жоғарғы ағысындағы мұздықтарды тексерді. И.В. Мушкетов, Г.Р. Романовскиймен бірлесіп Түркістан өлкесінің тұңғыш геологиялық картасын жасап, 1884 жылы бастырып шығарды.

1887 жылы ол соңғы рет Верныйда болған жер сілкінуінің іздерін зерттеумен айналысты.

И.В. Мушкетов – Тянь-Шань тауларының жүйесін, оның мұз басуын, тау етектеріндегі жазық жерлер мен жоталарының аралығындағы аңғарлар мен ойыстардың, саздақ балшықты өңірлерінің пайда болуын, олардың шекараларын зерттеп, анықтаған ғалым.

Бұл тақырыптың семинар сабағы болып өтілуі оқушылардың өздеріне бөлінген тақырыпшаларды кітапханадағы әдебиеттерден тауып, керекті жерін реферат етіп жазып, оны сабақта ауызша айтып беруі арқылы өз беттерімен көп жұмыс жасауларына мүмкіндік тудырады.

3-тапсырма. Ш.Ш. Уәлихановтың зерттеген жерлері. Оқушылар Ш. Уәлихановтың қай жерлерді зерттегенін осы карта бойынша айтып береді.


3. «Қазақстанның жер бедері және пайдалы қазбалары» тақырыбын пысықтау үшін жүргізілген қорытындылау-қайталау сабағында республикамыздың ойпаты мен жазықтарын, қыраты мен үстірттерін, аласа және биік таулы өлкелерін өздеріне анықтатып жаздырту мақсатында сандық көрсеткішпен жұмыс жасатылады.

4-тапсырма. Қазақстанның жер бедері.

Нәтижесінде оқушылар бұл сандардың Каспий маңы ойпаты, Тұран ойпаты, Батыс Сібір жазығы, Қаратау жотасы, Сарыарқа, Іле Алатауы, Торғай үстірті, Мұғалжар тауы, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Алтай, Маңғыстау таулары, Жалпы Сырт үстірті екендігін шешті.

Биік таулы өлкелерді мұғалім түсіндіріп болысымен тақырыпты пысықтап, бекіту мақсатында оқушыларға келесі сөзжұмбақ құрастырылады.

5-тапсырма. Сөзжұмбақ «Таулар»



Оқушылар Қазақстан атласына, оқулықтағы картаға қарап Тянь-Шань, Қаратау, Сауыр, Іле Алатауы, Алтай, Тарбағатай тауларын қамтитын етіп құрастырады.

Аласа таулы өлкелер туралы Сарыарқа, Маңғыстау, Мұғалжар тауларына сипаттама беріп, түсіндірген соң, оқушыларға гипсометрлік қима сыздырып үйрету мақсатымен Сарыарқа жерінің

қимасын сызу беріледі. Ол – Қазақстан атласының 10-бетіндегі Қазақстанның физикалық картасынан 49 с. е. бойынша алынған 1 см-лік АВ кесіндісі. Бұл 66 бб. пен 76 бб. аралығын қамтыды.

6-тапсырма. Сарыарқа жерінің қимасы

Масштаб: тігінен 1 см = 200 м

Көлденеңінен 1 см = 100 км.

Сыныпта сызып басталған қиманы оқушылар үйде аяқтап келеді.

Келесі сабақта мынадай сұрақ қойылады:

Қима сызығы жер бедерінің қандай формаларын кесіп өтеді? Қандай таулар бар?

Ең биік нүктесі қайсы? деген сұрақтарға «аласа таулы, үстіртті жерлерін, Ұлытау тауы /1133 м/, Ақсоран /1565 м/» деп жауап береді.

Бұл арқылы оқушы әрі картаның шартты белгісімен, әрі масштабты қолдана отырып қима сызуға үйренеді.

«Қазақстанның пайдалы қазбалары» түсіндірілмес бұрын мұғалім Ж. Жабаевтың «Кеңестік Қазақстан» атты өлеңінен келесі үзіндіні оқып беру арқылы оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырады.

«... Қорғасынды көрдің бе,
Аққан Қаратаудағы,
Алтын шыға Алтайдан
Жарқырап күндей жайнайды.
Қарсақбайдан мыс ағып
Бұлақтайын саулады.
Мақта көктеп Шымкенттен
Ақтөбенің егіні,
Өрге өрлеген өнімі.
Ембі – мұнай жерінен
Мұнай атып парлады...».

Бұл өлеңді оқып тұрғанда бір оқушыны шығарып, ол аталған пайдалы қазбаларды тақтаға жазып тұрады.

Содан соң оны орнына отырғызып, барлық оқушы картадан Қазақстанда кездесетін пайдалы қазбаның қайсысы аталмағанын тауып жазып алады.

Олар Соколов-Сарыбай темір кен орны 1948 жылы ашылғанын және Аят, Лисаков кені, марганецтің ең ірі кен орны Орталық Қазақстандағы Атасу және Жездіні, хромит кен орындары Мұғал-жар тауында кездесетінін, алюминийдің негізгі шикізаты боксит Сарыарқаның солтүстік-шығысында және Торғай ойысында, Қарағанды мен Екібастұздың көмірін, Алтайда, Қалба жотасында кездесетін алтын кенін, Қаратаудағы ең ірі фосфорит кенін, т.б. атап шыққан соң мұғалім бұлардың кейінгі кезде табылғанын айтып, жаңа сабақ толық түсіндіріліп, қорытынды жасалады.

Бұдан кейін сөзбен жазылатын пайдалы қазбалардың орнына шартты белгілер ретінде сызып көрсетілген тапсырма үйде жасап келуге беріледі. Мысалы, жанатын пайдалы қазбалардың ішінде мұнай беруден Қазақстан 3-орында. Мол қоры Атырау, Ақтөбе, Маңғыстауда шоғырланған. Ал Қарағанды, Павлодарда көмір өндіріледі. Қазақстанда көмірдің жалпы қоры 160 млрд тонна.

Рудалы пайдалы қазбалардың ішінде мыс қоры жөнінен ТМД елдерінің ішінде 3-орын алады, т.б. Соңында олар мұнай, газ, көмір, темір деп нүктелер қойылған жерін толтырып қандай пайдалы қазбалар қайда кездесетінін тағы естеріне түсіреді.

4. «Қазақстанның климаты» тақырыбы бойынша Қазақстан территориясына түсетін жауын-шашынның ең көп, ең аз және орташа түсетін жерлерін оқушыларға оқулық, карта арқылы анықтатып алып, келесі өздік жұмыста бағаналы диаграмма сыздырту мақсат етіп қойылады. Олар жауын-шашынның ең көп түсетін жері – Батыс Алтай 1600 мм, ең аз түсетін жері – Мыңарал 150 мм, орташа түсетін жерлері – Марқакөл 900 мм, Көкшетау – 400 мм сияқты көрсеткіштерді алдымен тауып, дәптерлеріне жазады. Сонан соң келесі диаграмманы сызады.

7-тапсырма. Республика аумағындағы жауын-шашын мөлшері.

Бұл диаграмма арқылы, әсіресе жауын-шашынның республикамыз бойынша ең көп және ең аз түсетін жері естерінде қалады және бағаналы диаграмма сызып үйренеді.

Сонымен бірге осы тақырыпқа сай келесі сабақта төменде көрсетілген кесте бойынша Семей және Шемонайха (Шығыс Қазақстан облысы) жеріне түсетін орташа жылдық жауын-шашынның мөлшерін шығартып (жылдың 12 айындағы түскен жауын-шашынды қосып, 12-ге бөлу арқылы, график сыздырты-

лады). Оқушылар нәтижесінде өздері түсірген графикке, картаға қарай отырып салыстырмалы сипаттама жазады.

8-тапсырма. Семей мен Шемонайха жеріне түсетін жылдық жауын-шашынның графигі.

Қала аты	А Й Л А Р												жауын-шашын мм
	Қ	А	Н	С	М	М	Ш	Т	Қ	Қ	Қ		
Семей	18	13	17	14	24	35	35	24	20	34	30	21	23,7
Шемонайха	13	16	15	30	64	39	59	37	35	42	38	24	34,3

Диаграмма мен графиктің біріктіріле берілуін Қазалы мен Батуми қалаларының жылдық жауын-шашын мөлшерімен жылдық температурасына талдау жасату арқылы түсінік беріледі.

9-тапсырма. Қазалы мен Батуми жерлеріне түсетін жылдық жауын-шашын мен температураның диаграммасы мен графигі.

Ал келесі үйге тапсырма ретінде осы тақырып бойынша ылғалдану коэффициентін анықтау есебі беріледі.

Мысалы: Ақмола қаласына түсетін жауын-шашын 411 мм, ал буланушылық – 632 мм-ге тең болса, ылғалдану коэффициенті қандай болғаны?

$$\text{Шешуі: } K = \frac{Ж}{Б} = \frac{\text{ж-ш жылдық мөлшері}}{\text{буланушылық}}$$

$$K = \frac{411 \text{ мм}}{632 \text{ мм}} = 0,65$$

K – ылғалдану коэффициенті; K – 0,65.

Бұл көрсеткіш лезде болғандықтан аймақтың ылғалдануы мардымсыз, құрғақ екендігін оқушылар бірден айтады.

Сөйтіп, ылғалдану коэффициентін анықтату оқушыларға, бір жағынан, табиғат зоналары бойынша түсетін жауын-шашынның заңдылығын ұғынуға мүмкіндік тудырса, екінші жағынан, сандық көрсеткішпен жұмыс жасауға дағдылануға көмектеседі.

5. «Қазақстанның ішкі сулары мен су ресурстары» тақырыбы

бойынша өзендерді өтетін соңғы сабақты таңғажайыптар алаңы түрінде өткізу жоспарланады. Бұл сабақтың шарты алдын ала түсіндірілгендіктен сабақ бірден басталып кетеді. Демек, ойын «жүрісті қайтала», «тақырыпты айтып жібер», «әріпті айтып жібер» деп жазылған секторлары бар тақтайшадағы бағытты айналдырудан басталады. Оқушы айналдырған бағыт осының біреуіне тоқтағанда, мұғалім не бір әріпті, не тақырыпты айтып отырады, ал бағыт бос секторға тоқтағанда оқушы өзі шешеді. Бірінші топтың бір оқушысы дұрыс таппаса, екінші топқа, ол дұрыс таппаса үшінші топқа ауысады. Әр табылған әріп 1 балмен, бірден дұрыс табылған өзеннің аты 5 балмен белгіленеді. Осылайша, мұғалім әр топтың ұпайларын қоса отырып, қорытынды жасайды, көп баланы жақсы бағамен бағалайды.

10-тапсырма. «Таңғажайыптар алаңы» ойыны.

Оқулықта өзендер «Солтүстік мұзды мұхит алабы», «Каспий теңізі алабы», «Арал теңізі алабы», «Балқаш-Алакөл алабы» бойынша қамтылған. Осы алаптардың әрқайсысынан таңғажайыптар алаңы сабағында екі-екі өзеннен Ертіс, Үлбі, Жайық, Шаған, Сырдария, Іле, Талғар, Қаскелең өзендері жасырылды. Қағазға жазылған сөздердің үсті бүктелген, әр әріптің тұсынан қиылған қағазбен жабылып тұрады. Бұл сабақ балалардың асығып, жанталаса тырысуымен және қызығуымен өтеді.

Ойын бірінші топтың 15 ұпай, үшінші топтың 12 ұпай, екінші топтың 5 ұпай алуымен аяқталды. Сабақ нәтижесі оқушылардың республика өзендерін есте сақтаумен қатар, олардың географияны ұнатқанын байқатты. Өзендерге байланысты пысықтау сұрақтары беріледі. Қазақстан жерінде басталып, аяқталатын өзендер қайсы? (Жем, Нұра, Қаратал Сарысу). Қазақстан жерінен ағып өтетін өзендер қайсы? (Ертіс, Тобыл).

Қазақстан территориясына келіп құятын өзен қайсы? (Есіл). 7,8,9,10 – Қазақстаннан басталатын өзендерді атаңыз. (Жайық, Сырдария, Іле, Шу).

11-тапсырма. Сөзтізбек «Өзендер».

Бұл сөзтізбек шешу арқылы оқушылар, бір жағынан, қай өзендердің келіп құятыны, қай өзендер басталатыны сияқты мағлұматын нақтылай түссе, екінші жағынан, картамен жұмыс жасау арқылы өзендер атын тағы қайталап біледі.

6. «Қазақстанның табиғат зоналары» тақырыбы КТК сабағы түрінде өтіледі. Ол үшін оқушылар алдын ала екі топқа бөлініп, Қазақстандағы табиғат зонасы төртеу болғандықтан әрқайсысынан төрт топырақтанушы, төрт биолог, төрт зоолог, төрт климатолог сайланады. Сөйтіп, мәселен, әр топтың бір топырақтанушысы орманды дала зонасының топырағын, екіншісі дала зонасының топырағын толық сипаттап реферат жазады. Сол сияқты өсімдік, жануарлар дүниесін, климатын жазады. Оқулыққа қосымша келесі әдебиеттер ұсынылады:

1. Бірмағамбетов Ә.Б., Ролник Г.Я. Қазақстан географиясының хрестоматиясы: мұғалімдерге арналған көмекші құрал. – Алматы, 1962.

2. Устименко П.Д., Рутковский О.О. Менің Қазақстаным. Қазақстан географиясы бойынша оқуға арналған кітап. – Алматы, 1970.

3. Ғаббасов А. Қазақстанның шөл жерлері мен олардың табиғат жағдайы мен байлығы. – Алматы, 1950.

4. Есназарова Ұ. Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту. – Алматы, 1994.

Рефераттары алдын ала тексеріліп қойылғандықтан КТК сабағы бір жолы топ капитандарының бір-біріне, екінші жолы мұғалімнің дайындаған сұрақтарын қоюдан басталады. Сабақ мұғалім қарастырып әкелген анаграмма «А» мен анаграмма «Н»-ны шешумен аяқталды.

Анаграмма «А»-ға 1-ден 9-ға дейін Қазақстанда кездесетін өсімдіктер аттары, ал анаграмма «Н»-ға кездесетін жануарлар аттары толтырылды.

12-тапсырма. Анаграмма «А», Анаграмма «Н»

Бұл сабақтың соңы екі топтағы оқушылардың жақсы дайындалғанын, білім сапасындағы айырмашылық аз екендігін байқатты. Оқушылар бірақ күнделікті өтетін аралас типті сабаққа қарағанда қызыға дайындалғанын көрсетті. Нәтижесінде оқушылардың әр зонаға тән топырақ, өсімдік, жануар, климатты айрықша ажыратуларына мүмкіндік туғаны көрінді. «Қазақстанның табиғат зоналары» тақырыбы көрме түрінде басқа мектептерде өтілді.

Сабақтың шарты, дайындығы екі апта бұрын түсіндіріліп, ескертілді. Сөйтіп, Қазақстан географиясын оқитын сегізінші

сынып оқушылары 4 топқа бөлініп, әрқайсысы әр зона бойынша жеке дайындалды. Алдымен, әрқайсысы, өз зонасы бойынша реферат жазды, сонан соң сол зонаның топырағы, өсімдігі, жануарына байланысты откыртка, фото, гербарий, коллекцияларын жинады, альбом жасады. Сабақ басталғанда әр топтан 1 не 2 оқушы өз зонасы туралы дайындаған заттарын көрсете отырып сөйледі. Бұл сабақтың жақсы жағы төрт табиғат зонасына тән объектіні оқушылар бірден естіп, көзбен көріп, қолымен ұстай алды. Балаларды еңбектеріне қарай мұғалім жақсы бағалады. Мысалы, орманды дала зонасын алатын болсақ оқулықтағы материалды толығымен жазып шығып, оқушы орманның сұр топырағының, даланың қара топырағының коллекциясын қорапшаға салып әкелді және ол топырақтарға ауызша толық сипаттама бере алатындай болды.

Өсімдіктерден қызғылт сабақты боз, шоқ түсті бетеге, бұралған жер бидайық, қарабас шалғын, қылқансыз арпабас, астық тұқымдасынан сәбізшөп гүлдері, қызыл бояу гүлдері, бұршақ тұқымдастарынан сары гүлді беде, көк түсті бұршақтың, ағаштардан – емен, жөке, қандыаған, қарағай, көктерек, бұталардан – тал долана, итмұрын, қарақат, тас бүлдірген, құлпынай, т.б. түрлерінің мүмкіндік болғанша өздерін, жапырақтарын (гербарий), біреулері суретін алып келді.

Жеке орманды далаға тән жануарлары жоқтың қасы болғандықтан көршілес зоналарға тән сарышұнақ, сұртышқан, қосаяқ, ақ тышқан, қоян, сусар, түлкі, қасқыр, тиін, бұлан, сібір еліктері, бауырымен жорғалаушылардан жорғалауыш және тірі туатын кесірткелер мен сары бас, улы сұр жыландардың біреулері коллекциясын, біреулері суретін әкелді. Тіптен осы аталған өсімдік, жануарлар түрінің үштен бір бөлігін әкеліп көрсетті дегеннің өзінде ол оқушылардың мәңгі есінде қалуы мүмкін. Бұл сабақ балаларды өзгешелігімен қызықтырды.

«Қазақстанның аумақтық табиғат аудандары» тақырыбы бойынша 8 аумақтық табиғат ауданын оқушылардың сегіз тобы бөліп алып, үйде келесідей кестеге толтырып келеді. Мысалы, Алтай аумақтық табиғат ауданы бойынша Алтай тауының географиялық орнын, тектоникасын, қазба байлығын, климатын, өзен, көл, мұздықтарын, табиғат ресурсын.

13-тапсырма. Алтай тауы.

Географиялық орны, жер бедері
Тектоникалық құрылым
Өзен, көл мұздықтары

Қазба байлығы
Климаты
Табиғат ресурстары

Ал Шығыс Еуропа жазығы, Батыс Сібір жазығы, Тұран ойпаты, Орал Сарыарқа, Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань территориялық аудандарын пысықтау кезінде келесі кестені толтырады.

14-тапсырма. Аумақтық-табиғат аудандары.

№	Аумақтық табиғат аудандары	Геологиялық құрылысы мен жер бедері	Пайдалы қазбалары	Климаты	Өзендері	Табиғат зоналары
1.	Шығыс Еуропа жазығы					
2.	Батыс Сібір жазығы					
3.	Тұран жазығы					
4.	Орал					
5.	Сарыарқа					
6.	Алтай					
7.	Сауыр-Тарбағатай					
8.	Жоңғар Алатауы					
9.	Тянь-Шань					

Нәтижесінде әр табиғат ауданының өзіндік ерекшелігі бар екендігін және оның себептерін оқушы ұғынып алды.

8. «Айналадағы орта және адамның денсаулығы» тақырыбына байланысты адам тіршілігі үшін экологиялық қолайлы, қолайсыз аудандар үй тапсырмасы ретінде сұралған соң оқушыларға кескін картаға тіршілік үшін экологиялық жағдайы нашар, орташа және салыстырмалы түрде жақсы аудандарды түсіру тапсырылды.

15-тапсырма. Экологиялық жағдайы қолайлы, қолайсыз аудандар.

Оқушылар Талдықорған, Ақтөбе, Орал қалаларын салыстырмалы түрде экологиялық жағдайы жақсы аймақтар ретінде қызыл бояумен үлкен диаграммамен, орташа аймақтар – Алматы, Тараз, Шымкент қалаларын көк бояумен бояп, ал Семей, Қарағанды, Жезқазған, Арал аймақтарын қоңырмен бояп, нашар аймақтар ретінде түсіру арқылы оларды естерінде сақтап қалады.

9. «Қазақстан экологиясының мәселелері» тақырыбын семинар түрінде өткізген қолайлы. Ол үшін алдын ала үш қатарда отыратын оқушыларға төмендегідей етіп бөлініп беріледі:

1. Қазақстанның экологиялық жағдайы.
2. Экологиялық проблемасын шешудің мақсаты мен міндеттері.
3. Ауаны, су ресурсын қорғау.

Ол үшін оқулықпен қоса Республикалық «Экология» кешені бағдарламасын 1989 жылы 6 июльдегі «Егеменді Қазақстан» газеті, «Ата мекен», «Экокурьер» газетін, «Деловая неделя» журналының және «Егемен Қазақстан» газетінің 2001-2006 жылдар аралығын қарау тапсырылды.

Бірінші қатардағы оқушылар «Қазақстанның экологиялық жағдайы» жөнінде келесідей етіп реферат жазып келеді. Көп уақыт мән берілмей келген республикамыздағы экология мәселесі тұрақты ластану көздерінің атмосфераға зиянды заттар шығаруын, 2000 жылы 5,4 млн тоннаға жетуіне әкеліп соқтырған. Экологияның ластануына зиянын тигізген, әсіресе қара, түсті металлургия, химия өнеркәсібі, транспорт салалары. Автомобиль транспортынан зиянды заттың шығарылуы жылына 2,9 млн т шамасында болуда. Зиянды заттары көп қалаларға Алматы, Тараз, Лениногор, Өскемен, Зырян, Теміртау, Шымкент қалалары жата-

ды. Атмосфераның ластау көздері – тозаң-газдардан тазартатын жабдықтар жеткіліксіз, жарактанған өнеркәсіп орындарының газ тектес тастанды заттарын және автомобиль транспортының жағылған газдарын тазартудың катализдік әдістері өндіріске өте баяу енгізілуде.

Қарашығанақ газ-конденсат және Теңізмұнай кеніштері ауданында атмосфераның күкіртті ангидридпен ластану дәрежесі ең шекті мөлшеріне жетіп отыр.

Су ресурсы толығымен лас. Арал теңізі жойылды. Ертіс өзенінің Үлбі, Глубочанка, Тихая, Громотуха тәрізді салаларына түсті металлургия мен энергетика кәсіпорындарының тазартылмаған сарқынды суының құйылуы салдарынан мыспен мырыш та шекті мөлшерінен ондаған есе көп. Балқаш көлін «Балқаш-мыс» бірлестігі мен жылу электр орталығының сарқынды қалдығы лаптап келеді. Орал Елек, Сырдария, Бадам, Нұра өзендері де санитарлық нормаға сай емес.

Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарында жер асты суы ластанған. Топырақтың құрамында қара шірік азда, суармалы жерлер сортаңдау және батпаққа айналуы себепті ауылшаруашылық айналымынан шығып қалуда. Топырақты қайта өңдеу нашар жүзеге асырылуда.

Ағашты жаппай кесу, өрт, орман шаруашылығына, әсіресе Шығыс Қазақстанда көп зиян келтіруде. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында қылқан жапырақты ағаштардың көп кесілуіне жол берілуде. Мал жайылымы жерлердің де көркі айтарлықтай емес.

Каспий, Балқашта бағалы балық түрлері азда. Ол көбінесе браконьерлерге қарсы әрекеттердің нашар болуынан.

Физикалық факторлардың: шудың, дiрiлдiң, электр магнит өрістерінің айналадағы ортаға зиянды ықпалы көп. Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Шымкент – шудың режимі жөнінен ең жайсыз қалалар қатарында.

Екінші қатардағы балалар келесі мәселелерді қамтитын «Экологиялық проблеманы шешудің мақсаты мен міндеттері» туралы рефераттарын төмендегідей етіп жазды. Республикадағы экологиялық проблеманы шешудің негізгі мақсаты табиғи ортаның ластану деңгейін едәуір төмендету арқылы халыққа

жайлы тұрмыс жағдайларын жасау болып табылады. Ол үшін мынадай жұмыстар жүзеге асырылуы қажет:

– жұмыс істеп тұрған шаң және су тазарту құрылыстарының тиімділігі нормативтік мөлшерге жеткізілсін;

– атмосфераға тұрақты көздерден зиянды заттар шығарылуы азайтылсын;

– жасыл желек ұлғайтылсын, суару жүйесі кеңейтілсін;

– жер бетіндегі су бөгендеріне лас ағын суларын құю толығымен тоқтатылсын;

– хайуанаттар мен өсімдік мекендейтін табиғи жағдайларды сақтау қамтамасыз етілсін;

– өндіргіш күштерді экологиялық жағынан негіздеп орналастыру талабы орындалсын;

– барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың экологиялық паспорты енгізілсін;

– өнеркәсіп орындарын қалдығы аз және қалдықсыз технологияға көшіру жөніндегі шаралар қолданылсын;

– халықтың ауруға шалдығу себептерін жоюға, оның денсаулығын қорғайтын жағдайларды жақсартуға бағытталған алдын алу шаралары кешенді негізделіп жұмыс істелсін.

Үшінші қатардағы оқушылар «Ауаны, су ресурсын қорғау» жөнінде рефераттарын келесідей мағынада жазған. Яғни, ауаны қорғау үшін:

– электр энергиясын алудың қатты отынды жұмсауды кемітуге мүмкіндік беретіндей ұтымды процесін енгізу;

– жылу электр станцияларын бірте-бірте газ отынға көшіру;

– жылу энергетика кәсіпорындарының күл-қоқыс қалдықтарын кәдеге жарату;

– автотранспорт шығаратын қалдықтар үлесін азайту, оны таза газ отынына көшіру негізінде кеміту, т.б.

Су ресурсын қорғау үшін:

– республика халық шаруашылығында суды қолдануды кеміту;

– су тазартқыш құрылыстарды ірі кәсіпорын мен қалаларда іске қосу;

– жер асты суын халық шаруашылық мұқтаждарына пайдалану;

Арал теңізі бассейніне байланысты:

– күріш егістігі алаптары азайтылсын;

– суландыру үшін коллекторлық-дренаждық су пайдаланылсын;

– тазартылған сарқынды суды қайталап пайдалану енгізілсін;

– Сырдария өзені бассейніндегі су ресурстары үнемделсін.

Балқаш көлі бассейніне байланысты:

– Іле-Балқаш бассейнінің жер бетіндегі су көздерінен су алып, жаңа суармалы жерлер игеруге тыйым салынсын;

– суларды пайдалану негізінде жаңа суармалы жерлерді іске қосу жүргізілсін;

– жер асты суларын пайдалану есебінен жер бетіндегі су көздерінен су алу қысқартылсын;

– Балқаш көлінің деңгейі 341 м белгіден төмен түсірілмесін;

– Балқаш-мыс бірлестігінде және жылу электр орталығында тазарту құрылыстарын салу қамтамасыз етілсін.

Реферат жазып, ауызша айтып беру нәтижесінде оқушылар республикамыздың экологиялық проблемалары жөнінде біраз хабардар болды. Ал бұл қай жерде және қашан да болса өз өлкесін, жерін қорғауға, сақтауға ынталандырады.

10. «Қазақстандағы ерекше қорғауға алынған территориялар» тақырыбы таңғажайыптар алаңы сабағы ретінде екі топтың арасындағы жарыс түрінде өткізілді (6-тақырыптағыдай). Бұл жолғы жасырынған сөздер Қазақстанның Наурызым, Ақсу-Жабағылы, Алматы, Қорғалжын, Үстірт, Марқакөл қорықтары және сол қорықтағы жануарлар, өсімдіктер, қорықтың құрылған жылдары, орналасқан жерлері.

Оқушылар осы қорықтарға байланысты 2 апта бойы жақсылап дайындалды.

Сабақта кейбір қорықтың, жануар, өсімдіктердің аты көрсетілмеген фото, суреттері болды. Ойланып шешуге соның да көп көмегі тиді.

Сонымен бірге бұл оқулықтағы соңғы тақырыптардың бірі болғандықтан «Менің Қазақстаным» сөзтізбегі шешілді.

10-тапсырма. Сөзтізбек «Менің Қазақстаным»

1 – өзен, 2 – көл, 3 – табиғат, 4 – жазық, 5 – пайдалы қазбалар, 6 – қорық, 7 – шөл, 8 – өзен, 9 – аласа таулы өлке, 10 – Қазақстанның

ұсақ шоқылы аймағы, 11 – биік тау, 12 – республикадағы ең ірі мұздық, 13 – Қазақстанның ең төменгі жері, 14 – Қазақстанның ең биік жері, 15 – жауын-шашын ең аз түсетін жері, 16 – астанасы.

Бұл сөзтізбекті оқушылар «Ертіс, Балқаш, шөл, Тұран, темір, Қорғалжын, Мойынқұм, Іле, Мұғалжар, Сарыарқа, Алтай, Корженевский, Қаракия, Хантәңірі, Алматы» деп шешіп, оқып кеткендігін қайталап, пысықтады. Демек, Қазақстанды физика-географиялық тұрғыдан білгендігін қорытындылады.

Сөйтіп, қарастырылған Қазақстан физикалық географиясының 10 тақырыбының бесеуін семинар, КТК, таңғажайыптар алаңы, көрме сабағы етіп өткізген жолдары қарастырылды. Картамен, кескін картасымен жұмыс жасау, оқулық көмегімен кейбір қойылған сұрақтарға жауап, кесте толтыру арқылы сипаттама бергіздіру, оқулықтағы сандық көрсеткіштермен жұмыс (график, профиль, диаграмма, сыздыру), сөзтізбек, сөзжұмбақ, анаграммалар шештіру, сұрақтарға жауап алу қарастырылды. Нәтижесінде оқушылар Қазақстанды зерттеушілер, жер бедері, пайдалы қазбалары, ішкі сулары, климаты, табиғат зоналары, территориялық табиғат аудандары, экологиялық проблемалары, қорықтары жөнінде көптеген ұғым қалыптастырып, заңдылықтарды ұғынды. Бір-бірімен жарыса отырып, географиялық объектілерді түсінді. Пәнге қызығушылығы біраз жоғарылады деуге болады.

«Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы» пәнінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру.

9-сыныптағы «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы» пәнінен «Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданы» тарауын ірі блокпен оқыту тиімді. Тарау бойынша сабақтың жоспарын төмендегідей құрдық.

№	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының табиғат жағдайлары мен табиғат байлықтары.	1
2	Оңтүстік жырлары – география сабағында (саяхат)	1
3	Шаруашылық географиясы	1
4	Оңтүстік Қазақстанның қалалары	1
5	Қорытынды-қайталау сабағы	1

Тарау бойынша өтілетін дәстүрлі сабақтардың бірі – «**Оңтүстік жырлары-география сабағында**» атты саяхат сабағы.

«Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының табиғат жағдайлары мен табиғат байлықтары» тақырыбында өткізілген жаңа білімді менгерту сабағында туған өлке табиғатына, атамекеніне деген ыстық ықыласынан шыққан жырлар арқау етілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының табиғаты мен байлықтары, оның қазіргі таңдағы дамуы туралы білім беру. Табиғатты, атамекенді қорғауға, аялауға тәрбиелеу, карта, бұқаралық ақпарат материалдарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. Өлең-жырлар арқылы сабақты өрнектеп отырдық.

Мақсатымыз: оқушыларды өлең-жырларды жатқа айтуға дағдыландыру және өлеңдер арқылы атамекенге сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Ұйымдастыру кезеңінен кейін үй тапсырмасын сұрау мақсатында Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы бойынша төмендегідей сұрақтар қойылды:

1. Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданына қарасты облыстарды атап, картадан көрсетіңіздер.
2. Табиғат жағдайларында қазіргі таңда қандай өзгерістер болуда?
3. Табиғат байлықтарының өндірілуі мен өңделуі қандай дәрежеде?
4. Өнеркәсібінің басты салаларын атаңыздар.
5. Ауылшаруашылығының басты салалары қандай?
6. Халқының қоныстануы мен қазіргі құрамы туралы не айтуға болады?
7. Ауданның сыртқы экономикалық байланысы қандай жағдайда?
8. Қазіргі таңда қандай экологиялық мәселелер туындауда?
9. Ірі кәсіпорындарымыздың шетелдік алпауыттардың қолына берілуі дұрыс па?
10. Солтүстік Қазақстан ауданының климатының өзгеру себебі неде?

Сұрақтарға жауаптар алынып, оқушылар білімдері сараланды.

Жаңа сабақ мынадай мақсаттар қоюдан басталды:

Нені білеміз? Оңтүстік Қазақстанның географиялық орны мен табиғаты туралы.

Нені үйренеміз? Қазақстан картасындағы Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының географиялық орнын, шекарасын картадан көрсете білуге.

Нені үйрендік? деген мақсатымыз сабақтың соңында айқындалды.

Балалар, біз бүгін Арал теңізінен Жонғар қақпасына дейінгі аймақтарға керуенге шығамыз. Керуен жолы Оңтүстік өңірдің батысында орналасқан Қызылорда облысынан басталады.

Сұлу Көкше, өр Алатау арасы,
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылымен қорғаған,
Бабаларым осал емес-ау шамасы...

деген өлеңді оқи отырып, Оңтүстік Қазақстан өңіріне керуен жолдары карта бетінде керуен көші бар түйелер жүргізіліп отырды.

Керуен жолы Қызылорда облысынан басталды.

О, Сыр бойы, сүйікті атамекен,
Анамдай ардақтайтын құрмет еткен.
Жан-тәнім тебірене жайып құшақ,
Жүзіңнен қысқа күнде қырық тәу етем.
Суың – бал құмың – қазына, сазың – алтын,
Ақтарып асылыңды алды халқым,
Өлкенде өрнекті әсем өмір қайнап
Әлемді алты орап алды даңқын.

Қызылорда – бұрынғы Ақмешіт қаласы. Қазақстанның Орынбордан кейінгі астанасы болған. Аумағы – 226,0 мың км², халқы – 596,2 мың адам. Шығысында – Оңтүстік Қазақстан облысы, солтүстігінде – Қарағанды, солтүстік-батысында Ақтөбе, Арал теңіздерімен, оңтүстігінде – Түрікменстан мемлекетімен шектесіп жатыр. Күріш пен тарының отаны деуге болады. Керуен көшінің келесі сапары Оңтүстік Қазақстан облысына жалғасты.

Қолтаңба бағытың бар ел ескерген.
Көркемдік дәрежең бар киелісің,
Алыптар тұрған еді бастауыңда,
70 жыл өтіп кетті қас қағымда.
Көресіз мұражайдан тарих ізін,
Қазақтың қасіретті дастанын да...

Шымкент – Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы, көне қалалардың бірі. Отырар, Сауран, Түркістан, т.б. көне өлкелерімен әйгілі. Аумағы – 117,3 мың км², халқы – 1978,3 мың адам. Облыс шығысында – Жамбыл, солтүстігінде – Қарағанды, батысында – Қызылорда, оңтүстігінде – Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Бау-бақша мен жүзімдіктердің астанасы.

Керуеніміз Жамбыл облысына келіп тоқтады.

Жамбыл – Тараз деген атпен VI ғасырда белгілі болған. 2000 жылы қайтадан Тараз атауы берілді. Қала өзінің 2000 жылдық мерейтойын атап өтті. Аумағы – 144,3 мың км², халқы – 988,8 мың адам. Шығысында – Алматы, солтүстігінде – Қарағанды, батысында – Оңтүстік Қазақстан облыстарымен, Оңтүстігінде – Қырғызстан Республикасымен шектесіп жатыр.

Керуеннің соңғы жолы Алматы облысына келіп тоқтады.

Алатау, басыңнан бұлт аса алмаған,
Тосырқап тасыңды жат баса алмаған.
Табиғат шебер қолмен қоя салған,
Шыңдарың пирамида қашалмаған.
Көгінде мөлдір аспан төңкерілген,
Жиегі көк көрпедей көмкерілген.
Әп-сәтте қара нөсер құйып өтсе,
Артынша бұлт астынан күн көрінген...

Қазіргі Алматының негізінің қаланғанына 150 жылдай уақыт болды. 1854 жылы Верный бекінісі ретінде пайда болған. 1920-1998 жылдарға дейін Қазақстан Республикасының астанасы болған. Қазіргі таңда бұрынғы Талдықорған облысымен қосылып, жерінің аумағы 223,9 мың км², халқы – 2687,9 мың адам. Шығысында – Қытай мемлекетімен, солтүстігінде – Шығыс Қазақстан, солтүстік – батысында – Балқаш көлі мен Қарағанды, батысында – Жамбыл облыстарымен шектеседі. Алматы – Қазақстанның ең

көрікті қаласы, республиканың білім және мәдениет орталығы. Апортымен әйгілі.

Сабактың екінші бөлімінде Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының табиғатына сипаттама берілді. Ауданның жалпы алып жатқан территориясы батыстан-шығысқа, яғни Арал теңізінен – Жоңғар қақпасына дейін 2000 км-ге, солтүстіктен-оңтүстікке, яғни Балқаштан Бетпақдалаға дейін 700 км-ге созылып жатыр. Табиғаты Орта Азия табиғатына ұқсас және алуан түрлі. Жерінің 80-пайызы қуаң жерлер, тек биік таулардың бөктерінде ғана ылғалды жерлер сақталған. Тянь-Шань, Жоңғар Алатауының Батыс және Солтүстік тізбектері бар. Климатының ерекшелігі – жазы ашық, ыстық күндерінің санының көп болуы. Сондықтан мұнда бау-бақша, техникалық дақылдар, жүзімдіктер өсіруге өте қолайлы. Жауын-шашынның мөлшері жазықтарда – 250 мм, таулы аймақтарда – 400 мм. Өзендері шілде-тамыз айларында тау мұздықтарының еруінен тасиды.

Минералды байлықтарға бай аудан. Қаратау, Кентау, Жаңатас, Текеліде полиметалл кендері мен фосфорит бар. Аралда – ас тұзы мен сульфат, Састөбеде әктас, Түркістанда ғаныш, т.б. бар.

Сабакта, сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының экологиялық мәселелеріне тоқталдық:

1. Қызылорда облысындағы Арал мәселесі. Бұл дүниежүзілік ауыр мәселеге айналып отыр.

2. Қармақшы, Арал аудандарында тері ауруларының көбеюі. (Арал тұзына байланысты).

3. Ақсу-Жабағылы қорығының қазіргі аянышты тағдыры.

4. Созақ өңіріндегі геологиялық барлау жұмысына байланысты жер асты суларының шектен тыс ластануы.

5. Бұрынғы шахталардың қараусыз қалуы.

6. Ауылдардың тозуы мен оның алдын алу жолдары.

7. Алматы апортының ұсақталып кетуі.

8. Климаттың тұрақсыздануынан өзендер режимінің өзгеруі.

9. Жарамсыз жерлерді қалпына келтіру шаралары, т.б.

Оқушылардың осы мәселелер жайындағы ой-пікірлері тыңдалды.

Сабакты пысықтауға сөзтуым «Қошқар мүйіз» қолданылды.

1. Қазақстанның астанасы болған қала (Қызылорда).

2. Оңтүстік өңірдегі ірі теміржол стансаларының бірі (Арыс).

3. Әктас өндіретін жер (Састөбе).

4. Шөл зонасына тән өсімдік (Ебелек).

5. Шымкент мегаполисіндегі қала (Кентау).

6. Созақ өңірінде өндірілетін қазба (Уран).

Оқушылар білімі бағаланып болғаннан кейін үйге тапсырма берілді. Төмендегі сұрақтармен жұмыс жасау тапсырылды.

1. Оңтүстік өңірлерге басқа ұлт өкілдері мен шетел азаматтарының көп қоныстануы қазақ халқының ұлттық құрамына әсер ете ме?

2. Оңтүстік Қазақстан облысы мен Өзбекстан Республикасының шекаралық жағдайлары туралы не айтар едіңіздер?

3. Арал тағдырын шешуге сіздер қалай көмектесер едіңіздер?

4. Оңтүстік Қазақстан ауданының климатының өзгеруінің себептері неде?

5. Қолда бар қорықтарды қалай сақтап қаламыз?

6. Өздеріңіз тұрған жерде қандай тарихи және киелі орындар бар, олар қалай сақталып, қорғалуда?

Осы тақырыпты одан әрі тереңдету барысында келесі сабақта төмендегідей дидактикалық тапсырмаларды орындаттық.

1-тапсырма. Оқушыларды сауаттылыққа және есте сақтау қабілетін арттыруға негізделген географиялық диктант жаздырдық. Көп нүктенің орнына дұрыс жауабын жазу:

1) Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан облыстар:, ...,, ... (Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда, Жамбыл).

2) Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданымен шектесетін облыстар: ..., ..., ..., ... (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Ақтөбе).

3) Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының басты пайдалы қазбалары:,,,,, т.б. (фосфорит, полиметалл ас тұзы).

4) Оңтүстік Қазақстан ауданы солтүстіктен-оңтүстікке..., батыстан-шығысқа ... км-ге созылып жатыр... (Батыстан Шығысқа 2000 км, Солтүстіктен Оңтүстікке 700 км).

Оңтүстік Қазақстан ауданы ... зонасында орналасқан (шөл).

Оңтүстік Қазақстан өңірінде ..., ... таулары орналасқан (Тянь-Шань, Қаратау).

2-тапсырмада ұшқырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу мақсатында сөзжұмбақ «ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН» шештірдік.

1. Пайдалы қазба (фосфорит).
2. Қоңыр көмір өндірілетін кен орны (Ленгір).
3. Оңтүстіктегі биік тау (Тянь-Шань).
4. Дәнді дақыл (күріш).
5. Түркістан маңындағы дәнді дақыл (күріш).
6. Оңтүстіктегі ең ірі өнеркәсіп торабы (Алматы).
7. Алматының негізі болған бекініс (Іле).
8. Талдықорған қаласындағы зауыт (аккумулятор).
9. Іле өзеніне салынған су қойма (Қапшағай).
10. Манкенттің көне атауы (Маңкес).
11. Техникалық дақыл (қызылша).
12. Суармалы егіншілік дамыған өзен (Талас).
13. Саны жөнінен ең көп өсірілетін мал (қой).
14. Шымкент қаласындағы зауыт (қорғасын).
15. Оңтүстіктегі көне қала (Түркістан).
16. Оңтүстіктегі канал (Қаратал).
17. Алматы қаласының ежелгі атауы (Верный).

Сергіту сәтінде халық педагогикасымен байланыстырып, өлең-жырға кезек бердік. Тақтаға оқушылар кезегімен шығып, үлестірме қағаз алды. Онда қалалардың аттары жазылған. Оқушы алған қаласы жайында ән орындады (алдын ала тапсырылған). Мақсатымыз – оқушыларды әсемдікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

4-тапсырмада оқушылардың картографиялық диаграммалармен жұмыс жасау қабілеттерін арттыру мақсатында Оңтүстік Қазақстан халқы жайындағы кестені қолданып, шеңберлі диаграмма сызды.

5-тапсырмада географияның тілі карта болғандықтан кескін картамен жұмыс жасаттық. Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданына физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық сипаттама жасау арқылы (кескін картамен жұмыс) сұрақтарға жауап берді.

1. Кескін картада белгіленген нысандарды атаңыз.
2. Пайдалы қазбаларын шартты белгімен түсіріңіз.
3. Өнеркәсіп тораптарын түсіріңіз.
4. Ауылшаруашылық дақылдарын түсіріңіз.

Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданының халқы

№	Облыстың аты	Халық саны	Қала халқы	Ауыл халқы	Ерлер саны	Әйелдер саны
1	Оңтүстік Қазақстан	2025, 4	740,3	1285,1	993,7	1018,3
2	Алматы	1561,8	448,3	1113, 5	769,3	796,6
3	Жамбыл	985, 7	448,9	536,8	469	516,4
4	Қызылорда	605,5	365,4	240,1	301,1	302,3

6-тапсырма. Салт-дәстүр аялдамасы.

1. Жер-су жайында мақал-мәтелдер айтылды.

2. Оңтүстіктегі көне қалалар атауының шығу тарихына тоқталды.

Сабақтың соңында оқушылар білімі бағаланып, үйге тапсырма берілді.

Халық педагогикасын сабақта тиімді пайдалану жолдары артып, отандарына деген сүйіспеншілік сезімдері де жоғарылады.

9-сыныпта «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы» пәнінен «**Ауыл шаруашылығы**» тақырыбын қорытындылау мақсатында сайыс сабағын өткізу.

Көрнекілігі: статистикалық материалдар, Қазақстанның экономикалық картасы, төрт-түліктің суреті, өсімдіктердің кеппешөптері, т.б.

Жалпы сайыс бағдарламасы:

1. Білімділер сайысы.
2. Мақал-мәтелдер сайысы.
3. Кескін картамен жұмыс.
4. Суреттер арқылы жұмыс жасау.
5. Сергіту сәті.

Оқушыларды шапшаңдыққа тәрбиелеу барысында «Білімділер сайысы» өткізілді.

1. Қазақстанның мал шаруашылығының басты саласы.
2. Бұғы шаруашылығы дамыған аудан.
3. Түйе шаруашылығы дамыған аудан.
4. Қазақстанда өсірілетін сиырдың қол тұқымдары.
5. Дәнді-дақылдар.

6. Жамбыл, Алматы, Павлодар облыстарында өсірілетін техникалық дақылдар.

7. Қазақстанның солтүстік-батысында өсірілетін дақыл.

8. Қазақстандағы тың игеру басталған жыл.

2-сайыс. Мақал-мәтелдер жарысы. Әр оқушы төрт-түлік, өсімдік жайлы мақал-мәтелдер айта отырып, мағынасына үнілді. Санына шек қойылмады. Мысалы, «Күріш арасында күрмек те су ішер». «Бәйшешек гүл – жердің көркі, білімді ұл-қыз елдің көркі». Мақалдар арқылы адамдар бойындағы қасиеттер айтылды.

3-сайыста оқушылардың іскерлігі мен дағдысын арттыру мақсатында «Кескін картамен жұмыс» жасалды.

1-топ. Кескін картаға қой, ешкі шаруашылығы дамыған аудандарды түсірді, қойдың қол тұқымдарын атады.

2-топ. Кескін картаға жылқы, түйе шаруашылығы дамыған аудандарды түсіріп, қол тұқымдарын атады.

4-сайыс. «Суреттер жарысы»

1-топқа – дәнді дақылдар суреті (бидай күздік, жаздық, арпа, тары, сұлы, жүгері, күріш, қарақұмық).

2-топқа – техникалық дақылдардың суреті (мақта, қыша, қызылша, күнбағыс, темекі, зығыр).

Әр топтан бір-бір оқушыдан шығып, осы суреттерді алдымен кеспелердің арасынан теріп алды, содан кейін өсірілетін облыстарға апарып ілді. Оқушылардың дәнді және техникалық дақылдар жайындағы білімдерін тексеріп, облыстардың ауылшаруашылығына шолу жасаттық.

«Сергіту сәтінде» мұғалім өсімдіктер мен жан-жануарлардың тіршілік әрекеттері жайлы қызықты материалдар келтірді.

Сабақтың танымдық сәтінде мұғалім Қазақстандағы малдың қол тұқымдары мен өсімдіктердің іріктемелерін жасаған ғалымдардың еңбектеріне тоқталады.

Қазақстандағы мал тұқымдары.

Қой тұқымдары:

1. Қазақтың арқар-мериносы. Академик М.Ф. Ивановтың ұсынған әдісі бойынша биязы жүнді қойды таудың тағы арқарымен шағылыстыру арқылы алынған. Дүниежүзіндегі бір ғана қой тұқымы. Авторлары: Н.С. Бутарин, А.И. Есенжолов, Е.В. Большакова, Ж. И. Жандеркин.

2. Қазақтың биязы жүнді қойы – авторы В.А. Бальмонт.

3. Дегерес қойы – авторлары В.А. Бальмонт, Т.Б. Бөкенбаев және т.б.

4. Еділбай қойы – халықтық селекциялық жолмен алынған. Құйрықты қойлардың ең құнды тұқымы.

5. Қаракөл қойы – көп ғасыр бұрын Орта Азияда, Бұхар жерінде шығарылған, қазіргі таңда қара, көк, сұр, қызғылт, қызыл-қоңыр, шатури түсті түрлері бар.

Ірі қара мал тұқымдары:

1. Қазақтың ақбас сиыры. Қол тұқым қазақтың жергілікті сиырын қалмақ бұқасымен будандастырып, одан алынған ұрпақты герефорт тұқымымен шағылыстыру арқылы алған.

2. Алатау тұқымы. Қазақтың жергілікті сиырын шведкий бұқасымен будандастыру арқылы алған. Сонымен бірге қырдың қызыл сиыры, симменталь ірі қара және әулие-ата тұқымдары бар.

Жылқы тұқымдары: Қостанай жылқысы, Көшім жылқысы және Мұғалжар жылқы тұқымдары бар.

Қазақстандағы өсімдік іріктемелері.

Қазір Қазақстанда 200-ден астам ауылшаруашылық өсімдіктерінің іріктемелері мен будандары аудандастырылған. Еліміз астықты аудан болғандықтан – бидайдың жаңа іріктемелерін шығаратын ғылыми-зерттеу институттары бар. Мысалы: А.И. Бараев атындағы Қазақтың астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (Ақмола облысы, Шортанды) қазақтың В.Р. Вильмс атындағы егіншілік ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Алмалық). Академик Р.А. Оразалиев өзінің шәкірттерімен соңғы 20 жылдың ішінде 30-дан астам бидайдың іріктемелерін шығарып, будандастырды. Қазақстан ғалымдары Богарная-56, Алмалы, Красноводопатская-210, Алматинская полукарликовая, Прогресс, Жетісу, Қарлығаш, Шортандинская-25, Целинная-25, Казахстанская-10, Арай, Ақмола, т.б. сорттарын шығарды.

Сабақ соңында мұғалім іріктемеші-ғалымдардың Қазақстан ғылымының дамуына қосқан ерен еңбектерін айтып, олардың өз Отанының патриоттары екендігіне тоқталды.

Сөйтіп, Қазақстанның физикалық және әлеуметтік-экономикалық географиясы пәндері бойынша тақырыптарды конференция, баспасөз-конференция, лекция, саяхат, сайыс, т.б. сабақтары

етіп өткізілген жолдары қарастырылды. Карта, кескін карта, кесте, дидактикалық материалдармен жұмыс жасау арқылы оқушылар халық педагогикасының дәстүрлері – өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөз, т.б. теориялық біліммен ұштастырып, сұрақтарға жауап берді. Нәтижесінде оқушылар Қазақстанның географиялық орны, зерттелу тарихы, пайдалы қазбалары, территориялық табиғат аудандары, ішкі сулары, экологиялық проблемалары, Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданы, т.б. көптеген ұғымдарды қалыптастырды. Тақырыптарды халық педагогикасының дәстүрлерімен байланыстыра отырып, пәнге деген қызығушылықтары артып, Отандарына деген сүйіспеншілік сезімдері қалыптасты.

Қорыта айтқанда, біз география пәндерін оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда тек қана «Қазақстанның физикалық және әлеуметтік-экономикалық географиясы» пәндерінің кейбір сабақтарын ғана мысалға алдық. Өзіндік жұмыстарды география пәнінің басқа курстарында да ұйымдастыруға болады. Ол тек ізденімпаздық пен еңбекті қажет етеді. Біздің Қазақстанның географиясын алу себебіміз, біріншіден, оқушылардың өз жеріміздің, еліміздің географиясы туралы білімдерін тереңдету, екіншіден, оқушылардың Қазақстан туралы білімдері біршама бар, ол өз кезегінде өзіндік жұмыстарды жүргізуге септігін тигізеді, үшіншіден, олардың ізденуіне, өз бетінше жұмыс жасауына қолайлы.

6. ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ОЙЫНДАР

6.1. География сабағындағы ойындар

Педагогика мен әдістеме орталық буын болып, оқу үдерісін белсенді түрде нәтижелі етуге ұмтылуда. Ол сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді, оқытудың әртүрлі формаларын қолдануға тікелей байланысты. Сондай тиімді формалардың бірі – *ойындар*. Сабақ үдерісінде ойын әдістерін қолдану оқушылардың алған білімін одан әрі толықтыруға, түсініктерін тереңдетуге, ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, балаларға білім беру мен оларды тәрбиелеудегі ойынның маңызын кезінде педагогтар Я.А. Коменский, Г.И. Песталочий, К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский және басқалар атап кеткен болатын.

Ойынды өткізу сабақтардың тақырыптық жоспарлауына алдын ала енгізіліп, ал мазмұны мәтінге сәйкес ойластырылады. Оқушылар жаңа білімді меңгеруді, іскерліктерін ұштауды ойын барысында жүзеге асырады. Ойын оқушылар белсенділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етіп, басқа уақытта меңгере алмайтын үлкен көлемдегі оқу жұмысын орындауға мүмкіндік береді. Басқа пәндер секілді география пәнінің сабақтарында да ойын элементтерін жиі қолдануға болады.

География пәніндегі ойындар, басқа пәндердің ойындары сияқты, дүниені танып-білу жолдарының бірі болып табылады.

Ойыннан білімге деген құштарлық туады. Әртүрлі ойындарды, мысалы, жұмбақтарды шешу үшін шыдамдылық пен табандылық қажет етіледі.

Сондықтан да оқушылар түрлі қызық ойындарға қатыса отырып, ойынның тәртібіне саналы түрде бағынуға, адалдыққа, шыншылдыққа үйренеді. Тіпті, ойындар тапқырлық пен

байқағыштықты, батылдық пен ынталылықты жетілдіріп, қарсы ойнап отырған адамдармен өз мүмкіншіліктерін, өз күшін дұрыс пайдалана білуге, жолдастық ынтымаққа, өзара көмекке үйреніп, ұжымшылдық пен ұйымшылдықты қалыптастырады.

Ойын – оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, географиялық білімдерін тереңдетіп, ойланғыштыққа, тапқырлыққа жаттықтырады. Географиялық картамен жұмыс істеуге дағдыландырады. Оқушылар географиялық қызық ойындарды құмартып ойнайды, әсіресе жеңіске ие болған кезде көңіл-күйі көтеріліп, қуанышқа бөленеді, себебі жарыс үстінде өзінің білім дәрежесі мен ой-өрісінің шамасын біліп отырады. Ал жеңіліске ұшыраған кезде өзінің нені білмейтінін аңғарып, білімін толықтыруға талпынып, ізденуге тырысады. Әсерлі ойындар оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге көмектеседі. Сонымен бірге ойын жақсы дем алу түрі болып табылады. Ойындардың тәрбиелік және білімділік маңызы бар.

Бүгінгі күні дидактика саласындағы фундаментальды мәселелердің бірі білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Адамдар ойынның құрылымдық жүйесі жөнінде кеңестік дидактикада аса маңызды зерттеулер болған жоқ. Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен-өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады.

Адамзат ойынының сан жылғы тәжірибесі ойынының білімділік құндылығын дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады. Адамдардың ойын әрекеттерінің формалары мен әдістері және мазмұны қарапайым сыдырмақтармен қозғалыстар (манипуляция) жасаудан бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі видеокомпьютерлік ойындарға дейін ауысады.

Адам ойынын оқу үдерісіне қалай ендіруге болады? Адамның ойын әрекеті негізгі үш түрлі даму деңгейлерінен тұрады: кәсіптік ойындар, әуестену ойындары, оқу-жаттығу ойындары.

Ойын оқыту үдерісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Сонымен бірге ойынды оқытушылар мен студенттердің, мұғалімдер мен

оқушылардың, мектеп жасына дейінгі балалар мен тәрбиешілердің бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Балалар ойыны да, үлкендер ойыны да ерек тұлғаның мәнді әрекеті ретінде қарастырылады. Адам өзінің және басқалардың ойынының нәтижесін бақылай, талдай, қорытындылай отырып, оны өзінің жақсы да жаман да істерінде ұтымды қолдануға машықтанады.

Адам ойынының жалпы құрылымдары түрінде ұйымдастырылған оқытушының белсенді бірлескен оқу және оқыту әрекеті оқытудың ойын формасы (ООФ) деп аталады.

Қазіргі кездегі оқытудың ойын формасын зерттеудің мәні мен міндеті оның түрлерін; иммитациялық, символдық және оқу-зерттеу деп бөле отырып, осы оқу ойындарының технологиясын талдау болып отыр.

Егер адамдарға қандай да бір ойындарды ойнау тапсырылса, онда олар көбіне «білмеймін», «ойнай алмаймын» дейді.

Бұл жағдай, тіпті, ең қарапайым ойындарды ойнаудың өзі оқудан, білімнен басталатынын көрсетеді.

ООФ қолдануда екі жақты дидактика байқалады, біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі.

Ойын теориясы мен тәжірибесін отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы, Йохан Хейзингтің «Ойыншы адам», «Д.Б. Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары: А.В. Вербций, Г.В. Кудрявцев, И.П. Пидкасистый, қазақстандық ғалымдар: Н.К. Ахметов, Ж.С. Хайдаров, т.б.

Белсенді оқыту әдістеріне жататын іскерлік ойындар: рөлдерді ойнап көрсету, белгілі жағдайды талдау, бағдарламалы белсенді оқыту, ойындарды жобалау, мәселелі дәрістер, талқылаулар, тәжірибе алмасу, т.б. ғылыми-педагогикалық әдебиетте көптеген нақтылы ойындар «ойындарды өңдеу» деген жалпы терминмен белгіленеді. Осы мәселенің өзіндік үлкен маңызы бар, себебі тарихта логиканы дамыту іскерлік ойындарды қоғамдық ғылымдарда кең қолданудың артықшылығы мен кемшілігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттерді талдап қарасақ, алғаш іскерлік ойындар ХХ ғасырдың ортасында экономикалық факультеттің студенттеріне ұсынылған. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды, себебі алғашқы ойын 1932 жылы 23 шілдеде КСРО-да Ленинградтағы инженерлік экономикалық институтында өткізілгені анықталып отыр. Қазіргі уақытта жеткілікті негізделген белгілі бір ойын теориясы мен математикалық зерттеу әдісі сәйкестендірілген жинақтар бар.

Америка мектептеріне өңделген оқытулар 1960-1970 жылдарда еніп, содан кейін жоғары мектептерде қолданыла бастаған. Қазіргі уақытта ТМД-да іскерлік ойындар, негізінен, білім көтеру жүйесінде және Мәскеудің, Санкт-Петербургтің, Киевтің, Нововсібірдің бірқатар жоғары мектептерінде қолданылып жүр. Өзіміздің және шетел зерттеушілерінің пікірінше, оқу үдерісінде ойындар қолдану оқытуды мәселемен жақындату нәтижесінде көрсететінін байқауға болады.

Оқыту аудиториясын сыртқы ортадан бөліп қарау студенттерді болашақ мамандыққа даярлаудан оқытушыға үлкен жауапкершілік жүктейді. Алайда ойындар мен өңдеулерді іске асыруда студенттер нақтылы өмірдің элемент негіздерін өз тәжірибелерінде сынайды. Ойындар жорамалданған жағдайда қоршаған ортада баламалы механизмді құруды, парасатты жеке тәжірибе жинақтауды, нақтылы қатысуды қажет етеді. Студенттер ойын кезінде өз көзқарасын, өз пікірін қорғауға дайын болады. Б. Блуэт пен Д. Баквольтердің пікірі бойынша, ойын оқытушы мен студенттің кең ауқымда тең араласуына, тіл табысуына мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге ойындар адамдардың ойын белгілі жүйеге келтіреді.

Сезім дамуының маңыздылығы туралы (ағылшын тілінен орысшаға сөзбе-сөз аударғанда – вчувствование) америкалық оқытушылар В. Роджерс пен А. Гудданд өз зерттеулерінде жиі атайды. Өйткені оқушылар ойындарды өздері өңдесе, онда олар оқу материалдарын әдеттегі оқу таным әдістеріне қарағанда, ынтамен тереңірек үңіліп оқиды және оларды зерттеу арқылы дағдылану әрекеттерін дамытады. Ең бастысы, ойындар мен өңдеулер студенттердің көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесі зерттеуші белгілі психолог Д. Б. Элькониннің сөзімен айтсақ, «ойын – ол адамдардың арасындағы әлеуметтік арақатынас, практикалық

білімдері және қызметі». Оқу ойындарын қолданудың жағымды жақтарына америкалық авторлар мына жағдайларды жатқызады:

– ойындар абстрактілі оқытуға қарағанда, өз тәжірибесімен оқытуға мүмкіндік береді;

– ойындар ойын басшысының тәжірибесіне немесе дағдысына тәуелсіз;

– ойындар интуицияны жағтықтырады, мәселені шешу қабілеттілігін және қажетті әлеуметтік мінез-құлықтың түрін таңдауға, үдерістер мен құбылыстардың деректерін түсінуге стратегиялық баламалы шешім қабылдауға, тәуекелге бел байлауға үйретеді;

– ойындар жеке мәселелерді оқуда және шешуде қабілетті әрі қарай арттырады, ойынға қатысушылар оқытушының рөлін ойнап, бірін-бірі белгілі бір деңгейде оқытады, бірақ әрқайсысы бір ойында өздерінің қабілеттілігі мен қажеттілігіне қарамай көп нәрсеге үйренеді.

Сонымен, іскерлік ойындарды ойынға қатысушыларға қиын мәселелерді басқаларға қарап тұрмай өздерінің шешуіне кепілдік береді. Олай дейтініміз, өңдеулер мен ойындар арқылы оқушылар өздерінің не істегендерін байқайды, жетістіктерін көздерімен көреді, уақытын дұрыс пайдаланады. Өңдеулер мен ойындар, сондай-ақ кейбір студенттер ұнайтын оқу пәндерін де қанағаттандырады, біріне-бірі көңіл бөліп, өздерін басқаның орнына қойып үйренеді. Өңдеулер мен ойындар икемді мақсаты мен құрылымына байланысты қиындатылады. Ойындар өздерінің аяқталу үдерісіне орай амбивалентті (егер бүгінгі ойынның саны 1:1 ойынға қатысушының біреуіне тиімді болса, келесі күні 0:0 болады). Бұл көптеген авторлардың пікірімен сәйкес. В.Ф. Коморовтың пікірінше, оқу үдерісінде ойынды қолдану оқушылардың даму қабілетін арттырады, мәселеге ғылыми негізде жақындатады, ал ойынды өткізу ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Алайда ойындар мен өңдеулердің артықшылығы мен қатар кемшілігі де бар. Өзіміздің және америкалық авторлардың пікірімен санассақ, мына деректі естен шығармау керек, ойын кезінде оқытушы өзінің беделін жоғалтып, тек ойынды ұйымдастырып және бағыттап отырады. Сонымен бірге ойындар мен өңдеулер студент назарын екінші сатыдағы дағдыға аударып, негізгі дағды шет қалып қояды, яғни

Бұл географиялық бірнеше атаулардың бірінің астына бірін жазып, оның бастапқы немесе соңғы әріптерін жоғарыдан төмен қарай тігінен оқығанда белгілі бір қаланың, не өзен, таудың атын шығаруға болатын жарыс ойыны. Мысалы:

Ш	Шолаққорған
Ы	Ырғыз
М	Марқакөл
К	Көкшетау
Е	Есіл
Н	Нұра
Т	Түркістан

Жоғарыдан тіктеп оқығанда «*Шымкент*» сөзі шығады.

Акростиканың сұрақтары:

1. Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудан орталығы.
2. Қазақстандағы өзен.
3. Шығыс Қазақстан облысындағы қорық.
4. Солтүстік Қазақстандағы қала.
5. Батыс Қазақстан аймағындағы өзен.
6. Қазақстандағы өзен.
7. Көне қаланың бірі.

Бұл ойынды басқа жолмен де ойнауға болады. Белгілі бір географиялық атауды жоғарыдан төмен қарай және төменнен жоғары тігінен жазып алып бастапқы әріп пен соңғы әріптердің арасына географиялық атаулар тауып жазу керек.

Мысалы, АСТАНА сөзі. Оны екі қатарға жоғарыдан төмен қарай және төменнен жоғары қарай тігінен жазып қоямыз.

А А	Аляска
С Н	Севан
Т А	Титикака
А Т	Алеут
Н С	Негрос
А А	Амазонка

ойындар оқып зерттеуден сырт қалады. Кейде ойындар мен өңдеулер әдеттегі оқуға қарағанда қолайсыз болып келеді. Кей жағдайда оқытушылар ойынның бар екенін білмейді. Ойындар мен өңдеулер құрал-жабдыққа материалға байланысты қымбатқа түсіп, артық жүріс пен бос айкайға әкеліп, оқытушылар үшін қолайсыздық туғызады. Сондай-ақ көптеген ойындар жоғары деңгейде өңделмеген, сол себепті оны қолдану қиындық тудырады. Тіпті, кейде баламалы оқыту түрі сияқты ойындар ойынға қатысушыларға ұнамауы мүмкін, ойынға белгілі бір студенттер саны ғана қатысып, қалғаны сыртта қалып қоюы да ғажап емес. Сондықтан да белгілі мақсатқа ғана сәйкестендірілген ойындар мен өңдеулерді әркім өзінше құруы қажет. Осы орайда түрлі әдіс бойынша берілетін ойын түрлерін қарастырамыз.

География сабағында қолданылатын ойындарды жазбаша және ауызша деп екіге бөлуге болады.

6.2. Жазба түрінде ойналатын ойындар

География сабақтарында жазба ойындардың түрлері өте көп. Оның бірі – әртүрлі сұрақтармен жұмыс жасау немесе әртүрлі бейнелеулер арқылы жүргізіледі. Соның бірнеше түріне тоқталуды жөн көрдік.

Анаграмма

Жеке сөздердің әріптерін ауыстырып қою арқылы басқа мағыналы сөздерді не басқа географиялық атауларды шығару «анаграмма» деп аталады. Мысалы,

ҰРАН	–	НҰРА
ІЛЕС	–	ЕСІЛ
ТЕКТЕН	–	ТЕНТЕК
ИРАК	–	КАИР
КУБА	–	БАКУ

Анаграммаларды сынып жоғарылаған сайын күрделендіре түсеміз. Газет-журнал беттерінде жарияланған анаграммалармен бірге, мұғалім мен оқушылардың өздері даярлаған ойындарды қолданамыз.

Құрастырылған сұрақтар:

1. Солтүстік Америка материгіндегі түбек.
2. Кавказдағы өзен.
3. Африка құрлығындағы көл.
4. Солтүстік Америка құрлығындағы түбек.
5. Оңтүстік Америка тауларындағы шыңның бірі.
6. Дүниежүзіндегі суы мол өзен.

Графарета

Кейбір әріптері ғана көрсетіліп, жасырын ойналатын географиялық ойын. Ол үшін қағазға жұмбақтың кейбір әріптері ғана жазылған тор көздері жасалынады. Ойнаушы оған жетіспейтін әріптерді немесе сөздерді өзі қосуы керек. Мысалы, вулкандардың аттарын тауып жазыңыз:

1. Сан-Педро
2. Санфорд
3. Семеру
4. Сламет
5. Стромболи

Сөзжұмбақтар

Сөзжұмбақтарды құрастыру және онымен жұмыс жасау барлық сабақтарда, сабақтан тыс уақыттарда жүргізіледі. Бұл ойын арқылы оқушыларды ұшқыр ойлауға, ой-өрісін дамытуға, шапшаңдыққа тәрбиелейді. Мысалы, «Атмосфера» сөзжұмбағы. Географиядан 6-сыныпта «Атмосфера» тарауын қорытындылау барысында қолдануға болады.

Сөзжұмбақтың сұрақтары:

1. Тірі ағзалар тыныс алатын зат (*ауа*)
2. Жердің ауа қабығы (*атмосфера*)
3. Ауа райының белгілі бір жердегі көпжылдық режимі (*климат*)
4. Ауа ылғалдылығын жазатын құрал (*гигрограф*)
5. Желдің түрі (*муссон*)

6. Желдің бағытын көрсететін құрал (*флюгер*)
7. Ауаның горизонталь бағыттағы қозғалысы (*жел*)
8. Теңіз жағасында түзілетін жел (*бриз*)
9. Жер бетіне сұйық күйде түсетін су (*жаңбыр*)

Сөзжұмбақтарды барлық тарауларды қорытындылағанда, география сабақтарының тақырыптарын қайталау барысында, көптеген сабақтарда пайдалануға болады. Газет-журнал беттерінде жарық көрген, мұғалімнің өздері құрастырған және оқушылардың өздері дайындаған түрлерін қолданамыз.

Сөзтізбек

Сөзтізбектің сөзжұмбақтан айырмашылығы ойын барысында бастапқы сөздің соңғы әрпінен келесі сөздің әрпі басталады. Сөзтізбектерді де әрбір сабақты, тарауды қорытындылағанда, қайталағанда қолданамыз. Қазіргі таңда оқушыларды ұлттық тәрбие, салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуіміз қажет. Соның бірі – қазақтың ою-өрнектері.

Мысалы, «Қошқар мүйіз» оюына жасалған «Африка» сөзтізбегі. Африка тарауын өткенде пайдаланамыз.

Сөзтізбектің сұрақтары:

1. Африкадағы табиғат зонасының бірі (Саванна).
2. Африкадағы өзен (Аух).
3. Тель-Атлас тауындағы шың (Хедиджа).
4. Африка материгінің солтүстігіндегі мемлекет (Алжир).
5. Ұзындығы 800 км болатын Африкадағы өзен (Рувуша).

«Қошқар мүйіз» сөзтізбегін дұрыс шешкенде «Африка» сөзі шығады. Сөзтізбектерді шеңбер, квадрат, үшбұрыш, т.б. геометриялық пішіндерде құрастыра беруге болады.

Үндемес ойыны

Оқушылармен жеке жұмыс жүргізгенде ойналады. Мысалы, 6-сыныпта оқушылар көптеген шартты белгілермен таныса бастайды. Шартты белгілерді толық игеру мақсатында осы ойынды қолдануға болады. Төменде берілген кестені қатты

қағазға үлкен етіп сызып, шартты белгілерден басқасын көрсетпей жауып қоямыз.

№	Қажетті заттың аты	Шартты белгі	Дұрыс жауабы
1.	Жалғыз ағаш	▲	
2.	Темір	□	
3.	Көпір	♣	
4.	Өзен	⊥	

Оқушы жеке қалтаға салынған сандардан қажеттісін алып, кестедегі шартты белгілердің жанына заттың рет санын орналастырады. Мысалы, өзен үшін оқушы 4 санын тауып алып, керекті заттың белгісінің жанына орналастыру қажет. «Үндемес» ойынын тек шартты белгілерді анықтауда ғана емес, материктер мен мұхиттардың тірі ағзаларын өткенде, географиялық объектілерді анықтағанда, т.б. кездерде жиі қолдануға болады.

7. Географиялық ребустар

Ребус – дегеніміз әртүрлі суреттер, белгілер, тұлғалар, сандар арқылы жеке сөздерді жұмбаққа айналдыру. Географиялық ребустар суреттерге, белгілерге, сандарға қарай отырып, географиялық атауларды табады. Сондықтан ребусты шешу көп ойландуды қажет етеді. Мысалы:

1. Алатау.
2. Алма-арасан.
3. Тау мен тасты су бұзар ребустары.

Кім жылдам ойыны

Бұл ойын оқушыларды шапшаңдыққа баулитын ойындардың бірі. Шеңбер сызу нәтижесінде әріптер жазу арқылы ойналады. Мысалы, 7-сыныптың географиясы бойынша «Үнді мұхиты» тақырыбын аламыз.

Егер осы шеңбердегі «Я» әрпінен бастап, екі тор көз тастап тез оқитын болса, төмендегідей сөздер шығады:

1. Ява.
2. Абель Тасман.
3. Кук.

Саяхатқа шығу ойыны

Оқушылардың ең жақсы көретін ойыны – карта бойынша саяхатқа шығу. Әсіресе ұлы географиялық ашулар заманындағы ұлы саяхатшылардың саяхаттары. Әрбір материктер мен мұхиттардың ашылу тарихы кезіндегі жүрген жолдарын сабақтарда ойнатуға болады.

Мысалы, «Оңтүстік Америка материгі» тарауы. Материктің ашылу және зерттелу тарихы бойынша сабақтарда «Саяхат» ойынын қолдануға болады. Оқушыларда Х. Колумб, А. Веспуччи, Ф. Магеллан, т.б. рөлдеріне қойып, саяхатқа карта арқылы шығарамыз. Ойынның тиімділігі – оқушылардың есінде жер-су аттары қалады әрі саяхатшылардың жүрген жолдарын біледі.

Сурет, картасызба арқылы берілетін жұмбақтар

Бір «Р» әрпі берілген Қазақстанның қалалары мен өзендерін жазыңыз.

1. Қазақстанның қалалары

1. Атырау
2. Жаңақорған
3. Қарағанды
4. Қаражал
5. Қызылорда
6. Қызылжар
7. Тараз
8. Талдықорған
9. Павлодар
10. Орал

2. Қазақстанның өзендері

1. Арыс
2. Ертіс
3. Қаратал
4. Қарасу
5. Нұра
6. Тоқырауын
7. Торғай
8. Сырдария
9. Ырғыз
10. Сарысу

Сурет арқылы ойналатын ойындар

Қолына пистолет ұстаған адам суреті төмендегі географиялық атаулардың формасынан құралған. Басы – Ресейдің солтүстігіндегі түбек (кері қарағанда) қолы – Ресейдің Азиялық бөлігіндегі көл. Сол аяғы – екі көл, бірі – азиялық бөлімінде, екіншісі – еуропалық бөлімінде, оң аяғы Солтүстік мұзды мұхитындағы арал. Осы атауларды табыңыз.

Жауабы: Басы – Ямаль түбегі, қолы – Балқаш көлі, денесі –

Каспий теңізі, сол аяғы – Байкал көлі мен Чуд көлі (Псков көлімен), оң аяғы – Жаңа Жер аралы.

Сызба арқылы ойналатын ойындар

Сызбада көрсетілген бұғаз қандай теңіздерді қосып тұр. Бұғазда қандай портрет бар. Бұғаздың шығыс жағында қандай шығанақ бар.

Жауабы: Сызбада: 1. Керчь бұғазы – Қара теңіз бен Азу теңізін қосып тұрады. 2. Керчь порты. 3. Тамань шығанағы.

География сабақтарында бұдан да басқа жазбаша ойындарды ойнатуға болады. Ойынның барлығы да сабақты тартымды да қызықты өткізуге себебін тигізеді. Ойынның түрлерін ойдан құрастыра беруге болады.

6.3. Ауызша ойналатын ойындар.

«Жұлдызды сәт ойыны»

Бұл ойынды оқушыларды қатар бойынша немесе жеке оқушыларды тақтаға шығарып жарыстырғанда ойнатуға болады. Сабақ өту барысында көз жеткізгеніміздей оқушылардың білім деңгейлері бойынша 4-5 оқушыдан шығарып ойнатқан тиімді. Ойын шарты бойынша оқушы қойылған сұрақтарға әрі қысқа, әрі тез жауап беруі шарт. Сұрақ мөлшері 30, 40, 50, т.б. болуы мүмкін. Сұрақ мөлшеріне қарай жұлдызға жету шамасын белгілейміз. Мысалы, 10 сұраққа жеткен оқушы алтын (5 деген баға), 8 сұраққа дұрыс жауап берген оқушы күміс (4), 6 сұраққа жауап берген оқушы қола (3) деген баға қоямыз. Ол өз еркінің бойынша құрастырылады.

Үлкен ватман қағазға нөмірлер қойылып, сол нөмір оқушы кеудесіне тағылады. Ватман қағазға жасалынған қалташаларға оқушының жауап беруіне сәйкес жұлдызшалар салынып отырады. Кім мәреге жетеді, сол алтын жұлдыз иегері болып табылады.

Мысалы, викториналық сұрақтардың түрлері.

1. Қазақстан Республикасының астанасы (*Астана*).
2. Қазақстандағы ең биік шың (*Хан-Тәңірі*).
3. Оңтүстік Қазақстандағы ірі өзеннің бірі (*Сырдария*).
4. Ең үлкен материк (*Еуразия*).

Сұрақтар сынып деңгейіне байланысты күрделене береді. Ол мұғалімдердің өз қалауы бойынша жүргізіледі.

«Кім жылдам?» ойыны

Бұл ойынды ауызша да ойнатуға болады. Оқушыларды шапшаң ойлауға, ұшқырлыққа баулиды. Кез келген география сабағында пайдалануға болады.

Мысалы, 8-сыныптағы «Қазақстанның табиғаты» тақырыбы. Тақтаға 3 оқушы шығарып, парта үстіне жер-су аттары жазылған кеспелерді шашып қоямыз (сандары шектеусіз). Әрбір оқушыға тапсырма беріледі. Олар өздеріне белгіленген объектілерінің атын белгілі уақытта жинап алуы тиіс.

Мысалы:

- 1-оқушы – өзендер;
- 2-оқушы – көлдер;
- 3-оқушы – таулар.

Оқушылардың қайсысы кесте ішінен өздеріне берілген объектілерін тез әрі дұрыс жинап алса, сол оқушы жеңімпаз болып табылады.

Әзіл-жұмбақ викториналар

География сабақтарында қызықты да әзілге құрылған жұмбақ-сұрақтарды да қолданамыз. Мұндай сұрақтар оқушылардың ойлау қабілетін шыңдап, білімін арттырады. Мысалы,

1. Қандай шарды домалатуға болмайды? (*Моточкин шар*)
2. Қандай қақпаға доп ұруға болмайды? (*Карский*)
3. Ресейде қандай қалалар әйелдің аттарымен аталады? (*Лида, Ольга*)
4. Қазақстанның қандай қаласының аты, сол жердің тұрғындарының бұрынғы кәсібін көрсетеді? (*Жезқазған*)
5. Оралда қандай өзен шахмат фигурасының атымен аталады? (*Тура*), т.б.

Географиялық жұмбақтар

Сабақта оқушыларды сергіту үшін географиялық жұмбақтарды да жиі қолданамыз. Мысалы,

1. Шегі бар, шегі жоқ. (*Көкжиек*)
2. Жер бетінің кескінін,

Түрлі-түспен көрсеткен.

Болса да өзі құрметті,

Тиіпті орын ең шеттен. *(Шартты белгілер)*

3. Қаласы бар, үйі жоқ,

Даласы бар, шөбі жоқ.

Мұхиты бар, суы жоқ,

Орманы бар, нуы жоқ.

Шындары да теп-тегіс,

Құмдары да теп-тегіс.

Кең жазықтан әртүрлі,

Керегінді көресің.

Бар әлемді табасың,

Өзің таң боп қаласың. *(Географиялық карта)*

Магазин ойыны

Мұғалім – сатушы, ал оқушылар – сатып алушылар. Мұғалім қағаздан түрлі заттардың бейнесін жасап, артына тақырыпқа сәйкес сұрақтар жазады. Затты сатып алған оқушы сұраққа жауап береді. Егер сұраққа дұрыс жауап берсе, сол затты сатып алған болып есептеледі.

Рөлдік ойындар

География сабақтарында көп қолданылатын ойын түрлерінің бірі – рөлдік ойындар. Мысалы, 8-сыныптағы «Қазақстан жерінің зерттелу» тақырыбын алсақ, оқушылар П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Ш. Уәлиханов, С.Л. Берг, т.б. атақты саяхатшы-зерттеушілердің бейнесін сомдап, рөлдік ойындарға қатысады. Сабақта мұғалім тек ұйымдастырушы, ал оқушылар сабақты өздері өткізеді. Мұнда оқушылар өз беттерімен ізденеді және сабаққа деген жауапкершіліктері артады. Сабақта оқушылар саяхатшы, ғалым, зерттеушілер мен басқа да рөлдерді сомдай алады.

Сабақта қазақ халқының ұлттық ойындары «Көкпар», «Бәйге», «Алтын сақа» тәрізді ойындарын қолдануымызға болады. Мұның бәрі викториналық сұрақтар арқылы жүзеге асады. Мысалы, «Қыз қуу» ойыны. Тақтаға бір қыз бен ұл шығарылып, сұраққа кезек-кезек жауап береді. Әр сұраққа аялдама белгіленіп, белгілі бір мәре қойылады. Сұрақ саны 8-10 болып, жеңіл және нақты етіп қойылады. Егер жігіт мүдірмей жауап берсе, қызды қуып жеткені және керісінше.

Сонымен, география пәндерінің сабақтарында ойын әдістерін қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

6.4. Іскерлік ойындар

Географиялық ойындар еркін шығармашылық іс-әрекет ретінде оқушының ойын, қиялын дамытатын, сөздік қорын мөлейтін өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырады. Сонымен қатар оқушылардың сабаққа қызығуын, белсенділігін арттыратын, ойлау қабілетін дамытуға, ұжымшылдыққа тәрбиелейді және тапқырлыққа, алғырлыққа, жылдамдыққа баулиды. Ойын үстінде оқушы іскерлік пен түрлі дағдыны меңгеріп, бекітуге, қорытынды жасауға үйренеді. Кез келген сабақты даярлағанда және өткізгендігі сияқты іскерлік ойындардың мақсат-міндеттерін анықтап алу керек. Осы үш бірлік мақсат оның іске асыру жолдарына бағыт-бағдар береді.

Білімділік	Дамытушылық	Тәрбиелік
Негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды меңгеру	Әлеуметтік-экономикалық жүйенің элементтері мен олардың арасындағы байланысты дамытуға бағыт-бағдар беру	Кәсіптік көзқарасты қалыптастыру
Статистикалық зерттеулер жасау, әртүрлі ақпараттар ағынымен жұмыс істеуге дағдыландыру	Қазіргі экономикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал жасау	Шешім қабылдауда кәсіби көзқарасты қалыптастыруға қоғамдық бағыт-бағдар беру
Дәлелді де, дәйекті шешімдер қабылдауға үйрену	Іскерлік қабілеттерін дамыту	Табиғи ресурстардың барлық түрлерін үнемдеу керектігін дәлелдеу. Мәселелерді шешуде барлық ойынға қатысушылардың мүдделерін есепке алу

Іскерлік ойындарды өткізудің әдіс-тәсілдерінің үлгі жоспары: – ойынның аты;

- қысқаша сипаттамасы;
 - жаңа ұғымдар (ойын барысында қалыптасатын нақты ұғымдар);
 - ойынның мақсаты мен міндеттері (ойынның алдына қойған мақсаттары мен міндеттері);
 - алдын ала берілетін тапсырмалар (ол барлық ойында кездесе бермейді);
 - рөлдерге бөлу (кейбір ойындарда рөлдерге бөлінбейді, ойын барысында өзі қалыптасады, оны мұғалім алдын ала біледі және керек кезінде ойынға өзі араласып кетеді);
 - ойын жағдайына кіру (ереже бойынша тарау тезис түрінде баяндалады);
 - ал мұғалімнің рөлі ойынды әрі қарай дамытуға ықпал жасау);
 - ойынның кезеңдері (ойындағы іс-әрекеттер кезеңдермен сипатталады, ол тәжірибеде ойынға сәйкес келеді);
 - ойынның қорытындысы (ойынның әрбір кезеңінде жеткен жетістіктер, сонымен қатар жеңімпаздарды марапаттау);
 - ойынның нәтижесін талдау (эвристикалық әңгіме түрінде өтеді). Мұнда оқушыларға қойылатын сұрақтар мен олардың жауаптары анықталады және осы өткен материалдарды қайталауға арналады);
 - үй тапсырмасы (сауалнама түрінде жүргізуге де болады, бұл әр оқушының алған білімдерін тексеруге мүмкіндік береді. Кейде ойын басталмай тұрып анкета беруге болады. Ол оқушылардың ойынға араласуына қолайлы жағдай туғызады).
- Көбінде 6-7-8 сыныптарда тәжірибеде пайдаланып жүрген ойындар оқушылардың ой-өрісін дамыту мақсатында өткізіледі де, 9-10 сыныптарда оқушылар ізденісін, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналады. Бірақ оқытудың барлық түрлерін ойын түрінде өткізу мүмкін емес.
- Оқу үдерісінде, әсіресе оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерсек, жоғары сыныптарда жаңа ұғымдарды қалыптастыру, қоғамдағы басқа да өзгерістер мен іс-әрекеттерді талдауда іскерлік ойындардың рөлі зор.

7. СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР

7.1. Сыныптан тыс жұмыстар туралы түсінік

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қабылдаған Білім беру ұжымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында көрсетілгендей тәрбие ісі балабақшадан басталып, орта мектептерде негізгі бағыттары белгіленіп, пәндердің мазмұны мен сыныптан тыс жұмыстарда жалғасын табуы тиіс. Ал мектептен тыс қосымша білім беру мекемелерінде тәрбиенің ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру жұмыстарымен жымдасып келуі керек. Ол мекемелер мектеп мұғалімдері мен бірлесе отырып, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызуы қажет. Оқушыларды жан-жақты дамыту дегенде олардың ұлт мәдениетін, әдеби тілді, мәдениет тарихын, салт-дәстүрді, ұлттық өнер түрлерін меңгеруі ескерілуі керек.

Жалпы, білім беретін мектептерде оқушыларға білім мен тәрбие беру мектепте жүргізілетін сабақта және мектептен тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырғанда ғана белгілі бір нәтижеге жетуге болады. Бұл екеуі де бірін-бірі толықтырып отыруы қажет. Сабақта өтілетін тақырыптарды кеңірек оқып меңгеру үшін сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды осы бағытта жүргізу орынды болмақ.

Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны оқушының теориялық білімінің кеңеюіне, толықтыра түсуіне лайықталып, олардың жеке қабілетін дамыта түсерліктей болғаны жөн. Сонымен бірге жақсы адамгершілік мінез-құлықтың оқушы бойына дағды болып сіңісуі де қарастырылуы керек.

Қазіргі уақытта орта білім беретін мектептердің алдында тұрған негізгі мақсат оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамыту, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және тәрбиелеу. Ал

оқушыны жан-жақты дамыту дегеніміз оның тек қана дене бітімі жағынан өсіп жетілуі емес, сондай-ақ баланың жан дүниесінің байып, рухани өсуі, қабілеті мен дарынының анықталып, кең өрістеуі, парасаттылық, ой мен адамгершілік көзқарастарының қалыптасуы болып табылады. Оқушының бойында осындай ізгі қасиеттерді қалыптастыру, олардың іске асырылуы мектепте жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға тікелей байланысты.

Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері көп. Бірақ барлығының мақсаты – баланы жан-жақты жетілдіру, оның бойында адамгершілік қасиеттерді дамыту. Тек олардың қай түрін оқушылармен жүргізу керек дегенде міндетті түрде ескерілетін нәрсе оқушының жас ерекшелігі, жүргізгелі отырған жұмыс мазмұны, тәрбиенің өз мүмкіндіктері.

Өмір өзгеріп, заман жаңарып еліміз дамудың жаңа жолына түскен кезде мектептердің міндеті, борышы бұрынғыдан әлдеқайда ауырлай түсетіні белгілі. Бұл міндет әрбір пәнге, әрбір пән бойынша жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарға қатысты болуға тиіс.

Кез келген пәнді оқыту мен жеке пәндер бойынша жүргізілетін сыныптардан тыс жұмыстар жаңа заман тудырып отырған әлеуметтік-экономикалық талаптарға жауап беруі тиіс. Оқушыларға білім мен тәрбие беруде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар мектептегі оқу-тәрбие жүйесінің бір бөлігі болып саналады.

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың білімдері мен біліктіліктерін қалыптастыру мұғалімнің жеке басына, оның жалпы кәсіби білімі мен сабақтан тыс түрлі көпшілік қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осының бәрі бір-бірімен үйлесімді жүруі оқушылардың білімі мен іскерлігінің дамуына жол ашады.

7.2. Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты мен міндеті

Сыныптан тыс жұмыстар төмендегідей міндеттер негізінде құрылады:

1) оқушылардың білімі мен біліктіліктерін дамытып оқу іс-әрекетінде белсенділіктерін арттыруға, бағдарлама бойынша берілген материалдарды тез меңгеруіне көмектеседі;

2) сыныптан тыс жұмыстар өткізу және оған дайындық барысы оқушылардың бақылау жүргізуіне, қарапайым тәжірибелер қоя білуіне, белгіленген әдебиеттерді оқуына мүмкіндік береді.

3) сыныптан тыс жұмыстар – оқушылардың іскерлігін арттыру бағытында жүргізілетін педагогикалық білім, тәрбие беруде басты орын алатын жұмыстардың басты салаларының бірі.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрі көп, бірақ олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бола тұрса да бірдей орындалуға тиісті мынадай ортақ ұстанымдары бар деп есептейміз:

1) сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар түрлеріне оқушыларды қатыстыру тек қана ерікті түрде іске асырылады;

2) қандай жұмыстың түрі болса да оның қоғамдық және қолданбалы бағыты болуы керек;

3) сыныптан тыс және мектептен тыс жүргізілетін жұмыс түрін белгілегенде әр оқушының ықыласына, ұсынысына, құштарлығы мен құмарлығына сүйенген жөн;

4) ұйымдастырылған жұмыс түрі оқушылардың белсене қатысуына, ізденушіліктеріне бағыттайтындай болу керек;

5) балалар мен ұйымдастырылатын жұмыстардың әртүрінде романтика (еліктіргіштік) басым болғаны дұрыс;

6) нәтижелі болу үшін бұл жұмыстардың нақты белгіленген күні, мерзімі немесе айқын жасалған графигі болуы керек;

7) сыныптан тыс жұмыстардың кешенді түрде іске асырылу талабы үнемі сақталып отыруы қажет;

8) сыныптан және мектептен тыс жұмыстарға оқушыларды түгел қатыстыру жолын қарастыру керек;

9) сыныптан тыс жұмыстарға тартылатын және тартылған оқушылармен жұмыс жүргізгенде олардың жас ерекшеліктерін, қабілетін ескеру қажет.

География пәндерінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың рөлінің артуына төмендегідей жағдайлар әсер етеді:

1) сыныптан тыс жұмыстардың жан-жақты болуы, білім беру және тәрбие жұмысының әдістемелік дамуына әсерін тигізеді;

2) мектеп бағдарламасында оқу материалдарын сыныптан тыс жұмыстармен байланыстыру барысында оқушылардың білімін жан-жақты арттыруға мүмкіндік береді.

Сабақ мазмұндары мектеп бағдарламасында шектеулі болуына

байланысты күнделікті өмірде болып жатқан ғылыми-техникалық өзгерістерді кеңінен қамти алмайды. Сондықтан тек қана іскерлік пен ұйымдастырылған сыныптан тыс кешенді жұмыстарда жаңа материалдағы өзгерістерді кең түрде қолдануға болады.

7.3. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері

Міне, осы орайда сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға білім беру жұмыстарын мынадай бағыттарда жүргізуге болады:

- 1) географиялық үйірмелер.
- 2) географиялық апталықтар.
- 3) географиялық кештер.
- 4) географиядағы өлкетану жұмыстары.
- 5) топ серуендер мен танымжорықтар.

Осы бағытта жүргізілген жұмыстар оқушылардың жауапкершілік сезімдерін, біліктіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

География пәнінен сыныптан тыс жұмыстар жүргізу әдісі төмендегідей болады:

1. Ауызша әдіс (вербальды) – лекция, әңгіме, баяндама, сұхбаттасу. Әдістің бұл тобына мұғалім көмектеседі. Дәрістерді, әңгімелесуді, сұхбаттасуды ғалымдармен, экспедиция қызметкерлерімен, мемлекеттік ұйым жұмысшыларымен кездесу ұйымдастыру арқылы өткізуге болады.

2. Практикалық әдіс арқылы топпен немесе жалғыз оқушымен практикалық сабақ үстінде жүзеге асыруға болады. Оқушы бұл сабақта өздігінен географиялық аспаптар, құралдар, зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді, тәжірибелер жасауды, оларды өңдеуден өткізуді, сондай-ақ табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруды үйренеді.

3. Бақылау әдісін – оқу барысында, табиғат құбылыстары, адамның шаруашылық әрекеттеріне бақылау ретінде пайдалануға болады.

4. Тәжірибелік-эксперименттік әдіс бақылауға қиын табиғи процестер мен құбылыстарды зерттеу мақсаттарында қолданылады. Мысалы: шөгінді жыныстардың пайда болуын, орналасуын көрсететін тәжірибелер, т.б. тәжірибені алдын ала дайындап, оқушылар сыныпта нәтижелерін талқылайды.

5. Конструкциялар мен модельдеу, географиялық құбылыстардың мәнін түсінуге қажет құралдармен аспаптар моделін жасауға мүмкіндік береді.

6. Модульді географиялық объектілер морфологиясын (өзен аңғары, тау-жыра) зерттеуде қолданылады және зерттелмеген объект немесе құбылыс жайлы көлемді түсінік береді. Модельдер, сондай-ақ аймақтың экономикасын түсінуге көмектеседі. Олар географиялық модельдер.

7. Экскурсиялық әдіс объектіні және құбылысты табиғатта, өндірісте, көрмелерде, мұражайларда көріп тануға мүмкіндік береді.

8. Объектіні оқу әдісі оқушының өз бетімен жұмыс істеуінде үлкен рөл атқарады. Бұл әдіс географиялық объектіні зерттеулердің әртүрлі сатыларында қолданылады, зерттеуге дайындық кезінде, жұмыс барысында қорытынды жасағанда қолданылады.

9. Картографиялық әдіс география ғылымында ерекше маңызды, ол арқылы көптеген есептеулер жүргізіледі.

География пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың бірнеше түрлері бар. Атап айтсақ: үйірме, секция, географиялық қоғам, географиялық апталық, декада, конференция.

Үйірме бұл берілген тақырыпқа қызығатын әртүрлі жастағы оқушылардың өз еркімен қатысуымен жүргізіледі. Үйірменің жоспары, алдымен түрлі тақырыптарға жасалынады. Отырыстары аптасына бір рет немесе одан да жиі болады. Үйірмеге пәнге байланысты атау беріледі: «Жас географ», «Саяхатшы», т.б.

Секция – география үйірмелерінің үлкен бөлігі, өткізілуіне қарай ерекшеленеді. Мысалы, геологиялық, гидрологиялық, геоботаникалық, аймақтық секциялар. Оның негізі географиялық талаптарға сәйкес құралды. Аймақтық секцияның бірнеше түрлерімен шұғылдануына болады: жаяу, таулы, велосипед, су шаңғысы, т.б.

Географиялық қоғамда көпшіліктің қатысуымен ғылыми географиялық білім насихатталады, қарастыратын тақырыптары өте ауқымды. Географиялық үйірме мен қоғамның арасында үлкен айырмашылық бар. Жүргізілетін жұмыстар іздену, зерттеу бағыттарына негізделген.

Географиялық апталық – сабақтан тыс жұмыстың бір түрі.

Ол оқушының географиялық білімін арттыру мақсатында сабақтан кейін аптаның алты күні бойы жүргізіледі. Бұл түрдің ерекшелігі әртүрлі жұмыс түрлеріне оқушыларды қызықтыру, түрлі жаңалықтармен таныстыру, ғалымдардың өмірбаяны мен саяхаттарына қызықты әңгімелер баяндау. Оларды түрлі әдістер арқылы жеткізу. Мысалы, географиялық конференция, олимпиада, жарыс ойындары, кештер өткізу. Бұл ойындар әртүрлі жастағы оқушылардың географияға деген танымдық қызығушылығын арттырады.

Географиялық декада апталық жұмысқа ұқсас, айырмашылығы бір ай көлемінде жүргізіледі. Барлық сынып оқушылары түгел қатыстырылады. Тақырыптар кең ауқымды мәселелерге негізделіп жасалынады. Соңынан қорытындысы шығарылады.

Географиялық конференция – сабақтан тыс жұмыстардың біршама кең көлемді іс-шараларының бірі. Географиялық секцияларға бөлініп өткізіледі. Онда баяндамалар, қабырға газеттері, викториналар, географиялық мазмұндағы кинофильмдер, жеке оқушылармен немесе топпен географиялық кештерді ұйымдастырады.

8. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСКУРСИЯЛАР

8.1. Географиялық экскурсиялар және оның түрлері

Басқа пәндердің барлығынан география үшін экскурсияның мәні өте зор. Айналамыздағы табиғаттың географиялық объектілері мен өз елінің географиялық факторлары арасындағы себепті тәуелділікті зерттеу география сабағын оқытуда негіз болып табылады.

Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда география мұғаліміне экскурсия идеясының өзі үшін күресуге тура келді. Қазіргі кезде экскурсия мектептің барлық басқыштарында да оқу үдерісінің ажыратылмас бір бөлімі болып табылады.

БК (б) П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 25 тамыздағы бастауыш және орта мектептердің оқу бағдарламалары және режимі туралы қаулысында: «Оқытушы өзі оқытатын пәнін жүйелі, дәйекті түрде оқытуға, балаларды неғұрлым оқулықпен және кітаппен жұмыс істеуге, өздігінен істейтін әртүрлі жұмыстарына үйретуге, кабинеттерде, зертханаларда, оқу шеберханаларында жұмыс істеуге, үйретуге міндетті, осы негізгі әдістермен қатар әртүрлі тәжірибелер және аспаптар көрсетуді, балаларды шығаруды (зауыттарға, мұражайларға, далаға, орманға, т.с.с. жерлерге) кең түрде қолданылатын болсын» делінген.

Осыған қарағанда экскурсия біздің мектептерде кең өріс алып, оқу үдерісінің ажыратылмас бір бөлігі болып алды деп ойлауға болар еді.

Іс жүзінде бұлай болмай отыр. Өздерінің география жөніндегі жұмысының жүйесінде экскурсияны енгізген мектептер өте сирек кездеседі. Географиялық экскурсияны анда-санда пайдаланатын мектептер де жиі кездесе бермейді. Ал 5-сыныптың физикалық география бағдарламасында бірсыпыра тақырыптарды экскур-

сия арқылы өту қажет екендігі белгілі. Мұнда біздің айтайын деп отырғанымыз: «Көз мөлшері съемка», «Жақын жердегі жазықтарды зерттеу», «Жазық құрылысын оның табиғи және жасанды айқындалу жолы бойынша зерттеу», «Жақын жердегі төбелерді зерттеу», т.с.с. Осыған қарамастан мектептердің көпшілігі әлі күнге дейін география сабағында экскурсияны қолданбай келе жатыр.

Мектептерде экскурсия жасау ісінің дамуы жолындағы түрлі бөгеттердің, ең бастысы, мұғалімнің дайындығының нашарлығы. Солай екендігін мұғалімдерге қойылған сұрақтар, анкеталар, мектептерді байқау, тексеру нәтижелері, т.с.с. көрсетеді. Экскурсия жұмысын жүргізе алмауы салдарынан мұғалім экскурсия жұмысынан өзінің бас тартып, қашқақтап жүргенін де сезбей қалады. Мұғалімнің экскурсияға бұлай қарауының себебі де түсінікті.

Экскурсия жеңіл жұмыс емес. Ол көп дайындықты қажет етеді, оның үстіне сабақ кестесін бұзып, мұғалімнің бүкіл сыныпты жұмыс күні далаға ертіп, шығып кетуі керек. Сабақ кестесінің бұзылуы нәтижесінде тәжірибесі кем мұғалімнің өткізген экскурсиясы да көңілдегідей болмай, оның өзін де қанағаттандыра алмайтын болып шығады. Әрине, мұндай сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, мұғалім экскурсия жөнінде әрекет жасамайды. Егер экскурсия сабақ кестесіне кірмеген болса, мұғалімнің күнде сабақтан қолы тимейтін болса, оның экскурсия өткізбеуіне заңды себеп табыла кетеді.

Экскурсияны мұғалімнің өзі жақтырмайтын жерде іс осылай болып шығады. Мұғалімнің экскурсияны жақтырмау себебі көбінесе оның экскурсия жұмысының қандайлық мәні бар екенін түсіне алмағандығы болады. Өзі экскурсия өткізе алмайтын мұғалім экскурсияға уақыт жұмсауға тұрмайды деп есептейді. Ал экскурсияны жақсы өткізе білетін мұғалім қайта экскурсияда уақыт үнемделетінін біледі. Үш сағаттық бір экскурсияда 6-8 сағаттық әдеттегі мектеп жұмысынан артық нәтиже шығаруға болады. Сондықтан оқушылардың экскурсиядан алған білімінің тереңдігі, әсіресе географиялық фактілерді ұғуы, әдеттегі сабақтардан әлдеқайда артық болып шығады. Міне, сондықтан патшалық Ресейде жақсы мұғалімдер экскурсия үшін күрескен еді.

Экскурсия ісінің сәтсіздікке ұшырауының себебі тек қана мұғалімнің дайындығының жеткіліксіздігі емес. Егер мектеп жұмысы жақсы жоспарланған болса, одан экскурсия жұмысына да нұқсан келмей қоймайды. Мұғалімдердің сабақ басты нәрсе деуі, топтарда оқушылардың аса көп болуы, ең қажетті деген жабдықтардың болмауы экскурсия ісіне үлкен қиыншылық туғызады. Біздің пікірімізше, осылардың барлығы ондайлық маңызды себептер емес, бұлардың өзі көбінесе бірінші себепке байланысты.

Кейде экскурсия жұмысына бөгеттердің бірі ретінде экскурсия жасайтын жер жоқ деген сылтау айтылады. Осы сияқты себептер мұғалімнің дайындығы шала екендігін тағы да айқынырақ көрсетеді. Экскурсия үшін пайдалануға келмейтін жер болмайды. Бұлай деп тек Мәскеу, Алматы секілді ірі, физикалық-географиялық экскурсия өткізуге қажет объектілері мектептен алыс немесе өзгеріп кеткен қалалар туралы айтуға болады. Бірақ ірі қалалардың жол катынастары өте жақсы болады да, топта қанша бала болса да 20-30 минутта қаладан 15-20 шақырым шығып кете алады. Ал түрлі ұсақ қалалар мен ауылдарды алатын болсақ, физикалық-географиялық экскурсия үшін олардағы жағдай анағұрлым қолайлы.

Географиялық экскурсиялардың түрлері. Мұғалімнің оқушылармен бірге мектептен сырт жерге шығып, сонда бақылау жұмыстарын жүргізуін экскурсия деп атауға болар еді. Мысалы, мұғалім балаларды мектептің ауласына шығарып алып, ескі тас қабырғаны немесе үюлі жатқан тастарды пайдаланып, табиғи өзгерісті байқаумен шұғылдана алады және географияның әдеттегі сабағының шегінен аспайды. Бірақ мектеп ауласында жүргізілген мұндай жұмыс экскурсия деп аталмайды. Экскурсия деп мектептен, мектеп ауласынан тыс жерге (мұражайға, зауыттарға, далаға, т.б. жерге) баруды есептейді. Экскурсияға қажетті уақыт әрқашан да әдеттегі сабақ кестесінің шегінен асып кетеді.

Экскурсия деген ұғымның өзін анықтау мақсатымен біз бір ғана мысал келтірейік. Айталық, біз серуендеу, таза ауа жұту үшін және көңіл көтеру үшін, сонан соң жолшыбай кейбір географиялық объектілерді көру үшін қаладан сыртқа шығып бара жатыр екенбіз. Міне, бұл экскурсия болмайды, бұл жай серуендеу немесе географиялық серуендеу болады. Экскурсия деп

біз оқу жұмысының мектептен сырт шығуға байланысты белгілі бір түрін айтуымыз керек. Сабақ секілді экскурсияның да өз тақырыбы, өз жоспары, өз міндеттері мен жұмыс әдістері болады. Қысқасы, экскурсия – сыныптан тыс жүргізілетін ең маңызды жұмыстардың бір түрі.

Жоғарыда байқағанымыздай географиялық экскурсиялар жақын жерлік те, алыс жерлік те болуы мүмкін. Жақын жерлік (мұражайға, қала сыртына) экскурсия көбінесе бірнеше сағатқа созылады, алыс экскурсия бірнеше күнге созылуы мүмкін. Орта мектептің төменгі сыныптары үшін жақын экскурсия қолайлы, сондықтан біз оған ерекше назар аударамыз.

Экскурсиялық жұмыс әдістерінің түрлері. Сабақтағы сияқты, экскурсиядағы жұмыс та түрлі әдістермен жүргізіледі, сондықтан экскурсиядағы жұмыс әдісі біреу ғана болмайды.

Мұғалім өзінің тандап алған географиялық объектісін көрнекі құрал ретінде пайдалана отырып, ол туралы айтып шығуына болады. Мысалы, төбенің үстінен бір қыраттың көлбеу беткейі көрінеді. Беткейден тарайтын сайлар, олардың салалары, сағасы, т.с.с. жақсы көрінеді. Географ үшін өте бағалы осы көрініс, қасына барса, байқалмаған болар еді. Алыстан қарағанда біз сол сайлар қыраттың белгілі беткейімен байланысты екенін, сайлардан құйылған бос жыныстарды, тіпті, сайлардың адам әрекетімен байланысты өзгерістерін көре аламыз. Сөйтіп, сабақтағыдай, мұнда да әңгімелеу әдісі қолданылады.

Сайлар жүйесін алыстан қарастыра келіп, мұғалім олардың біреуін, барлық тауларымен қоса сызып алыңыз деп тапсырма бере алады. Ондай суреттер оқушылардың көз алдындағы көріністі тереңірек байқауға оған тән ерекшеліктерін аңғаруға көмектеседі.

Дәл осындай етіп мұғалім төбе үстінен барлық бөлімдерімен қоса өзен аңғарын, көлдерді, батпақтарды, ормандарды, төбелерді, қыраттарды, шабындықты, селоларды, жолдарды, гидро-станцияларды, зауыт-фабрикаларды, т.с.с. көрсете алады. Демек, объектіні алыстан қарау, мұғалімнің түсінік беруі, оқушылардың сурет салуы барлық дерлік географиялық экскурсияға тән іс болып табылады. Сабақта қолданылатын әдістерге жақын осы әдістермен қатар, әсіресе экскурсияға тән басқа да толып жатқан әдістер бар.

Мұғалім оқушыны географиялық объектіге жақын апарып, өздігінен орындау үшін тапсырма беруіне болады. Мұндай жұмыстардың мысалы ретінде, объектіні жоспарға түсіру, биіктігін, тереңдігін, қабаттарының қалыңдығын, температурасын өлшеу, т.с.с. танылады. Кейде, тіпті, мұғалім зерттеу бағытында жеңіл-желпі тапсырмалар беруіне де болады. Ондай тапсырмаларға жататындар: өзеннің бұрынғы кездегі арнасын, бұрын көл немесе батпақ болған жерді анықтау, ағаш өсімдіктерінің сипатына қарай сайлардың шамалап жастарын анықтау, кейбір көлдердің қайдан пайда болғанын, олардың жасын анықтау, әрине, мұның бәрін анықтау үшін ап-айқын деректер болуы шарт. Осы айтылғандарға қарағанда экскурсияның жұмыс әдісі әлденеше түрлі бола алатындығы байқалады.

Жұмыста қай әдісті қолдану керек екендігі, сабақтағыдай толып жатқан себептерге байланысты болады. Ол экскурсияның тақырыбына, оның өткізілетін орнына, қатысушылардың көптігіне, экскурсия жұмысына бөлінген уақытқа және мұғалімнің өз дайындығына қарай бөлінеді. Экскурсиялық жұмыстың ең қарапайым түрі – мұғалімнің оқушыларға объектіні көрсетуі, ол туралы түсінік беруі. Жұмысты жаңа істей бастаған мұғалім көбінесе осы әдісті пайдаланады. Олай болатын себебі мұғалімнің мұндағы жұмысының, шынында, сыныптағы жұмысынан айырмашылығы болмайды, тек бұл жерде мектепте болатын картина немесе кестелердің орнына ол географиялық нақты объектілерді пайдаланады. Әрине, суретін көргеннен гөрі нақты объектінің өзін көрген пайдалырақ екендігінде дау жоқ. Бірақ экскурсияда жұмыстың бұл әдісіне әуестеніп кетуге болмайды.

Бұл әдіске әуестенуге болмайтыны, біріншіден, оқушылар енжарлыққа дағдыланып кетеді. Егер балалардың алдына міндеттер қойып, мәселені олардың өздерінің қатынасымен шешіп отырмасақ, балалар өздері көріп білуге, заттар мен құбылыстар арасындағы себепті тәуелділікті таба білуге үйрене алмайды. Ал бұл өте қауіпті жағдай. Баяндап айтып бере берудің екінші бір зияндылығы сол, мұғалімнің өзі де экскурсияның маңызын төмендетіп жібереді.

Алғашқы тәжірибесінде мұғалім студент болып жүрген жылдарын есіне түсіреді. Әлі жас, тәжірибесі аз экскурсияшы табиғат

көріністерін, жақсы көретіндігінен кез келген объектіге тоқталып, ұзақ әңгімеге салынып, қарастырып отырған объектіден алыстайды. Мұғалім қызық әңгіме айтқанда оқушылар барлық ынтасымен тындап отырады да, сондықтан сабақ көңілдегідей өтіп жатқандай көрінеді. Дұрысында, бұл атымен экскурсиялық жұмыс болмай шығады. Ондай әңгімені сыныпта да әдемілеп, тіпті экскурсия кездегіден де қызықты етіп айтып беруге болады.

Амал қанша, ондай қатенің басқа экскурсияшыларда да және тек жұмысты жаңа істей бастағандарда ғана емес, тіпті, өздерін тәжірибелі қызметкерлерміз деп санайтын мұғалімдерде де болатынын біледі. Міне, ең алдымен, осы негізгі қатеден сақтану керектігін ескертеміз. Оқушылар әңгіменің қарамағына оп-онай ілінеді де оны өте жақсы тындайтын болады. Бірақ өздігінен көріп, көргенді талдап түсінуді үйрене алмайды.

Әдетте, мектептің үйреншікті жабық сыныбында отырғанда балаларды алаң қыларлық себеп те кем, сондықтан балалар қайткенде де мұғалімнің айтқанын тындап отыруына тура келеді. Экскурсияда іс жағдайы өзгереді. Жаңа жағдайда, шексіз кең далада, аспанның күмбезі астында шырылдаған бозторғайлар, ұшқан көбелектер – бәрі де оқушыларға күшті әсер етеді. Әрине, біраздан кейін балалар тындауды қояды. Егер мұғалім оларды зорлап тындатпақ болса, ол қателік болып шығады. Сыртқы әсердің соншалық күшті болатындығынан балалар мұғалімді бәрібір тындамаған болар еді. Міне, сондықтан әңгімеге әуестенуге болмайды. Бір объектіні қарастырып тұрғанда 5-6 сынып оқушыларына 5-7 минуттан артық сөз сөйлемеу керек екенін тәжірибе көрсетті. Байқап тұрған мұғалім кейінгі қатардағылардың ішінде білдірмей есінеп тұрғандар да, ойнап тұрғандар да бар екенін көре бастайды. Бұл жақсы емес. Мұндай жағдайда әңгімені неғұрлым тез тоқтатып, уақытты өткізіп алмай, оқушыларға басқа бір жұмыс беру керек екендігін көрсетеді.

Географиялық объектіні көрсетіп тұрып түсінік беру – экскурсиялық жұмыстың ең қарапайым түрі. Әдетте, жас мұғалім жұмысты осыдан бастайды, бірақ оған ұзақ тоқталмау керек.

Кейде рас бұл әдісті кеңінен қолдануға тура келеді. Мұғалім мен оқушылар бір өте қызықты (географиялық жағынан) жерде болып, экскурсияның уақыты аз болса, солай етуге тура келеді.

Мысалы, алыс бір экскурсияға барғанда біз бірнеше сағатқа тоқтасақ, ол жерде объектілер көп және қызықты болып шықса, міне мұндайда, уақыт үнемдеу мақсатымен, мұғалім көбінесе объектілерді көрсетіп, өзі түсіндіріп айтатын болады. Оқушыларға өздігінен толық танысып шығуына жол бермейді. Мұндайда экскурсанттар қатты шаршайтынын да айта кету керек. Осындай ерекше жағдайда да мұғалім шектен шығып кетпеуі керек. Әйтпесе экскурсияның басқа кезеңдеріне мұның зияны тиюі сөзсіз.

Экскурсия жұмысының ендігі әдістерінің бірі – мұғалімнің тапсыруы бойынша оқушылардың өздігінен байқау жұмысын жүргізуі. Өзіміздің бірінші мысалымызға қайта оралайық. Мұғалім оқушылармен бірге биік жерде тұрып оның жанындағы қыраттың сай-сай болып тілініп жатқан беткейін қарап тұр. Біз жоғарыда мұғалім сол жерде тұрып әңгіме түрінде түсінік те бере алады, тапсырмалар да бере алады дегенбіз. Ол тапсырмалар мынадай болуы мүмкін:

1. Бір сайды таңдап алып, оны төменнен жоғары қарай қарап шығындар.

2. Өздерің таңдап алған сайдың неше саласы (тарауы) бар екенін санап шығындар.

3. Сайдың қай жағында саласы көп?

4. Таңдап алған сайдың барлық салаларымен қоса суретін салып алындар.

Немесе

1. Беткейде өздерінің бөлек салалары бар ірі сайлар қанша екенін санаңдар.

2. Беткейдегі сайлардың немесе салалардың ертеректе пайда болғандары қайсысы, кейінірек пайда болғаны қайсысы.

3. Бұл сайлардан шыққан жыныстар қайда кетуі мүмкін?

Егер біз объектіге жақын тұрған болсақ, онда сұрақтар мен тапсырмалардың саны көбеюі, мазмұны түрліше болуы мүмкін.

Алдымызда бір кішірек көл жатсын. Мұғалім тапсырмалар береді: көлдің ұзындығын, енін өлшендер, оны жоспарға түсіріңдер, суының түсін, дәмін, иісін, температурасын анықтаңдар. Көл түбінің топырақтары қандай екенін, солардың түрлерін жиындар, одан газ көпіршіктері шығып жатқан жоқ па екен, көлде өсімдік бар ма екен, ол қандай өсімдіктер және қай жерінде, т.с.с.

Егер біздің алдымызда жыныс қабаттары жақсы көрініп жатқан тік жар болса, мұғалім мынадай тапсырмалар береді: қабаттар жақсы көріне ме, олар қай жыныстан, қалай орналасқан, олардың қалыңдығы қандай, т.с.с. Ол тапсырмалардың нәтижесінде жардың жыныс қабаттары көрсетілген суреті және қабаттардың қалыңдығын көрсететін сандар келіп шыққан болар еді.

Оқушыларға қойылатын сұрақ санымен шектелмейді, бірақ мұғалім оқушылардың шама-шарқымен санасуы керек. Егер мысал үшін 10-12 сұрақты шешу керек болса, онда мұғалім тапсырмаларды балаларға топ-топ бойынша бөліп береді. Әрбір топқа берілген тапсырманың саны 3, 4-тен артық болмайды. Қағазға көлдің планын түсіру секілді тапсырма көп еңбек етуді қажет етеді. Осындай бір тапсырманы орындауға кететін уақыт басқа тапсырмалардың 3, 4-еуін орындауға жұмсалатын уақытты алады. Мұғалім экскурсияға дайындалғанда, осылардың бәрін еске алып, жұмысты топтап арасында тең бөлуі керек.

Тапсырмалардың бәрі орындалып, жұмыс нәтижелері жинақталған соң мұғалім оқушыларды жинап алып, олардың жұмыс нәтижелері туралы қысқаша есепті баяндамасын тыңдайды. Баяндаманы әрбір топтың өкілдері жасайды. Әрбір баяндамада істелген жұмыс және одан алынған нәтиже туралы айтылады. Жиналған коллекциялар да сол жерде газет үстіне әкеліп қойылады.

Мұғалім әрбір топтың жұмыс нәтижесімен олардың «баяндама» істеуінен бұрын танысып, дұрыстап баяндама жоспарлауларына көмектесіп, топтардың жиналуын реттеуге міндетті. Жұмыс осы жағдайда жүргізілсе ғана, ол қызықты және бағалы болады. Өзінің ескертуі, түзетуі, қосымшасы болса, мұғалім оларды сол баяндама уақытында істейді, ақырында жүргізген жұмыс негізінде шешілетін жалпы мәселені анықтап береді.

Экскурсияның үшінші және жоғары түрі – онша қиындығы жоқ географиялық тапсырмаларды мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өздерінің орындауы. Ондай тапсырмалар, мысалы, мынадай болуы мүмкін:

1. Өзеннің бұрынғы арнасының орнын анықтау.
2. Көлдің мөлшерлі жасын анықтау.
3. Сайлардың мөлшерлі жастарын (өсімдік және басқа белгілері бойынша) анықтау.

4. Көлдердің қайдан пайда болғаны туралы мәселені шешу.
5. Жазықтардың қайдан пайда болғаны туралы мәселені шешу.
6. Қыраттардың қайдан пайда болғаны туралы мәселені шешу,

т.б.

Әрине, мұндай тапсырмалар оқушыларда жеткілікті тәжірибе болса және байқалатын объектілерде анық сипаттамалар көрініп тұрған болса ғана беріледі.

8.2. Мұғалім мен оқушылардың экскурсияға дайындалуы

Мұғалімнің экскурсияға дайындалуын біз аса маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз. Сондықтан бұл мәселелерге барынша толық тоқталуымыз керек. Мұндай нағыз практикалық мәні бар мәселені баяндаудың ең жақсы жолы, біздің пікірімізше, нақты мысалды келтірсек жақсы түсінікті болады.

Мұғалім экскурсияны 5-сыныппен, күздігүні, яғни физикалық география сабағы басталысымен өткізуі керек еді дейік. Оқушылар тек бірінші тарауды ғана өткен, көз мөлшерлі съемканы да толық өткен жоқ. Алайда олар планшетті бағдарлауды, мектеп ауласында көз мөлшерлі жеңіл съемка жұмысын жүргізуді біледі. Бірақ бұлардың бәрі – күзгі дала экскурсиясында толықтыру, баянды етудің тек алғашқы қадамы.

Мұғалім шамалап мынадай тақырыптар тағайындайды:

1. Үлескінің көз мөлшерлі түсірілімі.
2. Жер бетінің басты-басты формаларымен: жазық, жота, өзен аңғары және сайлармен алғаш танысу.
3. Көкжиекті байқау.

Осы тағайындалған жоспардан мұғалім уақыттың бір бөлімін көз мөлшерлі съемка практикасына, ал ендігі бір бөлімін әлі сабақта айтылмаған жаңа материалды оқуға жұмсағысы келгені көрініп тұр. Олай болса, мұғалім экскурсия жұмысының екінші бөлімінде келесі сабақтарда қажет болатын материалды қарастыратын болады.

Экскурсиялық жұмыстың, әдетте мектепте болатын жұмыстан өзгешелігі мұнда оқушылар да, мұғалім де ашық далада болады. Оның үстіне, оқушылар да, мұғалім де жұмыс үдерісінде бір жерден бір жерге көшіп жүруі керек. Басқа жағдайларының бәрі кәдімгі сабақтағы сияқты жоспармен жүргізілетін маңызды

жұмыстар. Орын ауыстырып, жұмыс үшін керекті объектілерді табу мұғалімнің ең басты міндеттерінің бірі болады. Бұл міндетті орындау үшін мұғалім, алдымен, тиісті жерлерді, өзіне тән сипаты бар объектілерді, ол объектілер жақсы көрінетін орындарды белгілеп алады. Мұғалім жергілікті жағдаймен аса таныс болмаса, әрине, ол әуелі білетін адамдардан сұрастырып, ірі масштабты картаны құрастырып, содан кейін тиісті жерлерді іздеуге кірісуі керек.

Мұғалім мектеп маңындағы жерді жақсы біледі дейік, соған сүйеніп, ол экскурсияның жүретін жолын тағайындасын. Мұғалімге объектілердің барлығы оңтайлы маршрутта орналасқан болуы, жолдың, өткелдің қиын болмауы, тағайындалған маршруттың 2-3 шақырымнан аспауы өте маңызды. Бұл жағдайда мұғалім жақсы қолбасшы болуына тура келеді. Маршрут таңдауды оңай жұмыс екен деп ойламау керек. Маршрутты дұрыс белгілеу ол экскурсия мәселелерінің көбін шешу деген сөз. Мұғалім маршрутқа тек айналаны мұқият зерттеп болғаннан кейін барады.

Мұғалім карта мен жазу кітапшасын алып, сағатына қарай отырып, жерді түгел шолып шығып, маршрутты дәл белгілейді. Енді экскурсияның пайдалы екенін кейін тек мұғалім ғана емес, бүкіл мектеп те сезеді.

Бір экскурсияға дайындалу үшін кемінде 1 күн керек. Оның үстіне, айта қаларлықтай еңбектену қажет. Кейбір жағдайда дайындық бір күнде де бітуі мүмкін.

Жұмысты жана істей бастаған жас мұғалімнің айтқаны да тұп-тура. Экскурсияға алғаш дайындалу, шынында, көп еңбек тілейді. Мұнда әдістемелік дайындалудан басқа мұғалім экскурсияға баратын жерді мейлінше мұқият зерттеп шығуына тура келеді. Бірақ осы қиындықтардың бәрі тек алғашқы экскурсиялармен байланысты. Алғашқы сабақ та толып жатқан дайындығы қажет етеді. Студент байқау сабағында бірнеше күн дайындалады. Бір-екі жылдан кейін сол сабаққа дайындалуға 2-3 сағаттың өзі де жеткілікті болып шығады.

Экскурсия да дәл осындай уақытты алады. Мұғалімнің қарап шыққандарының бәрі, әсіресе оның жазу кітапшаларына жазылғандар, болашақ жұмыс үшін мол дерек болады. Осы маршрутта өткізілетін келесі экскурсиялардың әрқайсысы мұғалімнің

жер тану жағынан болса, жұмыс әдісі жағынан болсын үнемі жетіле беруіне себеп болады. Әрбір келесі экскурсия мұғалімге ылғи түрлі жастағы (мектеп жасына дейінгіден бастап ересек нұсқаушыларға дейін) адамдармен жүздеген экскурсия өткізген автордың өзі бұрын талай барып жүрген жердің өзінде өткізілген әрбір келесі экскурсияда тек жұмыс әдісі жағынан емес, сол жерді зерттеу жағынан да әрдайым бір жаңалық табатындығына таңғалатын.

Оқушылардың экскурсияға дайындалуы. Тек мұғалімнің дайындығы экскурсияның табысты болуын қамтамасыз ете алмайды. Оқушылар да экскурсия жұмысына дайындалған болуы керек.

Көз мөлшерлі съемканы экскурсияның жоспарына тек оқушылар ол жұмысқа азды-көпті дағдыланған болса ғана енгізуге болады. Егер оқушылар планшетті бағдарлай алмаса, сыныптың қабырғаларын, ауланың кескінін планшетке түсіре білмесе, экскурсияда көз мөлшерлі съемканы жасауға болмайды немесе барлық уақыт соған кетеді. Мұның екеуі де пайдасыз. Сондықтан біз экскурсияға алдын ала міндетті түрде дайындық өткіземіз.

Экскурсияның екінші бөлімінде біз де сол мысалды аламыз. Экскурсияның негізі мақсаты төңіректегі жер рельефінің формаларымен танысу болып табылады. Біздің алған тақырыбымыз әлі сыныпта өтілмеген. Солай бола тұрса да, ол туралы біраз хабарымыз болуы керек. Мысалы, экскурсияда оқушылардың істейтін жұмысының негізгі әдісі болып табылатын объектіні қағазға түсіруді алайық. Егер оқушылар сыныпта сурет салып көрмеген болса, онда экскурсияда сурет салғызу бекер болып шығады. Сурет салуға дағдыланудың үстіне, мұғалім оқушыларға тиісті жабдықтардың болуын қамтамасыз ету керек, өйткені ондай жабдық болмайынша сурет салуды ойға да алуға болмайды. Оқушылардың әрқайсысында қағаз, қалам және өшіргіш, ең болмаса қолдан істелсе де, папка болуы міндет. Кәдімгі дәптер даладағы жұмысқа жарамайды. Оқушы оны бірінші экскурсияда-ақ уқалап жыртып бітіреді. Оқушы папкасыз жөнді бір сурет те сала алмайды, түсінікті жазу да жаза алмайтын болады. Осылардың бәрі де бір ұсақ-түйектердің маңызы болады. Алғашқы экскурсияға барар алдында оқушылармен бірге

біреу рет аулаға шығып, бір оңай заттардың суретін салдырып байқау қажет. Ол партада отырып емес, әдейі тыста істелсін. Бұл жұмысты география пәнінің мұғалімімен келісу бойынша сурет пәнінің мұғалімі атқаруына болады.

Экскурсияға балалар материалды мектепте өткеннен кейін шығатын болса, мұғалім ол материалдардың экскурсияда қажет жерлерін оқушылармен бірге қайталауы керек. Мысалы, мұғалім қандай да бір сайдың жасы туралы тапсырма бермек болса, онда балалар сол күнге дейін сайлар, өзектер туралы не өткен болса, соның бәрін қайта оқушылардың есіне түсіріп шығуы керек. Егер мұғалім төбенің көлеңке жақ бетіндегі өсімдіктерден күнгей жағындағы өсімдіктердің айырмашылығын көрсетпекші болса, әрине, ол өсімдіктерге жарықтың, құрғақтықтың, ылғалдылықтың қандай әсері болатынын балалардың есіне түсіру керек.

Еске түсірілген теориялық білімдер экскурсияда көргендерді жылдам және терең түсінуіне көмектеседі.

Осындай оқу жағынан дайындалудан басқа, ұйымдастыруда да дайындық анағұрлым маңыздырақ болады. Оқушылар экскурсияда көз үйренген төрт қабырғалы сынып бөлмесінде отырмайды, еркін кеңістікте, тәртіп бойынша, тілеген жайын қарай жүріп отырады.

Оның үстіне далаға шығу, әсіресе алғашқы жолы қашан да болса оқушыларды өте елегізітіп, олардың тәртіп сақтауын төмендетіп жібереді. Жұмыстың сәтсіз болып шықпауы үшін, осылардың бәрін алдын ала ескеру керек болады. Даладағы жұмыс тек мұғалім үлгілі тәртіп орнатып, оны толық сақтай алса ғана, жақсы нәтижелі болып шығады. Біз жай тәртіп емес, үлгілі тәртіпті босқа айтып отырғанымыз жоқ. Адамды аландата беретін жағдайда жұмыстың үздіксіз дұрыс жүруін тек өте жақсы тәртіп сақтау қамтамасыз ете алады. Жұмыстың тәртібі мұғалімнің өзінің қандайлық дайындалғандығына, ал экскурсия тәртібі оқушылардың қандай дәрежеде ұйымдастырылғандығына байланысты.

Мұғалім экскурсияға жақсы дайындалған екен, бірақ ұйымдастыру жағына көңіл бөлмеугі. Ол айналасындағы жүрген 30-40 оқушылармен бірге далада келе жатыр. Балалардың кейбіреулері бөлініп кетіп, кейбіреулері тіпті басқа жаққа жүгіріп те кетеді,

кейде ойынға айналып кетеді, біреуін біреуі итеріп, біріне-бірі аяқтарын тосады, т.с.с. Мұғалім жұмыстың алғашқы жарым сағатында-ақ қайсы біреуін соғып та үлгереді, бірақ онымен тәртіп орнай қоймайды. Бұл жерде оқушылар мұғалімнің қолынан ештеңе келмейтінін әбден біледі: дала жағдайында олардың бәрін көзден таса қылмай отыруға бола ма?

Міне, қаралатын нысанға да келдік. Оқушылар үймелеп тұр. Ұсақ балаларды ығыстырып жіберіп, ересектері ілгері шығып тұр. Артқылар мұғалімнің көрсетіп тұрғанын көре алмайды, сондықтан оларға көңілсіз, олар ойынға айнала бастайды. Арттағылардың ойыны жұмысқа ынталыларға, көбінесе мұғалімдерге бөгет жасайды.

Мұғалім түсінік беруді аяқтап, тапсырмалар бере бастайды. Бірақ арттағыларға бастан-аяқ қайта түсіндіру керек. Бұл жұмысқа бөгет келтіріп, мұғалімнің жұмыс істей бастағандарына көмектесуіне кедергі жасайды.

Экскурсия аяқтала бастаған кезде бұдан да жаман болады. Оқушылардың жұмыстан әлдеқашан көңілі қалған бір бөлімі бұта тасасына барып, өз қызығы өзінде болып, экскурсиядан қалып та қояды. Шаршап біткен мұғалім олардың қалып қойғанын да байқамайды. Олар үшін кейін мұғалім қанша әуре болады десеңізші. Амал қанша, жұмыста мұндай жағдайлардың кездесуі сирек болмайды. Балалар жоғалған уақыттар да болған. Тіпті, шомылып жүріп суға кеткендер де болған. Міне, бұлар тәртіптің жақсы болмағандығы.

8.3. Материалдарды экскурсиядан кейін талқылау

Әрбір жақсы өткізілген экскурсиядан жиналатын материалдардың көптігі сонша, тіпті, оларды бір сабақта талқылап үйрену мүмкін емес. Экскурсияда оқушылар, көз мөлшерлі съёмка жасау практикасын санамағанда, ілгеріде толып жатқан тақырыптарды (жер бетінің формасы, жер астындағы су, ағын су, көл, көкжиек) өткенде қажет болатын нақтылы білімдерге ие болады.

Біздің бұл айтып отырғанымыз алдын ала өткізілген, яғни тақырып әуелі сыныпта оқылғаннан кейін өткізілген экскурсия. Мұндай экскурсиядан басқа, қорытынды мазмұнды экскурсия да болуы ықтимал. Мысалы, мұғалім көктемгі экскурсиялар-

да оқушыларды көктемгі сулардың ағуы, сайлардың ұлғаюы, өзендердің тасуымен таныстырады. Осы айтылған тақырыптардың бәрі де сыныпта өткізілгенімен, «дала» материалы оқушылар үшін жаңа және өте қызықты болады. Оқушылар тек осы далада ғана судың сайды қалай қазып кететінін, төгіндінің, су жайылымының қалай шығатынын анық түсінеді. Осындай тәжірибе үстінде жиналған түрліше жазу, сурет, сьемка, тілінділер, коллекциялар секілді материалдар кейін мектепте талқылауды қажет етеді. Тағы сол көктемгі экскурсияда оқушылар өзен аңғарын да, көлдерді де, төбелерді де, жазықтарды да қайтадан қарап шығады. Бұл тек қайталау ғана болып табылмайды. Ұшықиыры жоқ алуан түрлі құбылыстарды оқушылар енді мүлдем басқаша қабылдайтын болады. Бір өзенді ондаған мәрте көрсе де, экскурсия басқарушы одан әрқашан жаңа материалдар таба береді. Көктемде, әсіресе оқу аяқталып келетін жазғы уақытта, материалды қалай талқылауға болады.

Оның екі жолы болуы мүмкін: үйірмелер жұмысы және көрме ұйымдастыру. Географтар үйірмесі экскурсиядан кейін кешіктірмей экскурсияның материалдарын өндейді, зерттелген жердің планын және маршрут планын сызып, суреттерді, фотоға түсірілген көріністерді, жазуларды тәртіпке келтіріп, өткізілген экскурсияға көрме жасайды. Көрменің экспонаттары карталар (пландар), тілінділер, суреттер, коллекциялар және суреттемелер болады.

Маршрут тәртібімен орналастырылған материалдарды көргенде, оқушылар экскурсияда көргендерін тағы бір рет ойларына түсіреді. Шығып сөйлеген баяндамашылар маршруттық картада белгіленген әрбір пунктте істелген жұмыстар туралы баяндайды. Бұл өзінше бір «естегілер таңы» болып шығады. Оқушылар экскурсияны өте жақсы көреді, сондықтан олар экскурсияға барғанда кездескен әрбір ұсақ-түйектің өзін көңілденіп естеріне түсіреді. Көрмеден кейін барлық материал желімделіп, дәптерге тігіледі. Дәптердің сыртында тиісті жазу болады. Мысалы, 5-сыныптың пәлен жерге барған экскурсиясы (жылы, айы, күні). Ондай дәптерлердің мектеп үшін зор маңызы болатынын айтудың керегі де жоқ болар.

Бірақ бұл дәптерлер, үйірме жұмыстары және көрмелер туралы ілгеріде сөз болады. Ал бұл жерде экскурсиядан соң матери-

алды қайткенмен де талқылау керек екенін, әсіресе экскурсиялар қорытынды экскурсиялар болса, солай істеу қажет екендігін атап көрсеткіміз келеді.

Алыс экскурсия экскурсиядан соң материалды талқылауды өте қажет етеді. Алыс экскурсиядан соң материалды жақсылап талқылағанда, одан экскурсияның маңызы 50 пайыздан аса артады десек, асыра сөйлеу болып шықпайды. Экскурсия материалдарын талқылау нәтижесінде география кабинетінде өлкетану жөніндегі географиялық материал біртіндеп көбейе береді. Өлкетану жұмысын кеңінен өрістетуге түсу үшін қажетті материалдар сол экскурсиялардан алынады.

8.4. Мұражайларға экскурсия

Ірі қалалардың әрқайсысында дерлік өлкетану мұражайы болады. Географқа өлкетану мұражайын пайдалану қажет. Оқушыға ешбір кітап, ешбір табиғаттану экскурсиясы өлкетану мұражайына бір жерде жиналған географиялық материалдардай көп материал бере алмайды. Расында да мұражайдың 2-3 бөлмесінде-ақ болып, өз жеріңіздің басты-басты барлық физикалық-географиялық жағдайымен танысуыңызға мүмкіндік болады. Мұражайда физикалық-географиялық объектілер әрқашан өте көрнекті, ықшам, түсінікті және мейлінше логикалық тәртіпке беріледі. Мұражайдан сөз гипсометриялық және геологиялық картадан бастап, ең жаңа экономикалық карта неше түрлі сызбалар, профильдер, геологиялық тілінділер, топырақ жыныстарын, пайдалы қазбалардың коллекцияларын табасыз. Өлкетану мұражайында әрқашан өсімдік және жануарлар дүниесі, әсіресе адамдар, жақсы көрсетілген болады. Жалпы алғанда, өлкетану мұражайы (идеясы жағынан) өз өлкеміздің ең көрнекі географиясы болып табылады. Өлкетану мұражайында географиялық материалдар қашан да болса өте айқын түрде көрсетіледі және олардың түсінік жазулары болады. Ақырында, мұражайда әртүрлі түсінік және нұсқаулар бере алатын арнаулы адамдар болады. Мұражайға екі түрлі: жалпы білім алу және арнаулы мақсатпен экскурсия жасауға болады. Бірінші жағдайда 1,5-2 сағат уақытты сіз мұражайдың барлық бөлімдеріндегі неше түрлі экспонаттарды көруге пайдаланасыз. Екінші жағдайда сол уақытты тиісті

бір бөлімді мұқият қарастырып шығу үшін пайдаланасыз. Оқу мақсаты үшін біз тек екінші тәсілді қолданамыз.

Мысалы, біз 5-сынып курсы бойынша «Жер бетінің формалары» деген тарауды өтетін болсақ, онда мұражайда өзіміздің өлкенің гипсометриялық рельефтік карталарын, профильдерін, тілінділерін балаларға түсінікті шамада геологиясын, тау жыныстарын, пайдалы қазбаларды және басқа алған тақырыбымызға байланыстылардың бәрін де қарастырамыз. Мұғалім топырақты да, өсімдікті де, адамды да жер беті формаларымен байланыстыру қажет деп табуы да мүмкін, бірақ ол жаңа тақырып талқылау болып шықпайды, сол біздің алған тақырыбымыздың иллюстрациясы болып табылады. Жылдың аяғында сол 5-сынып оқушылары «Ландшафтылық зоналар» тарауын өткенде, мұражайда топырақ пен өсімдік нақтылы материал ретінде көбірек қамтылып, бұрынғыдан әлдеқайда терең талқыланады.

Сонымен, географ оқушыларды мұражайға экскурсияға тек белгілі бір географиялық тақырыптарды талқылау үшін апарды. Мұғалімдердің бірі: «мұражайға барған оқушылар оның басқа бөлімдерін де көргісі келсе қайтеміз», – деп сұрауы мүмкін. Біздің ойымызша, оқушылар жалпы білім алу мақсатымен мұражайды бұрында көрген болуы керек дейміз. Мұражайға ондай жалпы білім алу мақсатымен экскурсияны, әрине, қай мұғалім болса да өткізе алады.

Оқушылармен бірге мұражайға кетіп бара жатып, кейде мұғалім ішінен «мұражайда жетекшілер бар, бізге барлығын да солар түсіндірер» деп те ойлауы мүмкін. Мұғалім мұражайға оқушылармен жұмыс өткізу және оны неғұрлым жақсы өткізу секілді белгілі бір мақсатпен барады. Ол жұмысты кім мұғалімнен жақсы өткізе алады. Тіпті, ең жақсы деген жетекші кәдімгі қатардағы мұғалімнің істегенін істей алмайды. Мұғалім оқушыларды біледі, өзінің оқушыларға қандай білім бергісі келетінін біледі. Сонымен қатар оқушылар да мұғалімді біледі, оның айтатынын деп тұрғанын сөйлей бастағаннан-ақ олар түсіне қояды.

Эксперсиялық жұмыста осылардың бәрінің маңызы зор, сондықтан бізге мұражайда экскурсия басқарушы мұғалімнің өзі болу керек дегенді жақтаймыз.

Мұражайдың жетекшісі мұражайды мұғалімнен анағұрлым артық білетініне талас жоқ, ол рас. Қалғандарының бәрі дәлелсіз.

Дала экскурсиясын басқару үшін мұғалім дайындалуы керек. Объектілердің қай жерде екенін, оған қалай бару керек екенін, нені түсіндіру керек екенін ол білуге міндетті. Мұражайға экскурсия жасауға дайындалу одан жеңіл: онда бәрі де жазулы тұр. Білмегенін мұғалім сол мұражай жетекшісінен сұрап та алады. Мұғалім мұнда да, сол дала экскурсиясындағыдай жазу кітапшасын алып, ерте бастан мұражай бөлімін ұқыптап қарастырып, сұрастырып, зерттеп алып, өзінің оқушылармен жүргізетін жұмысының жоспарын жасап алуға міндетті. Есте болу үшін ол мынадай витринада мынау туралы айтамын, басқа бір витринада суретін салғызамын деп белгілеп алуына болады.

Осылай істелген жұмыс мұғалімнің білімін толықтырады, оқушылардың жұмысын жеңілдетеді. Мұғалім оқушыларға тек жоспар бойынша керек және қажет дегенін ғана береді. Балалардың назарын көп нәрсеге аударып, оларға көп күш сала бермеу керек. Мұражайда бала түгілі үлкен кісі тез шаршайды. Дағдыланбаған адам мұражайды бір сағат қараған соң-ақ шаршайды. Мұражай толған объектілер, олардың бәрі де қызықты, сондықтан оған ми қуаты көп жұмсалады. Дайындалғанда осылардың бәрі де ескерілуі керек. Мұғалім экскурсияға өзі дайындалып алған соң, тиісті түрде оған оқушыларды да дайындайды. Әдеттегі дайындалудан, яғни экскурсияның тақырыбымен таныстырудан басқа, мұғалім оның өзге жақтарын да қарастырып ескеруі қажет. Мұражайда шулауға, жүгіріп жүруге болмайды, әсіресе заттардың ешбіріне қол тигізуге, витринаға сүйеніп шынтақтауға болмайды. Балаларды мұражайда дұрыс жүріп тұруға үйрету оңай емес. Балалардың мұражайда өздерін алып жүруіне қарай барлық оқушылардың арасында тәртіп қандай екенін білуге болады.

Оқушылар экспонаттарға қол тигізуге болмайтынын білуі керек, мұражай үшін ондай зиянды жағдайды мұғалім болдырмауға міндетті. Шынын айтқанда, оқушыларға айтылған ескерту мұражайда балаларды мәдениетті алып жүре білмеген мұғалімге ескерту болып табылады. Мұражайдың заттарына қол тигізуге, витриналарға шынтақтап сүйенуге мүмкіндік бермейтін жақсы әдіс-ашық экспонаттарды, витриналарды қарап тұрған уақытта қолды артқа ұстау, оқушылар бірнеше ескерту алғаннан кейін-ақ

бұған тез дағдыланады. Әрине, мұғалім бұл жерде балаларға өзі үлгі болуы тиіс.

Оқушыларды экскурсияға дайындаумен қатар, оларды мұражайға баруға да «дайындау» қажет. Мұғалім ерте бастан (3-4 күн бұрын) мұражайға баратын күні мен сағатын мұражайдың басшыларымен келісіп алғаны дұрыс болады. Өйтпегенде мұражайға да, мектепке де ыңғайсыздық туады. Мұражай экскурсияны «кезекке» жазып алады да, оқушылардың есік алдында күтіп тұрып қалмау шарасын қолданады, мұражайдың бөлмелері қарақұрым болмау қамын істейді. Мұражай басшыларының оны істеуге мүмкіндіктері көп. Экскурсия жазылып қоймағанда, мұражай басшылары өздерінің жұмысын жоспарлай алмай қалады. Мұғалім осының бәрін де ескеруі керек.

Кейбір жағдайларда мұражайдың жетекшісімен келісіп қою да қажет болады: мысалы, жетекші витринаны ашып, заттарды жақынырақ жерден көрсетуі, әлде ол туралы бірдеңе айтуы да мүмкін. Кей жағдайда мұражайдың жетекшісін қатыстыру өте пайдалы болады. Бірақ осылардың бәрін мұғалім ертеден еске алып, экскурсияның жоспарына енгізуі қажет. Бұл жағдайда мұражай жетекшісінің берген түсінігін мұғалімнің география сабағында хрестоматиядан дауыстап үзінді оқуымен теңеуге болады.

8.5. Географиялық экскурсияны жоспарлау

Бағдарламада неше рет экскурсия болатыны көрсетілмеген және көрсетілуі де мүмкін емес. Бірақ бағдарламада экскурсияны қолдану қажет екендігі туралы нұсқаулар жеткілікті. Бағдарламаны және оқулықтарды қарап отырып, жергілікті жеріміздің физикалық-географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, біз экскурсияда талқылау тілейтін тақырыптар тізімін жасаймыз. Әрине, көз мөлшерлі сьемканы, жақындағы жазықты, қыратты, кішірек өзендерді, өзен аңғарын, батпақ және кішірек көлдерді, бұлақтарды, топырақты, таудың борпылдақ жыныстарын, жер қабаттарының жатысын және басқа да көптеген тақырыптарды қай жерде болса да өтеуге болады. Осылармен қатар бір жерде өте жақсы қарастырылып, басқа бір жерде, тіпті, қарастыруға болмайтын тақырыптар да бар. Мысалы, таудағы тұрған адамдардың шатқалдармен, тау алқаптарымен, қар мен

таудан ағатын сулармен, тау жыныстарымен, т.б. танысуы қиын емес. Айтайық, Каспий маңындағы ойпаттың тұрғын адамдарына бархандар мен дюналарды зерттеу үшін, сортандықтар мен шөлдің флорасы мен фаунасын зерттеу үшін экскурсия ұйымдастыру оп-онай. Орталық Поволжьеде тұратындар үшін эктастар, бор, жер қабаттары, тасқа айналған заттар, үнгірлер, ойылып түсіп кеткен жердегі көлдер, су жайылымы, террасалары, ескі арнасы бар өзеннің кең аңғары дәл сол жерлердің өзіне лайық тақырыпта экскурсия ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Біз Байкал көлі жағалауы немесе теңіз жағалауы тәрізді жерлерді айтпай-ақ қоямыз. Онда толқын әрекеттерінің барлық түрлерін, ірі су бассейндерінің өмірін, өзен сағаларын, тігінді конустарының қайдан пайда болғанын, атырауларды, өзен бойындағы жазықтарды, т.с.с. зерттеуге мүмкіндік беретін материалдар тіпті көп.

Қысқасы, географиялық экскурсияны ұйымдастыру жағынан әрбір жердің өзінің қолайлы жағдайы, мүмкіншілігі болады. Ондай мүмкіндіктер соншалық көп және алуан түрлі, бүкіл КСРО шегінде болатын экскурсиялар жоспарын қамтитын қандай да бір кітап жазып шығару мүмкін де емес. Жергілікті жердің мұғалімі өз жерінің физикалық-географиялық жағдайымен жете танысып барлық мүмкіндікті еске салып, тақырып тізімін, өткізілетін экскурсиялардың жоспарын өзі жасайды. Өз жерінде өткізілетін экскурсияның жоспарын жасау оп-онай жұмыс емес. Оны жасау үшін жеке мұғалімдердің, тіпті, бір топ мұғалімнің мұқият көңіл бөліп көп жұмыс істеуі керек. Өз жерін зерттеу жұмысын жүргізу үшін ең қолайлы уақыт – демалыс уақыты.

Жергілікті жердің әртүрлі ерекшеліктерін және оқу бағдарламасының қоятын талабын еске ала отырып, тақырыптар тізімін жасағаннан кейін, мұғалім экскурсия жұмысын жоспарлауға кіріседі. Бір сыныпта жылына неше экскурсия өткізуге болады. Біз бұл сұраққа, егер уақыт және мүмкіндік болып тұрса, сонша экскурсия болсын деп қойылған шек жоқ дейміз. Егер география үшін берілетін уақытты, сабақ кестесімен байланысты қиындықтарды, дайындалу қиындығын, экскурсияның жалпы қымбаттығын еске алғанда, мәселе бірден-ақ анық болады. Оқу уақытында жоспарға көп экскурсия енгізуге болмайды. Экскур-

сия аз, бірақ жақсы өткізілсін деген ереже әрқашан есімізде болсын. Қымбатқа түсетін экскурсия өзін-өзі ақтайтын болуы қажет. Осылардың барлығын ескере келіп, 5-сынып үшін біз қаладан тыс үш немесе төрт экскурсия белгілеген болар едік:

Бірінші экскурсия. Көз мөлшерлі түсірілім және жер бетінің пішіні (күзді күні).

Екінші экскурсия. Жер асты сулары. Ағын сулар әрекеті. Өзен және өзен аңғары. Көз мөлшерлі сьемкаға жаттығу (күзді күні).

Үшінші экскурсия. Көктемдегі тасқынның әрекеті. Өзендердің тасуы. «Жер бетінің формалары» жөніндегі тақырыпты қайталау және тереңдету. Көлдер мен батпақтар. Топырақтар. Көз мөлшерлі түсірілімге жаттығу (жаз немесе күздің басында).

Төртінші экскурсия. Өсімдік және оның физикалық-географиялық жағдайға тәуелділігі. «Жер бетінің формалары», «Өзен әрекеті», «көлдің өмірі» туралы тақырыптарды қайталау және тереңдету, сьемка жасауға жаттығу (жаз немесе күздің басында). Төртінші экскурсия уақыт жағынан 6-сыныпқа тиісті болғанымен, шындығында, ол 5-сынып бағдарламасынан шығатын экскурсия. Төртінші экскурсия бір күндік болуы мүмкін, ең жақсысы екі күндік болғаны. Бұл экскурсияда көбірек жерді қамтыған жөн, сондықтан оны алысырақ жерде өткізген жақсы.

Қаладан сыртқы экскурсиялар туралы айта келіп, біз экскурсияның басқа (сьемкаға алғаш жаттығу үшін мектеп ауласында өткізілетін, өлкетану мұражайында болатын) түрлері жөнінде ештеңе айтпадық. Ондай жақын жерде болатын экскурсиялар сабақ кестесін бұзбайды және ондай экскурсиялар көп еңбек те тілемейді.

Экскурсия уақытында денсаулықты сақтау. Экскурсияға тек дені толығымен сау адам ғана жақсы барып қайта алатынын әркім-ақ біледі. Сондықтан қаладан тысқары экскурсияға барарда оқушылардың денсаулығын жақсы тексеріп шығу қажет. Жолға шыққаннан соң да балалардың ауырып қалуы мүмкін, бірақ ондайлық қатты ауырып қалу өте сирек болады, онда да тек алыс экскурсияларда кездеседі. Ал анау-мынау ауру-сырқаулар аз болмайды. Ең көбірек кездесетіндеріне тоқталайық:

15 шақырымдық жолдың орта шеніне келгенде, «Менің аяғым қажалып қанап қалды» дейді оқушылардың бірі. Мұнда алып

бара жатқан ештеңе де жоқ, бірақ жағдай ауыр. Әрине, оны болдырмауға шара қолдану керек. Ондай шаралар мыналар:

1. Экскурсияға ешуақытта жаңа аяқ киіммен баруға болмайды, өйтпегенде 1-2 шақырымнан соң-ақ аяқ қажалып қолдырайды.

2. Еш уақытта экскурсияға өкшесі немесе тұмсығы жыртық ұйық киіп баруға болмайды, жыртық жерлерінің шеттері ширатылып, аяқты қажайды.

3. Жолда аяқты салқын сумен, тіпті, жылы сумен де жууға болмайды. Одан кейін аяқ терлейді де, соның салдарынан қолдырайды және бақайларының арасы үйкеліп терісі сыдырылып қалады. Аяғы терлей беретіндер болса, бақайларының арасын вазелин немесе қойдың таза майымен жақсылап майлаулары қажет. Осындай шаралар аяқ қажалмауын қамтамасыз етеді.

Жолығатын қиыншылықтың екінші түрі – құрғақ ыстық күндерде еріннің жарылуы, бұл жанға өте бағады. Еріннің жарылу себебі: адам кеберсігенін сезіп, оны бұрынғысындай жұмсартпақ болып жалай беретін болады. Сілекейдің желімді массасы (муцин) кебеді де, ерінді одан да жаман кеберсіте түседі. Қайта-қайта жаланғаннан кейін адамның ерніне қатты қабыршақ пайда болып, ол барып жарылып, еріннің терісін тіліп кетеді. Ондай жарылған жерлер өте қатты ауырады және көпке дейін жазылмайды. Ал экскурсияға шығар алдында немесе ерін кеберси бастағанын сезгенде, оны таза маймен немесе вазелинмен майлаған болса, ондай жағдай болмас еді. Ерінді кеберсітпеу үшін және мұрынның, беттің күнге күймеуі үшін вазелин немесе май (тұздалмаған) жаққан жақсы болады.

Бірдеңе кесіп не жыртып кеткен болса, онда йод жағып байлап қою керек. Экскурсия уақытында сусынмен қамтамасыз етудің маңызы зор. Бұрын мәлім болмаған жерлерден су ішу қашан да болса қауіпті. Сондықтан ең жақсысы – оқушылардың жолда суды неғұрлым аз сирек ішкені. Бұл қиын да емес, ол үшін экскурсияға шығар алдында оқушылар тұзды тамақ жемеу керек. Жолда шекілдеуік шақпау және аузына кәмпит салып, сорып жемеу керек. Тағы үшінші шарт, жоспарда белгіленген жерге жеткенше сусын ішпеу керек.

Тоқталатын жерге жетіп, сусын ішетін уақыт болғанда, мұғалім алдын ала оқушыларды су алатын жермен танысты-

рып, мынадай шаралар қолданады: егер су өте суық болып, күн ыстық болса немесе балалар жүрістен терлеп, қызып келген болса, суды тек 10-12 минут дем алғаннан кейін ішуге болады. Адамның жігері даму үшін өте пайдалы болатын сондай кідіріс балаларды тұмауратып аурудан сақтайды. Сусынды әдейі соған арнап алып шыққан кружкадан ішу керек. Сусын ішу тәртібі де тамақ жегендегідей балалардың ең әуелі әлсіздеулері, онан кейін әлділеулері ішеді.

Дем алғанда дымқыл жерге, әсіресе салқын жерге жатпау керек. Экскурсияда жүріп, суға түсу өте қауіпті. Экскурсия уақытында мұғалім өзінің қарамағындағы балалар үшін толық жауапты екендігін ұмытпауы керек. Бұрын таныс емес жердегі суға балалар түгілі жақсы жүзе білетін кісі де суға кетіп қалады. Экскурсия уақытында үш баланың бірден суға кетіп қалғаны бізге мәлім. Бұл оқиғаның олардың ата-аналарына да, мұғалімнің өзіне де қандай әсері тиетінін өздеріңіз ойлап қараңыздар. Амал қанша ондай жағдайлар кездесіп тұрады.

9. МЕКТЕПТЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕР

9.1. Мектептегі географиялық үйірмелердің ұйымдастырылуы мен мақсаты

Үйірмелердің мақсаттары. География курсының өту үшін әрбір сыныпта белгілі мөлшерде сағат көрсетіледі. Сол сағаттар ішінде мұғалім бағдарламада көрсетілгендердің бәрін өтіп шығуы керек. Бірақ географияны тек бір ғана бағдарлама көлемінде өту оқушыларды әрқашан да оншалықты қанағаттандыра бермейді.

Олардың кейбір мәселелерді неғұрлым тереңірек және тиімді өткізгісі келеді. Міне, осы жағдайдың өзі-ақ мұғалімнің басқаруымен оқушылар өздерінің географиялық білімін кеңейтіп, тереңдетуіне мүмкіншілік болатын үйірмелер ұйымдастыру қажет екенін көрсетеді. Өз өлкесін зерттеу жұмысын да осы үйірмелерде ұйымдастыруға болады. Өлкетану жұмысы әрқашан да дерлік экскурсиялық жұмысты күшейте түседі. Экскурсияларда жиналған материалдар (жазу, сурет, фото, коллекциялар) көбінесе үйірмелерде өңделеді. Модельдер, таблицалар, карта және басқа да құралдар жасауда үйірмелер мұғалімге көп көмек береді. Модельдерді, карталарды және кестелерді оқушылар өздерінің баяндамаларын иллюстрациялау үшін жасайды, ал олар кейін географиялық кабинетке тапсырылып, сонда жиналады.

Осындай мектеп жұмысымен тығыз байланысты мақсаттардан басқа да мақсаттар болуы ықтимал. Бұған жататындар балалар үшін қызықты географиялық тақырыптар туралы баяндамалар, географиялық журнал шығару, экспедиция мүшелерімен кездесу, география кештерін өткізу, т.с.с. Сыныптан тыс осындай жұмыстарды тиісті географиялық үйірмелерде ойдағыдай өткізуге болады.

Оқушылардың географиялық үйірмеде жұмыс істегісі

келгендеріне мұғалім ерекше көңіл бөліп, олардың жұмысына әртүрлі көмек беруі міндет екендігі туралы айтудың қажеттілігі де жоқ. Оқушылар географиялық үйірмелерде өздерінің инициативасын көтеріп, жігерін көрсете алады және олардың кітапты пайдаланып өздігінен жұмыс істеп дағдылануы үшін үйірмеден артық жер табылмайды. Ақырында, балалардың арасындағы таланттылары да сол үйірмелерде көзге түсіп, іріктеліп шығады. Оларға зор көңіл бөлінуі керек. Жастар арасынан таланттыларын анықтау – мемлекеттік аса ірі мәселе.

Үйірме ұйымдастыру. Үйірмелер ұйымдастыру идеясы әуелі оқушылардың өзінде тусын деп күтіп отыру әруақытта дұрыс бола бермейді. Егер мектепте географиялық үйірмелер бұрын болмаған болса, ондай идеяның тұмауы да мүмкін. Олай болуы түсінікті де.

Үйірменің қажет екендігі туралы идеяға жету оңай іс емес. Сондықтан оқушылардың өздерінің география жөніндегі білімін тереңдетуге ынталы екендігін байқаған мұғалім оларға көмектесуі керек. Үйірмелерді ұйымдастыру жолы да түрліше болады. Ұйымдастырудың бірінші және оңай жолы үйірме туралы, үйірмелерде өткізілген жұмыстар туралы, мектепте сондай үйірмелер құру қажеттілігі туралы алдын ала әңгіме өткізу. Үйірмелер ұйымдастырудың бұл әдісі көбірек өріс алған әдіс екендігін айта кету керек. Бірақ мұғалім істің таза ғана формальды осы жағын ескеріп, басқа бір ойы болмаса, онда істің алға баспайтындығы анық. Оқушылар алғашқы кезде еліктегенмен, үйірмеде қызығарлық іс істелмесе, тез көңілі қалып суынады да, үйірме жұмысы біржолата тоқталып қалады. Мұғалім осы жағдайды еске алып, іске басқаша кірісуі керек. Егер белсенді болмаса, үйірменің алдына қойылған мақсат жөнінде мұғалімнің өзінде анық түсінік болмаса, асығудың да қажеттілігі жоқ. Үйірме құрылады деп жарияламай-ақ, бір-екі баяндама өткізіп, өлкетану тақырыбында жоспардан тыс экскурсия немесе басқа бір түрлі жұмыс өткізуге болады. Осындай жұмыстардың барысында белсенділер байқалып, жұмыстың болашағы көріне бастайды, үйірмені ұйымдастыру жұмысына батыл кірісуге болады. Осылайша, ұйымдастырылған үйірмелердің өмірі ұзақ, жұмыстары жемісті болып шықпақ.

Үйірме ұйымдастырудың осы екі жолының қайсысын ұстансаңыз да естен шығармайтын бір нәрсе: оқушылардың үйірме жұмысына қатынасуы тек қана ерікті түрде болуы керек, үйірме жұмысы сияқты жұмысқа оқушыларды еріксіз жегуден ештеңе шықпайды. Әрине, кейде қайсыбір зерек, бірақ жұмысқа тез құмартып, тез суынып қалатын балаларды қысыңқырауға да тура келеді. Бірақ ондай қысым әкімшілік ретінде болмай, тәрбие ретінде болуы қажет.

Үйірменің ісі мен жұмысы үшін үйірменің белсендісі деп атарлық іскер топтың болуының маңызы өте зор. Жұмыс жемісті болуының басты шарты – жақсы ынтаның болуы. Сондықтан мұғалім белсенділікке ерекше көңіл бөлуі міндет. Оқушылардың кейбіреуі географияны өте ұнататынын байқап, мұғалім ондай оқушыларға өзінің қызметіне қажет карталар, модельдер жасауды немесе тіпті, сабаққа үлгермей жүретіндерге көмектесуді тапсыратын жағдай да аз кездеспейді. Әрине, үйірме мүшелері мұғалімге кейде бар ынтасын салып көмектеседі, әсіресе түрлі құралдар жасауда балалардың ондай көмегінен бас тартудың қажеті жоқ. Бірақ ондай көмекті қабылдаумен бірге мұғалімнің де шектен шықпай, балалардың ықыласын міндетке айналдырып жібермейтін болу керек.

Не дегенмен үйірме жұмысының көп жағдайында шешуші факторы болып мұғалімнің өзі табылатындығы туралы айтудың қажеті болмас. Айналаңызға қарасаңыз, кімнің үйірмелері жақсы. Жауап қашан болса да біреу-ақ: оқу жұмысына көбірек көңіл бөлетін тәжірибелі мұғалімдердің үйірмелері қашан да болса жақсы. Егер мұғалімнің өзі география жөнінде жаңадан шыққан кітаптарды, географиялық түрлі жаңалықтарды құнттап қарап жүрмейтін болса, географияны оқыту әдістерінің дамуын құнттап қарастырмайтын болса, үйірмеге басшылық ету оған қиын болады. Үйірмеге басшылық ету әуелгі кезде жұмысқа жаңа кірісіп отырған мұғалімдерге де қиын тиеді. Бірақ ондай мұғалімде тәжірибеге төлеу боларлық «қызу жігер» көбірек, оның сол жігері көбінесе оқушыларды да қыздырып, содан барып тамаша нәтиже шығады. Сондықтан не өте тәжірибелі немесе ең жас мұғалімдер басқарған үйірмелердің жақсы болатынына таңғалуға болмайды.

Соңғы бір шарт, үйірменің азды-көпті жабдығы болады:

кітаптар, журналдар, газет кесінділері, коллекциялар, жазылған баяндамалар, модельдер, аспап-саймандар, т.с.с. Егер үйірмеде осылардың бәрін қоятын үй, тым болмаса кілтпен бекітілген шкафы болуы қажет. Онсыз үйірменің жабдықтары да, жұмыстары да сақталмайды. Ал жабдығы сақталған жұмыстары болмаса, үйірменің жұмысы да жемісті болмайды. Осы жағдайды естен шығармау керек, олай етпегенде, тіпті, жақсы жұмыстың өзі нашарлап, құрып кетеді.

Үйірме кітап пен журналдың біразын үйірме мүшелерінің ерікті жарнасына, біразын мектептің оқу бөлімі (үйірменің жұмысы жақсы жолға қойылғаны байқалса) беретін азғана сомаға сатып алады. Үйірменің кітапханасын оқушылардың уақытша өздері әкелген кітаптарынан құрастыруға болады. Егер кітапхана сондай уақытша әкелінген кітаптардан құралған болса, әкелінген кітаптардың дұрыс жазылып отырылуы қажет, олай болмаса, кітап жоғалып кетуі ықтимал. Үйірмеге қажет саймандар алғашқы кезде география кабинетінен уақытша пайдалануға алынып одан кейін біртіндеп өздері құрастырып алады. Үйірменің жұмысы әлденеше түрлі болуы мүмкін. Оған бірнеше мысалдар келтірейік.

Баяндамалар. Ең оңай және сонымен қатар қызықты жұмыс. Оқушылардың әртүрлі географиялық тақырыптарға жасайтын баяндамалары болады. Тақырып таңдау, ең алдымен, қандай мәселелерге көңіл бөлетін оқушылардың болуына, содан кейін тиісті кітаптардың болуына байланысты. Орта мектептердің оқушыларына қиын, ғылыми кітап ұсыну қате болып шығар еді, сол сияқты, қанша жеңіл болғанымен, көп кітап беру де қате. 5-6 сынып оқушылары үшін кітаптың, бір мақаланың немесе бір брошюраның өзі де толық жеткілікті. 7-сынып оқушыларына екі кітап беруге болады, бірақ олар балалар әбден түсіне алатын кітаптар болуға тиіс. Оқушылардың баяндамасы дегеніміз – мазмұны баяндамашының тақырыбына сәйкес келетін кітаптың тиісті тарауын немесе сондай бір мақаланы қайта айтып беру. Егер баяндамашы үлкейтіп өзі сызған чертеждарды, суреттерді немесе өзі жасаған модельдерді, коллекцияларды, тәжірибелерді, т.с.с. көрсете отырып, өзінің баяндамасын иллюстрациялайтын болса, бұл өте тиімді болмақ. Чертеждар, суреттер немесе модельдер дайындаған уақытта оқушы мұғалімнің ұсынған кітаптарының

шегінен еріксіз шығып кетеді де, материалды толығырақ қамтығандығын өзі де сезбей қалады.

Экскурсиялар. Экскурсиялардың маңызы қандайлық зор екенін біз жақсы білеміз. Сыныптағылардың бәрі бірігіп өткізуге мүмкіндік болмаған экскурсияларды географиялық үйірмелердің ұйымдастырып өткізуіне болады. Осы экскурсиялар жөніндегі баяндамалар және одан жиналған материалдар көрмесі, экскурсияға қатынасқандар түгіл басқа оқушыларға да көп көмек көрсетеді. Бүкіл сыныппен бірге өткізілген географиялық экскурсиялардың жұмысын қорытып өңдеу (маршрут сипаттамасын, маршрут картасын жасау, чертеждар мен суреттерді сұрыптау, өткізілген жұмыстарды, экскурсияның жұмысын сипаттау, ақырында альбом немесе иллюстрацияланған дәптер түрінде «Экскурсияның есебін» толық тәртіпке келтіру) осы үйірмелерге тапсырылады.

Экспедицияларға қатысушылармен кездесу. Оқушылар «тірі» нағыз зерттеушілерді түрлі экспедицияларға қатысқан «тірі» адамдарды көруге құмар келеді. Рас, ірі орталықтардан алыс қалаларда экспедицияға қатысушылармен кездесу сирек болады. Ал ірі орталықтарда ондай кездесу болып тұруы мүмкін. Мұндай кездесулердің эмоциялық әсері сондайлық күшті болады да, оны сөзбен айтып жеткізудің өзі қиын. Ондай кездесулер, әдетте, бірнеше мектептің оқушылары үшін іске асырылады және бұл жұмысты географиялық үйірмелер ұйымдастырады.

9.2. Географиялық апталықтар мен кештер

Үйірмелер жұмысының ең көңілді және оқушыларды қызықтыратын бір түрі – географиялық кештер. Ондай кештер қалай ұйымдастырылады. Айталық, үйірме «Кавказ» деген тақырыпты белгілеген болсын. Алдымен, оқушылар үйді осыған сәйкес жабдықтайды, қабырғаларға Кавказды және халқының тұрмысын көрсететін картиналар, фотосуреттер, карталар, т.б. бұйымдар ілінеді. Онда кілемдер, қару-жарақтар, үй саймандарын да ілуге болады. Ойнаушылар да (декламаторлар, билеушілер, артистер) соған сәйкес Кавказдың ұлт киімін киінеді.

Әуелі Кавказ туралы баяндама жасалады, одан кейін орыс және Кавказ ақындарының Кавказ табиғатын және өмірін сипаттайтын түрлі өлеңдері оқылады. Оқитындармен әңгіме айту-

шылармен алма кезектесіп музыкалық нөмірлер, билер, әндер, т.б. орындаушылар шығып отырады. Ондай кештерде Кавказ халықтары тұрмысынан алынған пьесса қоюға да болады. Ондай кештер қатынасушылардың әрқайсысында ешбір ұмытылмайтын із қалдырады. Тек есте болатын нәрсе, нағыз Кавказдың өзі көрсетіліп, ешбір пасық халтураға жол бермеу керек.

Мұндай географиялық кештер көп және мұқият дайындық тілейтіні жоғарыда айтылғандардан анық көрініп тұр. Мұндай кештер өткізу үшін, тегінде драма, әдебиет, көркемөнер, т.б. үйірмелерді де қолғабысқа шақыруға тура келеді.

Мұндай қиын қойылымдардан басқа, олардан жұпынылау, бірақ пайдасы кем соқпайтын одан гөрі жеңіл қойылымдар қоюға да болады. Ондай кештер кішірек сценалар көрсетіп, әңгімелер, бюллетеньдер, жанды газеттер тағы сондайлар көрсетумен өткізілетін көрмелер тәрізді болуы мүмкін.

9.3. Географиялық көрмелер

Экскурсиядан соң экскурсия материалдарын талқылау туралы айтылған жерде, экскурсияға қорытынды жасау ретінде кішірек көрме ұйымдастыру қажет екендігі туралы айтылған болатын. Көрмелердің оқушылар үшін де, мұғалім үшін де маңызы зор екені тәжірибе жүзінде байқалды. Мұндай көрмелердің, жалпы алғанда, мектеп үшін де маңызы үлкен.

Оқу жылының жартысы (немесе түгелімен) аяқталып келген кез екен дейік. Барлық өтілгендердің бәрін түгел шолып шығу мақсатымен мұғалім оқушының географияға арналған жұмыс дәптерін алады да, оны сөгеді. Сол дәптердің жеке-жеке беттерінен жарты жыл бойы географиядан болған сабақтардың барысын, оқытылу тәртібі бойынша, көрсететін бірқатар «таблица-лар» жасайды.

Дәптерден бөліп алынған беттерді география үйірмесінің белсенді газет қағазына тәртіппен орналастырып, бағдарлама тәртібі бойынша қабырғаға апарып іледі (сағат тілі бағытымен). Ол кестелерді ілгенде төменгі жиегі үлкен кісінің көзінің тұсына келіп тұрғаны қолайлырақ болады.

Одан төмен үйірмеде өткізілген экскурсиялар, өлкетану және басқа да географиялық объектілер тақырыптарындағы жұмыс-

тары орналасады. Олардан да төмен, қабырғаға тақау қойылған үстелдердің үстіне, тағы да сол тиісті тәртібімен, курс өткенде көрсетілген коллекциялар, саймандар, тәжірибелер нәтижелері орналасады. Сонда оқушылардың өз қолдарымен істегендеріне артығырақ мән берілетін болу керек. Бұған рельефтер, рельефтік карталар, аспаптардың модельдері, т.с.с. жатады.

Ақырында, сол үстелдерге оқушылардың географияға арналған жұмыс дәптерлерінен іріктеліп алынған суреттер альбомы қойылады. Осылардың бәрінде де тиісті жазулар болады. Көрме экспонаттарының тиісті логикалық тәртіппен дұрыс орналасып қойылып, өтілген тақырыптардың бәрін толық картинасы анық көрсетілетін болып шығуының маңызы зор. Бұл, әсіресе қабырғаларға ілінген кестелерден анық көрінеді. Кестелерде көрсетілгендердің бәрін көрмені қараушылар әрбір оқушының дәптерінен де табады. Содан кейін көруші қалған экспонаттардың бәрін қойылған тәртібі бойынша қарап шығады.

Мұғалім көрмені осы тәртіппен құрып қойып, оқушылармен бірге оны қарайды және оқушыларға сездірмей оқып өткен сабақтардың бәрін қайталап шығады, оқушыларға: «Балалар, бүгін сіздерді жазғы демалысқа таратып отырмыз. Біздің географиялық көрмеміз пәлен уақыттан пәлен уақытқа дейін ашық болатынын (үш күннен артық болмасын) ұмытпаңыздар. Сіздер осы көрмеге ата-аналарыңызды, аға-інілеріңізді, апа-қарындастарыңызды алып келіңіздер де, осында қойылғандардың бәрін оларға түсіндіріңіздер. Тәртіп жақсы болуы үшін кезекшілік белгілейік. Кезекшілікте бір мезгілде бес адам болады. Біреу келіп кірісімен-ақ кезекшілердің біреуі оның алдынан шығып, экскурсияшы есебінде өзін ұсынады. Осылай елеусіз түрде мұғалім әрбір оқушының барлық экспонаттарды, барлық тақырыптарды жақсы біліп және оларды өздерінің туысқандарына және басқа да адамдарға түсіндіре алуға мәжбүр етеді.

Көрме мұғалімнің күткенін толық ақтайтынын тәжірибе көрсетті. Алғашқы кезде оқушылардың көбі, әсіресе ынтасыз оқушылар ұялатын болады. Экскурсияшының өнерін меңгеру үшін олар өздерінің кезекшілігінен көп бұрын келіп, әдетте, жақсы оқитын оқушылардан болған экскурсияшыларға еріп жүріп, бірнеше рет олардың түсіндіргенін тыңдап, ұғып алады. Кейбір

жерде сұрап, жазып та алады. Жұмысты бұрын өте жаман істеп келген оқушылардың өзі енді ең жақсы деген экскурсияшылардың соңынан еріп оның бір ауыз сөзін қалдырмай тындап жүргенін автор өзі де талай рет көрген. Ұқыпсыз, сабақта ойынға салынып отыратын баланың енді ең үлгілі оқушыға ұқсап, үнсіз тындайтын болып қалғаны әуелде түсініксіз болып көрінеді. Бірақ біраздан кейін бұл жұмбақ оңай шешіледі. Көрмеге оқушылардың туысқандары – анасы, әкесі, қарындасы және басқа мектептегі жолдастары келеді. Ондай қонақтардың алдында оқушының түсінік бере алмай қалуы ұят емес пе. Көрмеге неше түрлі адам келеді, олардың арасында педагогтар да бар. Олар осы көрмеге қойылғандарды экскурсияшы оқушының қандай білетінін анықтау үшін сұрақтар қоятын болады. Бір жағынан, көпшіліктің бақылауы, екінші жағынан, жолдастарымен жарысқа түсуі, балалардың қатардан қалмай ілгерілей беруіне себеп болады. Сөйтіп, 2-3 күннің ішінде экскурсияшылар 2-3 рет көрменің мазмұнын айттып берсе, өтілген материалды бұдан артық қайталау болмайды. Мұндай көрменің беретіні не?

1. Көрме мектепте географияның оқытылу әдістерін көрсетуге мүмкіндік береді. Көрмеге келушілердің, әсіресе географ педагогтардың сыны мұғалімге ерекше пайдалы көмек болып табылады.

2. Көрме оқушының ата-анасына, туысқандарына және көпшілікке география мұғалімінің жұмысымен және оның оқыту әдістерімен танысуға мүмкіндік береді.

3. Мұндай көрмелер мұғалімдердің бір-бірінен оқыту өнерін үйренуге мүмкіндік береді.

4. Көрмеден ең үлкен пайда табатын оқушылар болады. Олар жарты жылдың немесе тіпті бір жыл ішінде өтілген материалдарды жинақтай және сұрыптай келіп, бірден барлық материалды қамтиды да, жақсылап қайталайтын болады. Оның үстіне, оқушылар басқа адамдарға түсінік бергенде дұрыс сөйлеуге, жүйелі түрде түсінік беруге үйренеді.

Осындай көрмелер мектептерде, әсіресе 1918-1926 жылдары кеңінен қолданылып жүрді. Мұндай көрмелердің пайдасы өте зор екендігі әбден байқалды. Бірақ ондай көрмелерден туатын қауіп те бар. Мектепте көрмелер міндетті түрде өткізіліп жүрген уақытта зиянды бәсекелестік көбейіп кетті. Кейбір мектептер

басқа мектептермен бәсекелесе келіп, көрме мектепте болған жұмысты көрсетуге тиісті екенін ұмытып кететін жағдай туындады. Сыртқы әсерге ерекше назар аударып, мектептер көрмеге дайындалуға толып жатқан еңбек, уақыт және қаражат жұмсайды. Көрме ол кездерде, шынында да жақсы болып шығатын еді, бірақ іс мәнісін түсінетін әрбір педагог көрменің бояма көрме екендігін, атақ шығаруға әуестеніп, мектеп оқу жұмысымен шұғылданудың орнына көрмеге дайындалумен болғандығын аңғарушы еді. Мұндай бұрмалау көрменің бағалы жағын жоққа шығаратын еді. Осы жағдайды атап көрсете отырып, мұндай қателікті қайталаудан жас мұғалімдердің сақ болуын ескертеміз.

Өлкетану. Өлкетану үйірмесі өте қызықты және көп жұмыс істей алады: экскурсиялар өткізу, коллекциялар, әдебиет және картографиялық материалдар жинау, өз өлкесінің географиялық сипаттамаларын жасау.

Географиялық журнал. Үйірменің өзі үшін де, бүкіл мектеп үшін де қолдан жазылған географиялық журнал шығару өте пайдалы іс болып табылады. Мұндай журнал шығару КСРО-ның мектептерінде осы күнге дейін бар. Ондай журналдардың сырт көрінісі көлемі жағынан да, жасалып шығарылуы жағынан да әлденеше түрлі. Олардың көпшілігі 3-4 дана етіп машинаға басылып шығады. Онда оқушылардың салған суреттері, жасаған карталары және түсірген фотосуреттері, сондай-ақ газеттерден, журналдардан кесіліп алынған суреттер көп көрсетіледі. Журналдар мазмұны жағынан да әлденеше түрлі болуы мүмкін. Әрбір нөмірі бірыңғай тақырыпқа ғана (Арктика, Сібір, Биік таулық экспедициялар, т.б.) арналған журналдар болады. Кейбір журналдарда бірнеше бөлімдер болады, кейбіреуіне «Қызықты беттер» деген айдар да болады. Әрбір журнал алдына қойылған мақсатын түсіндіре келіп, оқушылардың назарын географиялық мәселелердің бірі болмаса біріне аударуға шақырған «Редакциядан» деген мақаламен басталады.

Осындай журналдар аса пайдалы болады. Мұнда адам өз пікірін қорытып жазуға, жақсылап қалыптастыруға үйренеді. Журнал жұмысымен айналысу оқушылардың баспадан шығатын журналдарға көбірек назар аударуына, олардың кітапқа үйір болуына себеп болады.

9.4. Мектеп географиясындағы өлкетану жұмыстары

Географияны өзінің туған өлкесін зерттеуге негіздеп оқыту қажет екендігінің танылғанына көп уақыт болды. XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бас кезінде тәжірибе ретінде географияны өлке тануға негіздеп оқыту ең жақсы деген мектептерде қолданыла бастады және ол тәжірибе толық ақталып шықты. Осы күні біздің мектептерде өлкетану тек география емес, басқа пәндерді оқытудың да негізіне алынып отыр. Географияны өлке тануға негіздеп оқыту қажет екендігі бағдарламаларда, әсіресе сол бағдарламалардың түсінік хаттарында өте айқын айтылған.

Алайда көпшілік мектептерде, әсіресе орта мектептерде, географияны оқыту тәжірибесінен алатын болсақ, мемлекеттік бағдарламаларда соншалықты анық айтылған бұл жоба барлық жерде бірдей тиісті түрде жүзеге асырылып отырмағанын байқаймыз. Географияны оқыту ісінде өлкетанудың онша өріс ала алмай отырғандығының негізгі себебінің бірі, біздің ойымызша, мұғалімнің өзінің осы жұмыс жөніндегі әдістеме жағынан дайындығының жеткіліксіздігі болып отыр. Сондықтан да осы мәселенің ұйымдастыру және әдістемелік жағына сәл толығырақ тоқталуға тура келеді.

Мектептік өлкетану деп біз нені айтамыз? Өлкетануға арналған әдебиеттерде өлкетану дегеннің өзі не екені туралы кезінде талас аз болған жоқ. Авторлардың кейбіреуі өлкетануды өз өлкесін зерттеуге арналған пән ретінде қарастырды. Кейбір авторлар оны, социалистік құрылысқа көмектесу мақсатымен, өз өлкесін барлық жағынан қамти және терең зерттеуге бағытталған кең өріс алған қоғамдық қозғалыс ретінде қарастырды, т.с.с.

Өлкетануды тек физикалық географияны оқыту ісінде қолдану жөнінде сөз болатын біздің жағдайымызда өлкетану мәселесі оңай шешіледі. Бізге өз өлкеміздің физикалық географиясын оқып үйренуіміз қажет, біріншіден, ол айнала төңірегімізді білу, түсіну үшін, екіншіден, өз өлкеміздің географиялық объектілерін оқып-үйрену арқылы басқа жерлердің де және бүкіл жер шарының да физикалық географиясын жақсы ұғыну үшін керек. Сөйтіп, біздің бұл жағдайымызда біз өлкетану деп, аталатындардың ішінен аз ғана бөлімін аламыз. Өз өлкеміздің географиясын оқығанда, басқа да географияларды оқығандай, оны практикалық

өмірмен тығыз байланыстыра оқып-үйренетіндігіміз өзінен-өзі түсінікті.

Педагогикалық әдебиетте көп талас туғызған екінші бір мәселе – «Өз өлкеміз» дегенді қалай түсіну керек деген мәселе. Авторлардың кейбіреулері өз өлкеміз деп оқушының өзі тікелей көре алатын және зерттей алатын белгілі бір жерді есептегісі келеді. Басқа біреулері өлке дегенді географиялық кең бір әкімшілік өлке немесе облыс деп түсінеді.

Біздің алып отырған жағдайда мұның да онша маңызы жоқ. Біз өлкетану материалдарынан өз жұмысымызға керегін, яғни физикалық географияны тереңірек оқып-үйренуге қажеттісін алып, соны пайдаланамыз. Біз үшін географиялық материалдардың ең маңыздырағы өзіміз тікелей көре алатын материалдар болады. Алайда біз өз өлкемізді тұтас бір әкімшілік немесе географиялық аудан деп қарағанда, олардың бере алатын географиялық қандай материалдары болса да пайдаланатын боламыз.

Жұмысты ұйымдастыру. Өлкетануды географияны оқыту ісінде пайдалану мәселесі, бірден қарағанда оңай сияқты болып көрінгенмен ондайлық оңай мәселе емес. Турасын айтқанда мұнда мұғалімге біреу емес, екі және екеуі де едәуір қиын мәселелерді шешуге тура келеді. Оның біріншісі өз жерінің географиялық жағдайларын зерттеу болса, екіншісі өлкетану материалдарын оқыту ісінде пайдалана білу болады.

Егер әрбір облыс жөнінде жазылған кітаптар немесе брошюралар болып, ол жердің табиғаты және халқының тұрмысы дұрыс және толық сипатталған болса, онда бірінші мәселе, яғни өз өлкесін оқып-үйрену мәселесі жеңілірек шешілген болар еді. Бірақ ондай кітаптар бізде әлі тым аз. Сондықтан өз өлкесін зерттеу және өз жерінің географиялық сипаттамасын жасау мәселесін мұғалімнің өзі шешуіне тура келеді. Осы бірінші мәселені шешіп алмай, екіншісіне кірісуге болмайды. Бұл өзінен-өзі түсінікті және оны дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Өйткені өз жерін жақсы біліп алмай, географиялық тақырыптарды жергілікті жағдайдан алынған нақтылы мысалмен иллюстрациялай алмайтын болады.

Өз жерін зерттеу жұмысын география оқыту ісіне өлкетану жөнінде жаңадан табылған материалдарды пайдаланумен қатар жүргізуге болатындығын да осы жерде айта кету керек. Осылай

жүргізілсе, алға қойылған екі мәселенің екеуі де, яғни өз өлкесін зерттеу мәселесі де, өлкетану материалының географияны оқыту ісінде пайдалану мәселесі де оңайырақ және жылдамырақ шешілетін болады.

Бастауыш мектептерде біздің бұл қойып отырған мәселелеріміз оңай шешіледі. Оның үстіне, бастауыш мектептерге арналған әдістемелік әдебиеттерде өлкетану материалын пайдалану туралы мәселе жақсы тексеріліп қарастырылған. Ал материалы әрі көп, әрі қиын, оқушылар алдына қойылатын талаптар да көбірек болатын орта мектепте іс қиындай түседі. Біздің жоғарыда айтып өткен мұғалімнің әдістемелік дайындығының жеткіліксіздігінің себебі де, сірә осы болуы мүмкін.

Мұғалімнің дайындалуы. Физикалық географияның әдістемелік курсына біз өз жерінің географиялық объектілерінің бәрін түгел зерттеу және оны оқыту ісінде пайдалану әдісі туралы айта алмаймыз. Бірақ азды-көпті түсінік беру мақсатымен бір мысалға болса да толығырақ тоқталуымызға тура келеді. Мысалы, үшін біз өз жеріміздің рельефінің формасын оқып-үйренуді аламыз.

Жер бетін сипаттау дегеніміз мына жағдайлардан көрінеді:

1. Жер бедері көрінісін тыңғылықты және айқын көрсете білу.
2. Жер бедері қандай жыныстардан құралғанын көрсету.
3. Жыныстардың қалай орналасқанын көрсету.
4. Бұл жыныстардың және ол рельефтің қалай және қандай жағдайда пайда болғандығын көрсету.
5. Осы күні рельефке қандай факторлар ықпал етіп тұрғандығын анықтау.
6. Болашақта рельефте қандай өзгерістер болуы мүмкіндігін болжау.

Рельефті осылайша зерттеу үшін оқушылар кітаппен және мұғалімнің әңгімесімен ғана қанағаттанып қоймай, бір ауданды немесе бір жерді сол табиғи орында зерттеуі қажет. Сол мектеп мұғалімнің өзі тұратын оқушылармен бірге экскурсия өткізуіне болатын жер сондай жер болып табылады.

Жерді табиғи орында зерттеу оңай жұмыс емес, бірақ ол өте қызықты мәселе. Оның өте қызықты жағы, оқушылар басшылармен қоса өздері зерттеуші болып шығады. Анығында, олардың алдына қойылған мәселенің бір жерді зерттеуге бара жатқан

географтың алдына қойылған мәселеден өзгешелігі аз. Мұндағы зерттеуші-географтан өзгешелік тек оқушылардың жұмысты өз мұғалімінің басшылығымен істеуінде ғана.

Мұғалімнің міндеті жоғарыда айтылғандай, ең алдымен, өз жерін зерттеу болып шығады. Зерттеушілердің қайсысы болса да өз бетімен зерттеуге кірісер алдында ең әуелі сол жер туралы бұған дейін мәлім болған жағдайларды жақсы біліп алады. Мұғалім де осылай етуі керек. Өлкетану мұражайлары бар қалаларда бұл жұмыс бірсыпыра жеңілдейді. Мұражайда мұғалім қажетті карталарды да, әдебиеттерді де, коллекцияларды да табады және оған көмектесетін сол жерді жақсы білетін адамдарды да жолықтыра алады. Оның үстіне бірсыпыра ірі қалалар туралы сол қаланың маңында өткізілген экскурсиялардың маршруты көрсетіліп, әдейі жазылған брошюралар және кітаптар да болады.

Өлкетану мұражайы да осы өлкенің табиғатына арналып жазылған кітабы да жоқ қалаларда іс жағдайы едәуір ауырлайды. Сондай бір жағдайға толығырақ тоқталамыз.

Өз өлкесін зерттеу жұмысына жаңа кірісіп отырған мұғалім, ең алдымен, сол өлке жөнінде азды-көпті хабары бар, өлкетану ісімен шұғылданып жүрген жергілікті адамдарды біліп алуы керек. Олардан мұғалім көп қызықты жағдайлардан дерек алып, өлкетану туралы материал жинау жұмысына кіріседі. Сонымен қатар мұғалім өлкетану туралы кітаптарды да қарастырады.

Ондай кітаптардың ең пайдалырағы туған өлке жайындағы кітаптар. Мұғалім көптеген өлке тануға арналған әдебиеттерді пайдаланып өз өлкесінің физикалық-географиялық сипаттамаларын қанағаттанарлық түрде құрастырып, геология, геоморфология, климат, су, топырақ, өсімдік жөніндегі карталарын сызып алуына болады. Мұғалімнің өз ауданының бұл өзі жазған физикалық географиясы оған талай рет үлкен пайда тигізетін болады. Географиялық осындай сипаттамалар жасау мұғалімнің өз ауданының географиясы туралы білімін жаңғыртатынын, кеңейтетінін және нығайтатындығын айтпасақ та болады.

Бірақ бұл тек алғашқы қадам ретінде саналады. Мұғалімнің зерттейтін жері сол ауданның геологиялық және геоморфологиялық картасында тек бір кішкене ғана нүкте. Бірақ бұған қымсынбау керек. Ол нүктені, өз ауданының геологиясы және

геоморфологиясы мен жалпы танысқандығы біліміне сүйене отырып, енді мұғалім өзі зерттеп шыға алады. Өз жерін табиғи орнында зерттеуге қалай кірісуге болады. Бұл жөнінде жалпы бір пікір, бір түрлі рецепт жоқ болуы да мүмкін емес. Өйткені біздің ұлан байтақ еліміздің жер бетінің сипаттары алуан-алуан түрлі болып келеді. Алайда зерттеудің кейбір жолдарын ұсынуға болады. Біздің ойымызша, мұғалім ең әуелі өзі қызықты-ау деген жерлерді аралап, мұқият қарап шығып, ол жердің құрылысын, рельефті қандай негізгі факторлардың ықпалымен түзілгенін түсінуге талап етіп көруі керек.

Мұғалім жер бетінің негізгі сипаттарын біліп алғаннан кейін өзіне тән ерекшеліктері айқын байқалып, көзге түсетін бір бөлігін таңдап алады да, оны ұқыптап зерттейді. Сонда мұғалім ол бөліктің рельефінің сипатын жете түсініп алуға, ол рельефтің пайда болу себептерін ұғынуға тиіс және оқушылармен өткізетін алғашқы экскурсиялардың маршруттарын сол жердің өзінде шамалап тағайындауға тиіс. Барлық бөліктер толық түсінікті болуын күтудің қажеті де жоқ. Ең бастысы, оқушылармен экскурсиялар немесе ең болмағанда бір үлкен экскурсияға қажет материал табу. Алғашқы экскурсия жағаларында жер құрылысын сипаттарлық жалаңаштанып қалған жерлері, террасалары, су жайылымы, салалары және тасқын судың әсерінен пайда болған сайы бар өзеннің немесе өзеншенің аңғары қолайлы болады.

Экскурсияның маршрутын және жоспарын мұқият жасап алған соң мұғалім оқушылармен бірге экскурсия өткізіп, қажетті материалдар (тау жыныстарының коллекцияларын, жалаңаштанып қалған жерлердің суретін, фототүсірілімдер, т.б.) жинайды. Экскурсиядан соң материалды талқылау нәтижесінде экскурсия жоспарына түзетулер, дәлелдеулер енгізуге, кейде, тіпті, оның маршрутын өзгертуге де тура келіп қалуы мүмкін. Одан қорқудың қажеті жоқ. Тәжірибе қашан да болса жаңа мәселелер туғызып, болған қателіктерді ашып отырады, жалпы алғанда, істі кемелдендіреді. Бұдан кейінгі экскурсиялардың маршруттары мен жоспарлары да осылайша жасалады. Мұнда тек маршруттарды көбейте берудің қажеті жоқ екендігін естен шығармау керек. Оншақты маршрут белгілегеннен, екі-үш маршрутты жақсылап белгілеген артық. Көздеген мақсатты жүзеге асыруға

қажетті және соған тән барлық жағдайлардың маршруттарда қамтылуына назар аудару керек. Экскурсияның жақсы жасалған маршруты, жақсы жасалған жоспары деп біз артық, бос жүріс тілемейтін, ерекше қиындықтарға ұшыратпайтын, жұмыс екі-үш сағат ішінде бітетіндей етіп жасалған, жақындап баруға болатын, жақсы түсінікті объектілері бар маршрут пен жоспарды айтамыз. Экскурсиялар туралы айтылғандардан (экскурсияға дайындық, оны өткізу және экскурсиядан кейінгі талқылау) мұғалім өз өлкесінің жер бетін, формасын жақсы зерттеп шығатыны, сонан соң ол білімін оқушыларға беретіні ашық көрінеді.

Өзінің туған жерін зерттеп білуге оқушыларды ынталандыра білу, олардың бақылағыштығын дамытатындығын, өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыратындығын айтпағанның өзінде, ол оқушылардың жалпы физикалық географияның негіздерін игеру ісінде аса құнды табыстарға жеткізеді. Табиғатқа экскурсия жасау жұмысын жылдың тек жылы мезгілдерінде ғана орындауға болады, ал өлкетану материалын жылдың барлық мезгілінде де пайдалануға тура келеді. Сондықтан геологиялық, геоморфологиялық материалдарды белгілі бір тәртіпке келтіріп, қалыптастыру керек. Бұл жерде ең маңызды мәселеге тоқталып өтелік: ең алдымен, дайындап және сұрыптап алатын нәрсе – ауданның карталары геологиялық тілінділер мен профильдер, сондай-ақ жалаңаштанып қалған жерлердің суреттерін салып алу, фотоға түсіру және жер беті формаларының суреттерін салып, олардың астына тиісті сөздерді жазу және түсініктер беру. Экскурсиялардың маршруттары мен объектілері көрсетілген карталардың болуы да пайдалы.

Ақырында, ол жердің рельефін құрастырып, оған ерекше тән болатын барлық жыныстардың және сол жерде өндірілетін немесе өндірілуі мүмкін барлық пайдалы қазбалардың, коллекциялардың болуы қажет. Үлгі ретінде алынған әрбір «паспорты», яғни сол жыныстың аты, уақыты және орны көрсетіліп жазылуға тиіс.

Егер барлық экспонаттарды орналастыруға болатын қалқан болмаса, онда барлық жиналған материалды сақтау шарасын көздеу қажет. Әртүрлі чертеждар мен суреттерді папкаға салып, ал көлемді экспонаттарды тиісті жәшіктерге, қораптарға, ең жақсысы әйнекті витриналарға сақтаған жөн.

География пәніндегі өлкетану жұмысының мақсаты.

Өлкетану пәні өзін туған, өніп-өскен жерінді танып-білуге, зерттеуге үйретеді. Зерттеу нәтижесінде жинақталған өлкетанымдық материалдар арқылы әр адамда өзіндік географиялық көзқарас қалыптасады. Сабақ барысында туған өлкеде табиғат құбылыстарын бақылау, тәжірибелік жұмыстар, туристік экскурсиялар, зерттеулер жүргізіледі. Өлкетанымдық ұстаным география пәнін мынадай заңдылық бойынша; белгілі нәрсе арқылы, яғни білмейтінін анықтау, жақын дүниені білу арқылы алысқа тануды оқытуға дағдыландырады.

1. Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелейді.

2. Туған өлкенің тарихын, жер бедерін, табиғатын зерттеп танысу арқылы географиялық білімін тереңдетеді.

3. Жекелеген оқушының пәнге сүйіспеншілігін арттырып, олардың келешек мамандық таңдауларына көмектеседі.

Географиялық өлкетанудың мән-мазмұны.

География пәні мұғалімі өз еркімен мектептің өлкетану негізінде туған өлкесінің географиялық құбылыстарына зерттеу жұмысын жүргізеді, оны микрогеография-физикалық, экономикалық немесе географиялық өлкетану десе де болады. Географиялық өлкетануды төмендегі мазмұнда қарастыру керек:

1. Туған жердің жер қыртысын зерттеу, өсімдігін, жан-жануарларын, микроклиматы айырмашылықтарын зерттеп салыстыру.

2. Адамзаттың әсерінен табиғи ортаның қалай өзгеруін зерттеу.

3. Жер бетінің эрозияға ұшырауы, су аңғарларының өзгеруі, суалу, көшкін сияқты құбылыстарды бақылау.

4. Жергілікті (ауыл, қала) тұрғындардың географиялық құбылысын анықтау.

5. Тұрғындардың немен, қандай шаруашылықта жұмыс істейтіндігі жайлы, табиғаттың бұл жұмыстарға әсері жайлы зерттеулер жүргізу.

6. Жеке кәсіпорын, мекемені зерттеу.

7. Туған жердің, ауданның физикалық-экономикалық карталарын жасау.

Туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімді тәрбиелеу мектептегі өлкетану жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Мектептегі

өлкетану оқыту мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал. Өлкетану жұмыстары мектепте нақты пәндік бағытты қамтиды және ғылым негіздерін практикамен, қоршаған ортамен байланыстырады.

Мектептегі өлкетанудың қоғамдық өлкетанудан айырмашылығы, өлкетану мектептің оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық басшылықпен жүргізіледі. Өлкетанудың ғылыми-танымдық және тәрбиелік маңыздылығына тоқтала келіп, Н.К. Крупская: «Мектеп балаға баспа кітаптарды оқытумен ғана шектелмей, сонымен қатар өмір кітабын да үйретуі керек», – деп атап көрсеткен.

Өлкетану жұмысын өткізу барысында неге көңіл аудару керек:

1. Тақырыптарды өту барысында бірыңғай теориямен шектелмей, сарамандық жұмыстармен ұштастыру.

2. Ең жаңа деректер мен ғылыми терминдерге, анықтамаларға негізделген кестелер, карталар сызғызып, оқушылардың шығармашылығына жол ашу, пікірталас туғызу, «Қазақстан-2030» ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын басшылыққа алып, болашақтың тізгіні өздерінде екенін жете түсіндіріп, жауапкершілікке үйрету.

3. Қаладағы ірі өнеркәсіп, мекеме орындарының тіршілігінен хабардар етіп, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу жолдарын іздеуге міндеттеу.

4. Туған өлкені жан-жақты білу үшін көзбен көріп, санаға сіңіру мақсатында тарихи орындарға, мұражайларға, мәдениет ошақтарына, табиғат аясына саяхатқа бару.

5. Тақырыптардың ауқымы толық мәнді, мазмұнды болу үшін жергілікті жер туралы ақпарат материалдарын, теледидар хабарларын, мұрағат көздерін пайдалану.

Өз елінің жер-суын, табиғатын, байлығын, қыры-сырын, экономикасындағы өзгерістер мен қатынастарын біліп, даму болашағын оқып-үйрену арқылы санасына сіңіріп, сол білімді ұрпағына мұра етіп қалдыру – әр елдің төл перзентінің азаматтық борышы.

Өлкетану жұмысынан оқушылар қандай білім алып шығады?

1. Туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімі, бауырмалдық, адамгершілік қасиеттерінің оянуы.

2. Қоршаған ортаны қорғай, сақтай білуі.
3. Табиғатты аялауға, қастерлеуге үйренуі.
4. Қоғамдық қатынастардан хабардар болуы.
5. Рухани дүниесінің байлығы.
6. Көзбен көру, есте сақтау қабілеттерінің дамуы.
7. Жергілікті жердің ішкі-сыртқы экономикалық жағдайын түсінуі.

Мектептегі өлкетану сабағы оқушылардың ой-өрісін, танымдық қызығуын дамытуға, шығармашылық іс-әрекетке баулиды. Сарамандық іскерлікті және ақыл-ойды қалыптастыруға көп ықпал етеді, себебі өлкені танудың объектілері – туған жер табиғаты, оның халқы, шаруашылығы, өткен тарихы мен бүгіні, өнері мен мәдениеті. Өлкетану арқылы оқушыларды айналадағы ортаны қорғауға баулып, олардың экологиялық білімін жетілдіріп, келер ұрпаққа қолда барды рәсуаламай жеткізуге міндеттеу керек.

10. МЕКТЕПТЕГІ ГЕОГРАФИЯ КАБИНЕТИ

10.1. География кабинетінің жабдықталуы

Қазіргі таңда көптеген жалпы білім беретін мектептерде география кабинеті ұйымдастырылған.

Кабинет мұғалімнің жүйелі түрде сабақ өтуіне, оқушыларға тиянақты білім беруіне, қажетті көрнекті құралдарды жинақтауға көмегін тигізеді. Пән кабинеті – мұғалімнің оқушыларға сол пәнді терең игеруіне мүмкіндік туғызатын зертханасы. Жақсы жабдықталған кабинеттер оқушыларға сапалы білім беруде, оларды дамыту мен тәрбиелеу жұмысының нәтижелілігіне өз үлесін қосады. Бұл жерде оқушылардың танымдық белсенділігі артып, пәнге деген қызығушылығы пайда болады. География кабинетінің жабдықтары оқушыларға білім беру, тәрбиелеу, дамыту жұмысын неғұрлым тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтындай болуы тиіс. Кабинетті жобалау жұмысын да дұрыс ұйымдастыру өте маңызды.

Кабинеттің артықшылығы онда сабақ өтуге және түрлі құралдарды сақтауға қолайлы. Сондықтан география кабинетінде сабақты түрлендіріп өтудің және түрлі карталар мен картографиялық шығармалар мен техникалық құралдарды қолданудың мүмкіндігі жоғары. Сонымен бірге география бөлмесінде мынадай сыныптан тыс жұмыстарды да өткізуге болады: үйірме жұмысын өткізуге, географиялық кинофильмдер көрсетуге, қолдан түрлі көрнекіліктер жасауға, әртүрлі кештер өткізуге, т.б. Кабинетте танымжорықтар мен топсеруендер нәтижесінде жинақталған материалдарды да сақтауға қолайлы.

География кабинеті сабақта қолданылатын оқыту – көрнекілік құралдарымен ерекшеленеді. Оқыту-көрнекілік құралдарына: картографиялық шығармалар, қабырға карталары, атлас, глобус,

рельеф карталары, қабырғалық суреттер, фотосуреттер, диапозитивтер мен диафильм, кинофрагмент, макет пен муляждар, приборлар, табиғи құралдар (кеппешөптер, коллекция, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы өнімінің үлгілері, топырақ үлгілері) сызбалар, сызбалар, кесте, кескін карта және әртүрлі үлестірімелі материалдар, сарамандық жұмыстарда жерді түсіруге арналған құрал-жабдықтар (тұсбағар, визирлі сызғыш, мензула, т.б.)

Жалпы білім беретін мектептерде география кабинетіне қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктердің саны 400-ге дейін болса, ал қолдан жасалынған көрнекіліктер саны 200-300 болуы керек.

Осындай мөлшердегі картографиялық шығармаларды сақтау үшін кабинетте шкаф, стеллаждар және карталарға арналған қондырмалар болуы тиіс. Қабырғалық карталар мен суреттерді ілу үшін арнайы орындар даярлануы керек.

Мұғалімнің үстелі әртүрлі жұмыстар орындауға ыңғайланып орналастырылады. Үстелге су келетін және ток көзіне қосылатын болуы керек. Кабинет тақтасы оқушы арнайы жаттығу орындайтындай және кино көрсетілетіндей етіп жабдықталады. Егер кабинетте видеомагнитофон, магнитофон, теледидар, кинопроектор, диапроектор болса тіпті жақсы.

География кабинетінде география пәнінің үйірмесі жұмыс жасайды және оның материалдары сақталынады. Үйірмеде оқушылардың географиялық білімдері тереңдейді және үйірме мүшелері кезекші карта, ауа райы құбылысы, географиялық жаңалықтар тақтасы, қабырғалық газеттер мен жұмыс істеп, оларды кабинетке жақын маңда коридорға іліп қояды. Кабинетте, сонымен қатар өлкетану материалдарының негізінде бұрыш ұйымдастыруға да болады. Өлкетану бұрышында сол жергілікті жердің материалдары мен экспонаттары: пайдалы қазбалар коллекциясы, топырағы, өсімдіктер кеппешөбі, климаты жайындағы кестелер, суреттер мен фотосуреттер, ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдерінің үлгілері, жергілікті өнеркәсіп орындарының өндірістік үдерістерінің барысы, аудан картасы, жергілікті жердің планы, т.б.

Географиялық кабинеттегі барлық картографиялық шығармалар мен құрал-жабдықтар арнайы бөлімдерге бөлініп,

журналдарға тіркеледі. Кабинет мектептің мүмкіндігіне қарай екі бөлмеден тұруы қажет: оның үлкені күнделікті сабақ өтуге, ал екінші шағын бөлмесі көрнекі құралдарды сақтайтын және мұғалімнің сабаққа дайындық жұмыстарын жүргізуіне арналады. Мысалы, бір ғана география кабинетінің жабдыкталу үлгісін қарастырайық.

1. Кабинетте оқушыларға қарама-қарсы бағытта атақты географ-саяхатшылардың портреттері ілінеді. Қазіргі таңда портреттерді табу қиындық туғызған жағдайда қолдан салдыруға да болады. Мүмкіндігі болған жағдайда ерте кезден бастап, ұлы географиялық ашуларға дейінгі кезеңдерді қамтыған дұрыс. Мысалы, Птолемей, Эратосфен, Аристотель, Х. Колумб, А. Веспуччи, Ф. Магеллан, Васко да Гама, П.П. Семенов Тянь-Шанский, Н. Пржевальский, Ш.Ш. Уәлиханов пен Қ.И. Сәтпаевтың портреттерін ілген өте орынды.

2. Кабинеттің қалған қабырғаларын география курсының сатысы мен пәндер мазмұнына орай жабдықтауға болады. Мысалы, жердің төрт қабығы – атмосфера, гидросфера, литосфера және биосфераны бейнелейтін стендтер немесе Қазақстанның физикалық-географиялық сипатын бейнелейтін қабырғалық суреттер.

3. «Қазақстан – Республикам менің» тақырыбында еліміздің физикалық-географиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бейнелейтін карталар, суреттер мен сызба тіректері және табиғаты жайындағы фотосуреттерден жасалынған стендтер.

4. Географияның тілі карта болғандықтан кабинетке міндетті түрде әртүрлі тақырыптағы карталар ілінеді. Мысалы, Қазақстанның физикалық және саяси картасы, Дүниежүзінің физикалық және саяси картасы, жарты шарлар картасы, т.б.

5. Туған жердің табиғаты. Яғни жергілікті жердің планы, аудан немесе облыс картасы, ландшафт элементтері бейнеленген фотосуреттерден жасалынған стендтер.

География кабинеттерінде төмендегідей құрал-жабдықтар мен оқу құралдары да орын алады.

1. Кабинеттің маңызды бөлігі – кітапхана. Онда мынадай үлгідегі кітаптар мен газет-журналдар болуы тиіс:

- а) география пәніне қажетті көркем әдебиеттер;
- б) анықтамалық әдебиеттер;
- в) оқу-әдістемелік әдебиеттер;
- г) газеттер мен журналдардың тігіндісі.

География саласында әдебиеттер көбінесе орыс тілдерінде және аз болғандықтан «География жаңалықтары», «Атамекен тынысы», «Халықтар достығы», «Табиғат аясы», т.б. тақырыптарға арнайы папкалар арнаған жөн. Мұндай кітапханалар мұғалімнің сабаққа дайындалуын жеңілдетеді және оқушылардың теориялық білімдерін терендетеді.

2. Макеттер мен муляждар. Муляждарды жергілікті жердің аң-құстарынан жасап, қабырғаға ілуге және өлкетану бұрышына қоюға болады. Ал макеттерді ғаныштан немесе саз балшықтан жасау тиімді. Ғаныштан таулардың, жазықтардың, өзендер ағысының бейнесін жасайды. Бұл жұмыстар оқушылардың шеберлігі мен дағдысын арттыруға көмегін тигізеді.

3. Жергілікті жердің ландшафт элементтері. Өсімдік кеппешөптері, пайдалы қазбалардың коллекциялары, топырақтың үлгілері, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы өнімдерінің үлгілері.

4. Оқытудың техникалық құралдары. Яғни, диафильмдер, диапозитивтер, бейнетаспалар, теледидар, магнитофон, т.б.

5. Географиялық кабинеттің бұрышына өлкетану мүйісін ашуға да болады. Онда жергілікті жердің материалдары орналас-тырылады.

6. Қолдан жасалынған көрнекіліктер. Түрлі карталар мен кесте, сызбанұсқалар, картографиялық шығармалар.

7. Графикалық көрнекіліктер. Картограмма, картасызба, картодиаграмма, блок және шеңберлі диаграмма, кесте, сызбалар мен сызба тіректері, т.б.

8. Кабинетте, сонымен бірге глобус, жерді түсіруге, ауа райын бақылауға арналған құрал-жабдықтар болуы тиіс. Мысалы, теодолит, нивелир, мензула, әртүрлі метрлер, термометр, барометр, т.б. Жоғарыдағы көрнекіліктер мен құрал-жабдықтарды орналас-тыруға арналған шкафтар, сөрелер және ілгіш тақталар болады. Кабинеттің жиһаздық құрамы мектептің экономикалық ахуалына және мұғалімнің шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Көптеген кабинетте қолдан жасалынған сөрелер бар. Кабинетті әсемдеу,

безендіру оқушыларға эстетикалық тәрбие беріп қана қоймайды, сабақтардың өтуіне де әсер етеді.

10.2. Географиялық алаң

Мектепте географиялық алаң орнатудың маңызы зор. Себебі географиялық алаңда мұғалім оқушылармен сарамандық жұмыстарды өткізеді. Оқушылар ауа райын бақылай білуге үйренеді. Әсіресе 6-сыныптағы ауа райын болжау тарауына берілген тақырыптардағы сарамандық жұмыстарды осы географиялық алаңда өткізу оқушылардың география пәніне және табиғат құбылысына қызығуын, өзіндік ойлау қабілетін арттырған болар еді.

Алаңға металлургиялық үйшік тұрғызу керек. Оны ағаштан құрастырып, ішіне барометр, гигрометр және термометр орналастырады. Термометрдің төменгі ұшы жер бетінен 2 м биіктікте болу керек. Метеоүйшіктің есігі міндетті түрде солтүстік жаққа ашылуы тиіс, себебі температураны есептеп жатқан кезде күн сәулесі үйшіктің ішіне тікелей түсетін болса, термометр әсем шыны түтіктің күн сәулесі қыздырған температурасын көрсетеді.

Жауын-шашын мөлшерін өлшегіш географиялық алаңға жер бетіне жаңбыр, қар, бұршақ түрінде түскен жауын-шашын мөлшерін өлшеу үшін орнатылады. Қыста шелектің ішіне түскен қарды жел үрлеп кетпеуі үшін жан-жағына қоршау орнатылды. Жаңбыр жауған соң шелектегі судың мөлшерін өлшейді. Соған қарап, егер жаңбыр суы топыраққа сіңіп немесе буланып кетпесе, жауын-шашын мөлшері қанша болатынын анықтайды. Қар және бұршақ жауғаннан кейін шелекті бөлмеге кіргізіп қояды, еріген соң судың мөлшерін өлшейді. Жауын-шашын мөлшерін өлшегіш құралдың жоғарғы бөлігі жер бетінен 2 метр биіктікте болу керек.

Флюгер желдің бағытын өлшейді. Флюгердің бағдаршасы кіндікте еркін айналып, үшкір ұшы желге қарама-қарсы тұруы керек. Егер жел солтүстік-батыс тұстан тұрса, солтүстік-батыс желі, егер оңтүстік-шығыс тұстан тұрса, оңтүстік-шығыс желі деп аталады. Флюгер орнатылған 10 метрлік бағананы төменнен жоғары қарай 1 метрін ақ, 1 метрін қара бояумен кезек бояп, өлшеуіш бағана жасайды. Бағанаға қарап оқушылар сол маңайда тұрған үйлердің, ағаштардың, тағы басқа заттардың биіктіктерін салыс-

тырып өлшей алады. Бұл оқушылардың көзбен мөлшерлеуін арттырады.

Полярлық жұлдызды табу оңай болу үшін географиялық алаңға полярлық жұлдызды көрсеткішті орнату керек. Географиялық координатты көрсету үшін алаңға төрт бағана орнатып (биіктігі 1,5-2 м), бағаналардың ортасын сыммен қосып, меридиан және параллель жасау қажет. Тиісті бағанаға төрт бұрышты темірді бекітіп, соған мектептің географиялық бойлығы мен ендігін жазып қояды. Күннің көкжиектен биіктігін анықтау мақсатында гномон немесе күн сағатын алаңға орнатуға болады.

Оқушыларға кез келген жердің ауданы мен көлемін өлшеуді үйрету үшін алаңға ағаштан шаршы және куб пішіндес пішіндер және мұғалім жер бедерінің көптеген жасанды пішіндерін жасауына болады. Мысалы, төбе, шығанақ, түбек, тау, су қоймасы, сарқырама, т.б. Алаңда оқушылар отырып тапсырма орындайтын үстел және орындықтар болғаны дұрыс.

Алаңдағы барлық заттар, негізінен, ақ түсті бояумен боялады. Алаңның өлшемі шамамен 10x10м болады, мүмкіндігі болғанша жан-жағында ешқандай кедергісі жоқ тегіс, жазық жерге орналас-тыру керек. Дүниежүзілік стандарт бойынша метеорологиялық алаңның өлшемі 26x26 м болады.

Оңтүстік Қазақстан облыстық үздіксіз білім беру институтының директоры Бектенғалиева Сәния Хайруллақызының бастамасымен институт базасында биылғы оқу жылында географиялық алаң орнатылды. Бұл алаңда білім жетілдіру курсына келген мұғалімдерге оқушылармен сарамандық жұмысты өткізу жолдары және ауа райын бақылау түрлері көрсетіледі. Географиялық алаңдар оқушылардың теориялық білімін сарамандық жұмыспен бекітуге, ұштастыруға мол мүмкіндік береді.

10.3. География пәнінің мұғалімі

Жаңа ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған тәуелсіз Қазақстан Республикасының әрбір білім беру саласы мен буындарына тың көзқарас, тың жаңа үлгідегі ізденіс қажет. Өскелең, болашағы зор жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат-мүдделеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып, оқытып, логикалық ой тұжырымдатып, таңғажайып ғылым саласына тартуда орта мектеп пән

мұғалімдерінің атқаратын рөлі зор. Мұғалім – қиын да қызықты маман иесі. Мамандық дегеніміз – белгілі бір еңбектің түрі. Ол жеке мамандық иесінің жеткілікті дәрежеде білім, дағды, бейімділікті қажет етеді. Білім, іскерлік, дағды мамандық иесінің шығармашылық еңбегі ретінде тәжірибеде көрініс табады.

Даярланған мамандардың білімділік, шеберлік, бейімділік сапаларын топтастырып кешенді түрде біріктіретін жүйе бойынша мұғалімге қойылатын талаптар мен оның жеке басының педагогикалық, психо-физиологиялық ерекшеліктерінің өлшемі жоғары. Мұғалім мамандығы – ең алдымен, жоғары дәрежедегі тұрақты моральдық психо-педагогикалық даярлықты қажет ететін ерекше еңбектің бірі. Нағыз мамандық иесі деп, оқушылардың ойы мен жүрегіне жол тапқан, педагогикалық шеберліктің қырсырын меңгерген ұстазды айтады. Осындай педагогикалық шеберлік мұғалімнің жеке басының ерекшеліктерінен көрінеді:

- білім дәрежесі;
- озық әдістемені меңгеруі;
- мақсат бағыттылығы;
- әр пәннің тілімен сөйлеу мәдениеттілігі, т.б.

А.С. Макаренко: «Шеберлік дегеніміз – қол жеткізуге болатын нәрсе. Атақты шебер токарь, тамаша шебер дәрігер болатыны сияқты, педагог та тамаша шебер бола алады және болуға тиіс те...», – деп жазады. Жас педагогтың шеберлікті қаншалықты меңгеруі оның өзінің табандылығына байланысты. Мұнда жеке бастың психо-педагогикалық ерекшеліктері мен мамандық шеберліктері негізге алынады. Әр пән мұғалімдерінің сабақ өту барысында өзіндік шеберліктері мен ерекшеліктері қалыптасады.

Соның ішінде жаратылыстану саласында география пәнінің орны ерекше. Ол оқушыларға дүниетанымдық сабақ берумен қатар, олардың алған білімін есіне сақтау, ойлау қабілетін, тіл байлықтарын, ой-өрісін кеңейтіп, зеректік, іскерлік және табиғат құбылыстарын жете бақылағыштық, қоршаған ортаға үлкен жауапкершілікпен қарайтын сезімдерін жетілдіреді.

Осындай жауапкершілігі бар пәннің мұғалімі төмендегідей талап-тілектерді өз бойына сіңіріп, икемделуі және игеруі қажет, яғни олар:

- географияның негізгі белгілері мен ерекшеліктерін;
- мектептегі географияның рөлі мен мақсатын;
- географиялық білімнің құрылымын;
- географиялық білім компоненттерін (білімі, теориялығы, эмпирикалық дүниетанымы, ойы, идеясы, шығармашылығы, қызметі);
- физикалық география курсының жүйелілігін; (картографиясын, геология-геоморфологиясын, климатологиясын, гидрологиясын, ландшафттылығын, т.б.)
- экономикалық географияның жүйелілігін (табиғат ресурсын, еңбек ресурсын, халық шаруашылығы бөлімдерін, аудандарын, елдерін және олардың даму тенденцияларын);
- дүниетанымы мен халықаралық жағдайды оқу материалдарымен байланыстыра білу;
- Президенттің жолдамалары мен нұсқау бағдарламаларын басшылыққа алу;
- мемлекеттік құжаттар мен өзгерістерді география курсында таныстыра білу;
- мектеп географиясын оқытуда оқушыларға экологиялық сұрақтарға жауап бере білу жолдарын іздету;
- өлкетану және техникалық, өндірістік салалармен географиялық білімді байланыстыру;
- пәнішілік және пәнаралық байланысты қалыптастыру, дер кезінде пайдалана білу;
- географиялық білімнің өміршеңдігі мен даму тенденциясын бетке ұстап отыру;
- типтік ерекшелігін сақтау;
- оқушылардың өз беттерінше ойлап, шешім қабылдай білу дағдысын қалыптастыру;
- географияны оқытудағы кездесетін қиындық пен проблемалық жолдардан шыға білу;
- физикалық география мен экономикалық географияның бір-бірімен бірлестік және тұтастығын, байланыстылығын қалыптастыру жолдарын білу;
- олардың өзіндік заңдары мен заңдылықтарын ашып отыру;
- әдіс-тәсілдерді жетілдіру жолдарында іздену.
- идея мен дүниетанымын қалыптастыру;

- тексеру, бақылау жұмысы арқылы оқушылардың дүниетанымын, айналадағы ортаға көзқарасын, ептілік білімін байқау;
- нәтижесінде жіберген кемшіліктер мен олқылықтардың жолын іздеу;
- географияны оқытудағы дидактикалық материалдың ерекшеліктері мен функцияларын білу;
- өмір талабына сай география кабинетін жабдықтай білу;
- географиялық кабинеттің заттарын тізімге алу және оған перспективалық жоспар құрастыра білу;
- география кабинетінде оқу-тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылармен саяхатқа шығу және оның түрлерін ұйымдастыру: (табиғатқа, өндіріске, өлкетану мақсатында тарихи орындарға, географиялық объектілерге, т.б.).
- Осындай шеберлік пен іскерлік білімділікпен география пәні мұғалімі мынаны істей алуы керек:
 - тәжірибеде өз білімін шебер көрсете білу;
 - Оқу министрлігі бекіткен бағдарламаны негізгі құжат ретінде қабылдап, оны сабақта пайдалана білу;
 - жаңа технологиялық әдісті өтетін сабақтың түріне қарай таңдай білу;
 - географияны оқыту кезінде көрнекіліктер түрі, ситуациялық-проблемалық, ғылыми-ізденіс, жаттығулар мен әртүрлі топографиялық, картографиялық есептермен ұштастыра білу;
 - өз бетінше мемлекеттік, халықаралық жаңалықтар мен өзгерістерді оқып отыру, қажет жерлерін іріктеп, физикалық, экономикалық-әлеуметтік географияда пайдалана білу;
 - оқушының алған географиялық білімін, фактіні, құбылысты, өзгерісті, жаңалықты пайдалана отырып, ішкі және сыртқы экономикалық өмірге талдау жасай білуге бағыттау;
 - географияда өлкетану негізін қамтып отыру;
 - географиялық білімді жаратылыстану ғылымдарының экологиялық, этно-педагогикалық, рухани-адамгершілік, патриоттық, эстетикалық тәрбие негізінде байланыстыра білу, дамыту;
 - география кабинетінде карталар мен кеспе қағаздар, тіркеме, мемлекеттік мүлікті тіркеуден өткізу (инвентаризация);

- кабинет жұмысының жылдық жоспарын жасай білу және талапқа сай қажетті түрде безендіру;
- негізгі құрал ретінде карта мен глобусты пайдалана білу және оқушыларға дұрыс пайдалану жолдарын үйрету;
- оқушыларға мәтінмен және қосымша тапсырмамен жұмыс істей білуді қамтамасыз ету және сабақтың бөлімі мен тарауына қарай пайдалана білу;
- географиялық алаң жасай білу және ондағы метеорологиялық құралдар мен құрылғыларды орналастыру, жұмыс істеу өрісін меңгеру;
- ТСО материалдары мен компьютер, теледидар бейне материалдарын пайдалана білу;
- статистикалық материал график, диаграмма, мониторингті дұрыс құру және оқушыларға білімін пайдалана отырып, жасата білу;
- қолдан көрнекілік және дидактикалық материал жасау және эстетикалық талапты сақтай білу;
- тақырыптық және күнтізбелік жоспар құра білу;
- сабақтың мақсаты мен міндетін ашып, ұйымдастыра білу;
- жаңа тиімді әдісті тақырыпқа ыңғайлап тандай білу және қолдану;
- сабақты түрлендіріп отыру, жаңа жетілдірілген технологияны меңгеру;
- тексеру барысында оқушылардан тек бөлім, тарау, тақырыпты ғана қамтымай бүкіл географиялық білімін, өзінің қорытынды пайымдауын көрсете алатындай сұрақ, тапсырма, өзіндік жұмыс, логикалық байланыс таба алатындай шығармашылық тұрғыдан келетін тапсырма бере білу;
- тексерудің тестік түрлерін пайдалана білу;
- жоғары сыныптарға бірнеше тақырыпты модульдеу, семинар, дәріс, конференция, т.б. түрлерін өте білу;
- оқушының өз пайымдауы мен қорытынды жасай білу қасиетін дұрыс бағалай білу;
- мұғалім үнемі ізденіс үстінде болып, өз бетінше білімін көтеріп отыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии. – 1960.
2. Баранский Н.Н. Исторический обзор учебников географии (1876-1934). – М.: Географгиз, 1954.
3. Вавилова Е.В. Экономическая география и регионалистика. – М.: Гардарики, 1999.
4. Герасимова Т.П. Основы методика обучения начальному курсу физической географии. М.: Педагогика, 1978.
5. Голов В.П., Прозоров Л.Д. Картины и таблицы в преподавании географии. – М.: Просвещение, 1983.
6. Даринский А.В. Очерки развития школьной географии в дореволюционной России. – Л., 1955.
7. Душина И.В., Понурова Г.А. Методика преподавания географии. М.: Московский лицей, 1996.
8. Даринский А. В. Методика преподавания географии. – М.: Просвещение, 1975.
9. Даринский А. В. Профорориентационные возможности школьного курса экономической географии. – М.: Просвещение, 1980.
10. Исаченко А. Г. География в современном мире. – М.: Просвещение, 1998.
11. Еремينا В. А. Физическая география материков и океанов. Океаны. – М.: Московский лицей, 1997.
12. Максаковский В. П. Научные основы школьной географии. – М.: Просвещение, 1982.
13. Максаковский В. П. Географическая культура. – М.: Просвещение, 2000.
14. Максимов Н. А. Методическое пособие по физической географии. – М., 1986.
15. Методика обучение географии в общеобразовательной школе / под. ред. Л.М. Панчешниковой. – М.: Просвещение, 1996.
16. Методика обучения географии в средней школе: учебное пособие для студентов педагогических институтов. – М.: Просвещение, 1983.
17. Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан – 2030 // Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-ауқатының артуы атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы, 1997.
18. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заң // Егемен Қазақстан. – 1999. – 11 маусым. – 2-бет.

19. *Беляева Т.П.* Методика использования оборудования кабинета географии при изучении темы «Литосфера» // География в школе. – 1972. – №3.
20. *Золотавина С.В.* «Уроки по теме». Формы поверхности суши. Сб: «Уроки географии в школе». – М.: Просвещение, 1967.
22. Изучение географии по новой программе: Сб. / под ред. *А.Е. Бибик и др.* «Общая характеристика содержания новой программы по географии». – М.: Просвещение, 1970.
23. *Войлошникова Н. А.* Самостоятельные работы учащихся по физической географии». – М.: Просвещение, 1984.
24. *Давыдова М. И.* Самостоятельные работы учащихся по физической географии. – М.: Просвещение, 1982.
25. *Войлошникова Н. А.* Самостоятельные работы учащихся по экономической географии зарубежных стран. – М.: Просвещение, 1981.
26. *Қабылханова Н.* Өздік жұмыстың бір түрі // Биология, география және химия. – 1999. – №6.
27. *С. Медетбеков.* Жерім, елім – байлығым // Биология, география және химия. – 2002. – №3.
28. *Колокольников А. Н.* Самодельные наглядные пособия по географии. – М.: Учпедгиз, 1961.
29. *Малыгин Д. П.* Практические работы с картой и наглядными пособиями. – М.: Просвещение, 1998.
30. Самостоятельная работа учащихся по географии // сборник под ред. *А.В. Даринского.* – Л., 1995.
31. Технические средства обучения в средней школе. Гл. 4. Разд. «География». – М.: Педагогика, 1972.
32. *Щенев В. А.* Самостоятельная работа учащихся с иллюстрациями учебника // География в школе. – 1968.
33. *Буданов В. П.* Карта в преподавании географии. – М.: Учпедгиз, 1940.
34. *Малыгин Д. П.* Практические работы с картой и наглядными пособиями. – М.: Просвещение, 1965.
35. *Дорн В., Ян В.* Формирование представлений и понятий при обучении географии. – М.: Педагогика, 1970.
36. *Кабанова-Меллер Е. Н.* Психология формирования знаний и навыков у школьников. – М.: Просвещение, 1962.
37. *Бурдейный В.А.* Географический кабинет. – М.: Просвещение, 1965.
38. *Панчешникова Л.М.* Домашние работы по географии. Сб. Методы обучения географии. – М.: Просвещение, 1968.

39. *Семакин Н. К.* Географический кабинет и учебная площадка в школе. – М.: Просвещение, 1973.
40. «Биология, география және химия» журналдары.
41. «География және табиғат» журналдары.
42. «Қазақстан мектебі» журналдары.
43. «Қазақстан мұғалімі» газеті.
44. «География в школе» газеті.
45. *Асубаев Б.Қ.* Физикалық география, тест сұрақтары. – Алматы, 2000.
46. *Чернихова Е.Я.* Учебные экскурсии по географии. – М.: Просвещение, 1980.
47. *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері / Традиций и обряды казахского народа/ 2004. – 12-16 бб.
48. *Қарашалова Д.* Тәрбие берудің ұлттық және құқықтық негіздері // Биология және салауаттылық негізі. – 2006. – №1. – 64-65 бб.
49. *Бейсенова Ә., Самақова А., Есполов Т., Шілдебаев Ж.* Экология және табиғатты тиімді пайдалану. – Алматы, 2004.
50. *Гофман К. Г.* Экономическая оценка естественных ресурсов. – М.: Наука, 1977.
51. *Асанов Ә.Қ., Елешев Р.Е., Алимаев И.И.* Жайылым және экология. – Алматы, 2001.
52. *Фаизов К. Ш., Белгібаев М. Е.* Почвенные ресурсы Казахстана, их использование охрана. Гидрометеорология и экология, 1995.
53. *Есназарова Ұ. Ә.* Қазақстанның физикалық географиясын оқыту әдістемесі. – Алматы, 2002. – 132 б.
54. Методика обучения географии в общеобразовательных учреждениях: учебное пособие для студентов вузов / *И.В. Душина, В.Б. Пятунин, А.А. Летягин и др.*; под ред. *И.В. Душиной.* – М.: Дрофа, 2007. – 510 с.
55. Практикум по әдісіке обучения географии. Учебное пособие для студентов педагогических вузов / *И. В. Душина, Е. А. Таможная, В. Б. Пятунин, И. Б. Шилина, О. А. Бахчиева;* под ред. *Е. А. Таможней.* – М.: Экзамен, 2008. – 222 с.
56. *Пятунин В. Б.* Проверка и оценка результатов обучения географии: методическое пособие. – М.: Астрель, 2003. – 189 с.
57. Проверка результатов обучения дисциплине «Теория и әдісіке обучения географии» / *И. В. Душина, Е. А. Беловолова, А. А. Летягин, В. Б. Пятунин, Е. А. Таможная;* под ред. *Е. А. Таможней.* – М-М.: МПГУ, 2009. – 77 с.
58. *Ақашева Ә.С.* Қазақстанның экономикалық аудандары. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.

59. Фурсина Г.А., Тлеуберген М.А., Дүйсебаева К.Д., Ақашева Ә.С. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.

60. Жылқыбаева М.І., Ақашева Ә.С., Жорабекова Ж.Т. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы». – Алматы: Арқас, 2004.

61. Қожахмет М. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы. – Қарағанды, 2007

62. Ердаuletov С.Р. Экономическая и социальная география Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 287 с.

63. Физическая география Республики Казахстан // под ред К.М. Джаналеевой. – Алма-Ата, 1998.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Қазақстанда географияны оқыту әдістемесінің қалыптасуы	5
1.1. География ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар мен педагогтар	5
2. Географиялық білім түрлері және оны тексеру жолдары	10
2.1. Географиялық білім беру түрлері	10
2.2. Теориялық және эмпирикалық білім түрлері	13
2.3. Оқушылардың білім сапасын арттыру	16
2.4. Оқушылардың білімін бағалау және тексеру	17
3. География пәнінің сабақтары	23
3.1. Сабақ жүйесінің даму тарихы.....	23
3.2. География пәніндегі сабақтардың түрлері.....	27
4. Географияны оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдер	39
4.1. Оқытудың теориялық әдістері	39
4.2. Географияны оқытудағы көрнекілік және сарамандық әдістер.....	48
4.3. Географиялық иллюстрация және олармен жұмыс істеу әдістері.....	48
4.4. Карта және басқа да картографиялық шығармалармен жұмыс істеу әдістері	51
5. География пәнінен орындалатын өзіндік жұмыстар	53
5.1. Өзіндік жұмыс – кәсіби біліктілік көзі.....	53
5.2. Оқулықпен жұмыс істеу әдісі	55
5.3. Өзіндік жұмыстың баланы оқыту мен тәрбиелеудегі игі ықпалы	65
5.4. «Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясы» пәндерін оқытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру формалары	69
6. География сабағындағы ойындар	97
6.1. География сабағындағы ойындар	97
6.2. Жазба түрінде ойналатын ойындар	102
6.4. Іскерлік ойындар	111
7. Сыныптан тыс жұмыстар	113
7.1. Сыныптан тыс жұмыстар туралы түсінік	113
7.2. Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты мен міндеті	114
7.3. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері	116

8. Географиялық экскурсиялар	119
8.1. Географиялық экскурсиялар және оның түрлері	119
8.2. Мұғалім мен оқушылардың экскурсияға дайындалуы	127
8.3. Материалдарды экскурсиядан кейін талқылау	131
8.4. Мұражайларға экскурсия	133
8.5. Географиялық экскурсияны жоспарлау	136
9. Мектептегі географиялық үйірмелер	141
9.1. Мектептегі географиялық үйірмелердің ұйымдастырылуы мен мақсаты	141
9.2. Географиялық апталықтар мен кештер.....	145
9.3. Географиялық көрмелер	146
9.4. Мектеп географиясындағы өлкетану жұмыстары	150
10. Мектептегі география кабинеті	159
10.1. География кабинетінің жабдыкталуы	159
10.2. Географиялық алаң	163
10.3. География пәнінің мұғалімі	164
Әдебиеттер	169

Оқу басылымы

*Ақашева Әтіркүл Сапарбекқызы
Дүйсебаева Күлзада Жұмабекқызы*

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу-әдістемелік құралы

*Редакторы Гүлжан Рүстембекова
Компьютерде беттеген Сәуле Сарпекова
Мұқабасын көркемдеген Ринат Сқақов*

ИБ №6430

Басуға 14.05.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Көлемі 10,875 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №483
Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.